

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Заң факультеті

Қылмыстық құқық және процесс кафедрасы

Б.З.Байсарин

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ
(ЕРЕКШЕ БӨЛІГІНІҢ) КЕЙБІР БАПТАРЫНЫҢ ҚЫЛМЫС ҚҰРАМЫН
САРАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

(Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Кодексі
бойынша)

оқу-әдістемелік құрал

Қостанай, 2017

УДК 343.3/7 (574)

ББК 67.408.1

Б18

Рецензенттер:

Б.Тұрлыбеков - заң ғылымдарының кандидаты, доцент, Заң факультетінің деканы.

Г.Хакимова - заң ғылымдарының кандидаты, доцент, «Азаматтық құқық және процесс» кафедрасының меңгерушісі.

А.Алматов - Қостанай облысы Ішкі істер департаментінің Тергеу басқармасының бастығы

Автор:

Байсарин Бейбіт Зейноллаұлы, аға оқытушы

Байсарин Б.З.

Б18

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығының (Ерекше бөлігінің) кейбір баптарының қылмыс құрамын саралау ерекшеліктері.

Оқу-әдістемелік құрал. Б.З.Байсарин- Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2017.- 92 бет.

ISBN 978-601-7933-04-3

Қылмыстық Заңға жыл сайын көп өзгерістер енгізіліп отырады. Осы Заңның ағымынан қалып қоймас үшін бұл оқу материалдарында соңғы қабылданған Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығының (Ерекше бөлігінің) кейбір баптарының қылмыс құрамын саралау ерекшеліктері көрсетілген. Сондықтан ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал білім алушыларға өздерінің білімдерін, Заң талабына сай жетілдіруге мүмкіншілік жасайды.

Бұл оқу-әдістемелік құралды, тек қана күндізгі оқу бөлімінің білім алушылары ғана емес, сонымен қатар сырттай оқитын білім алушыларға және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қолдануға болады.

5В030100 – Құқықтану мамандығы бойынша күндізгі оқу бөлімінің білім алушыларына арналған.

УДК 343.3/7

ББК 67.408.1

Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің оқу әдістемелік кеңесімен бекітілген, хаттама № 2 01.03.2017ж.

ISBN 978-601-7933-04-3

© Байсарин Б.З.

Қостанай мемлекеттік университеті, 2017

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1Тақырып. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығының Ерекше бөлігінің түсінігі. Қылмысты саралаудың ғылыми негіздері.....	5
2Тақырып. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	14
3 Тақырып. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	23
4Тақырып. Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	26
5Тақырып. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар.....	30
6Тақырып. Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	33
7 Тақырып. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	36
8 Тақырып. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	41
9Тақырып. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	50
10Тақырып. Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	53
11Тақырып. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	56
12Тақырып. Халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	61
13 Тақырып. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	67
14 Тақырып. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	70
15 Тақырып. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	74
16 Тақырып. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	78
17Тақырып. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	83
18 Тақырып. Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	86
19 Тақырып. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар.....	89
Пайдаланылған дереккөздер тізімі.....	91

КІРІСПЕ

Оқу-әдістемелік құралдары – жалпы оқу үрдісіндегі негізгі, ұйымдық және білім алушыға таңдаған мамандығы бойынша дұрыс бағыт-бағдар беретін буыны болатындықтан, олар жаңа талаптарға сай болуы тиіс. Білім алушыға өзіндік дайындалуға ұсынылатын тақырып бойынша бағыт-бағдар, мағұлмат беріп қана қоймай, оқушының өзінің ой-өрісін одан әрі дамытып, ойлану, іздену қабілетін жетілдіруге ықпал ететін тетігі болып табылады. Сондықтан Заң талабынан қалып қоймас үшін, Заңға өзгертулер енгізілуге байланысты, оқу-әдістемелік құралдары да жаңғыртылып отыруы тиіс.

Біздің елімізде өркениетті елдер қатарына кіру үшін болып жатқан әлеуметтік, саяси, экономикалық өзгеріс – жаңғырулар қоғамның құқықтық саласындағы өзгерістерге де әсерін тигізді. Қазақстанда жүргізіліп жатқан кешенді өзгерістер жана негіздерсіз жүзеге асырылуы мүмкін емес. Соңғы жиырма жыл ішінде бірқатар заңдар: Конституция, Азаматтық кодекс, Қылмыстық-атқару кодексі және т.б. қабылданды. Солардың ішінде, 1997 жылы қабылданған және 1998 жылдан бастап қолданысқа енгізілген Қылмыстық кодексте бар. Бұл Кодекс қазіргі таңда 2014 жылдың 3 шілдесінде қабылданған №226-V Қазақстан Республикасының Заңы бойынша күшін жойып, жаңа Қылмыстық кодексі 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап өз күшіне енді.

Қылмыстық құқық - қылмыстылықты және қоғамдық қатынастар жүйесіне қауіпті іс-әрекет үшін қолданылатын жазаны айқындайтын заң нормаларының жиынтығынан тұратын құқық саласы. Сондай-ақ құқықтың тиісті саласын зерделейтін ғылым мен оқу пәні де Қылмыстық құқық болып табылады. Қылмыстық құқықтың негізгі қағидаттары: заңдылық, ізгілік, жеке бастың жауаптылығы, жазадан құтылмайтыны, әділеттілік, айыптылық қағидаты. Қылмыстық құқық қоғамдағы конституциялық, азаматтық, еңбек, әкімшіліктік, қаржы салаларымен реттелетін қатынастарды қорғайды. Мысалы, меншік, ең алдымен, азаматтық құқық нормаларымен реттеліп, қорғалады, бірақ меншікті қылмыстық қол сұғушылықтан (ұрлық, алаяқтық, тонау, қарақшылық) қорғау қылмыстық құқықтың міндетіне жатады. Қылмыстық-құқықтық нормалар тек қана тыйымдардан құралады. Осыған орай қылмыстық-құқықтық қатынастар бір жақты сипатта болады: қылмыскер жазаға тартылуға тиіс, ал мемлекет сот органдары арқылы оны жазалауға құқылы.

Жоғарыда атап өткендей заңдар бір орнында тұрмайды әрдайым әлеуметтік, саяси, экономикалық өзгерістерге байланысты оларға да өзгерістер енгізіліп отырылады. Осыған байланысты, осы оқу құралы Қылмыстық кодекстің кейбір баптарын саралау ерекшеліктері, заң талабына сай өзгертіліп жасалынған.

1 Тақырып. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығының Ерекше бөлігінің түсінігі. Қылмысты саралаудың ғылыми негіздері

Мақсаты: білім алушыларға Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлігінің түсінігін, қылмысты саралаудың ғылыми негіздерін мәлімдеу.

Жоспар:

1. Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлігінің түсінігі және оның маңызы.
2. Кодексте қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру.
3. Қылмысты саралаудың ғылыми негіздері.

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығының Ерекше бөлігі қылмыстың объектілерінің түрлеріне байланысты 18 тарауға бөлінген, әрбір тарау қылмыстың жеке түрлеріне қылмыстық жауаптылық негіздерін және осы қылмыстардың құрамының белгілерін, сондай-ақ оған тағайындалатын тиісті жаза түрлерін белгілейтін нормалардың жиынтығы болып табылады.

Қылмыстық құқықтың Жалпы бөлігінде қылмыс туралы ұғым, жаза түрлерінің тізбегі, қылмыстық жазадан және жауаптылықтан босатудың жалпы қағидалары сөз болса, ал Ерекше бөлігінде нақты қандай қоғамға қауіпті іс әрекеттің қауіпті қылмыс болатыны жасалған қылмысқа қылмыстық құқықтың Жалпы бөлігінің нормаларымен белгіленген нақты бір жаза түрін тағайындау мәселелері қарастырылады. Қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөлігі өзара тығыз байланыста болады, осы екі бөліктің жиынтығы Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығын құрайды. Қылмыстық құқықтың өзін Жалпы және Ерекше бөлік деп бөлудің себебі, осы пәнді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан терең оқытудың қажеттігінен туындап отыр. Өйткені Қылмыстық құқықтың Жалпы бөлігіндегі теориялық мәселелерді Ерекше бөліктің әрбір бабы бойынша тағы да қайталамау үшін, сондай-ақ Ерекше бөліктегі жеке қылмыстардың құрамының белгілерін қайталап сипаттап жатпау үшін осы пән екі бөлікке бөлініп оқытылады. Негізінен алғанда Жалпы және Ерекше бөлік тұтастай бір қылмыстық құқық ғылым пәнін құрайды.

Жалпы және Ерекше бөліктердің бірлігі тергеу, анықтау және сот тәжірибесінде айқын көрінеді. Жалпы бөліктің нормаларын басшылыққа алмайынша Ерекше бөліктің нормаларын қолдану мүмкін емес, немесе керісінше Ерекше бөлік нормалары болмаса жалпы бөлік нормаларының іске асырылуы мүмкін емес.

Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқықтың нақты белгілері бір бабы бойынша қылмыстық құқықтың Ерекше бөлігінде көрсетілген қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін Жалпы бөлікте көрсетілген нормаларға соқпай өтуге болмайды. Мысалы, кінәнің нысандары және олардың мазмұны, қылмыстық жауаптылықты белгілейтін жас мөлшері, қылмысқа қатысудың ұғымы, қылмысқа қатысу нысандары және қатысушылардың түрлері, қылмысқа дайындық немесе оқталғандық сияқты түсініктер тек қана Жалпы бөлікте айқындалған. Істелген қылмысқа жаза тағайындалғанда да Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлігіндегі нормаларды айналып өтуге болмайды. Өйткені жазаның ұғымы мен мақсаттары, жазаның түрлері, жаза тағайындаудың жалпы негіздері қылмыстық жауаптылықтан және жазалардан босату тек қана Жалпы бөлікте көрсетілген.

Қылмыстық құқықтың нормаларының Жалпы және Ерекше бөліктерінің осындай бірлігі олардың алға қойған мақсаттарынан да айқын көрінеді. Жалпы және Ерекше бөліктердің мақсаты қоғамға қауіпті іс-әрекеттерге заңдылық баға беріп, істелген қылмыс үшін заңда белгіленген жазаны әділ қолдану болып табылады.

Ерекше бөлік туралы жоғарыда айтылған анықтамаларды басшылыққа ала отырып, қылмыстық құқықтың Ерекше бөлігі курсының пәні туралы мәселені шешуіміз қажет.

Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлігі курсының пәні дегеніміз қылмыстың жеке түрлеріне қылмыстық жауаптылық белгілеу және осы қылмыстың құрамының белгілерін, оларға тиісті жазаны анықтайтын нормалардың мазмұнын ашу болып табылады.

Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлігінің нормаларының нақты мазмұнын ашу дегеніміз жекелеген қылмыс құрамының ерекшеліктерін анықтау, яғни қылмыс құрамына заңдылық талдау жасау болып табылады. Кез-келген нақты қылмыс құрамының дұрыс анықтау мүмкіндігі ең алдымен оларға тән қылмыс объектісінің, субъектісінің, субъективтік және объективтік жақтарының белгілерінің ерекшеліктерін дұрыс, дәлме-дәл ашқанда ғана жүзеге асырылады. Бұл кез-келген жекелеген қылмыс құрамына тән заңдылық.

2. Кодексте қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру. ҚР қылмыстық кодексінің 3-бабында кодексте қамтылған ұғымдардың, егер заңда ерекше нұсқаулар болмаса, мынадай мағыналары көрсетілген:

1) адамды қанау –

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кінәлі адамның мәжбүрлі еңбекті, яғни адам оны орындау үшін өз қызметтерін ерікті түрде ұсынбаған, осы адамнан күш қолдану немесе оны қолдану қатерін төндіру арқылы талап етілетін кез келген жұмысты немесе қызметті пайдалануы;

-кінәлі адамның алынған табыстарды иемденіп алу мақсатында басқа адамның жезөкшелікпен айналысуын немесе ол көрсететін өзге де қызметтерді пайдалануы, сол сияқты кінәлі адамның осы мақсатты көздемей, адамды сексуалдық сипаттағы қызметтер көрсетуге мәжбүрлеуі;

-адамды қайыршылықпен айналысуға, яғни басқа адамдардан ақша және (немесе) өзге мүлікті сұрауға байланысты қоғамға жат іс-әрекет жасауға мәжбүрлеу;

-кінәлі адам және (немесе) басқа адам үшін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді орындаудан өзіне байланысты емес себептер бойынша бас тарта алмайтын адамға қатысты меншік иесінің өкілеттіктерін кінәлі адамның жүзеге асыруына байланысты өзге де әрекеттер;

2) айтарлықтай залал және айтарлықтай мөлшер – 198 және 199-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын залал мөлшері немесе зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқықтарының құны не авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілері даналарының немесе өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер немесе интегралдық микросхемалар топологиялары қамтылған

тауарлардың құны; 202-бапта – айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын сомадағы залал; 214-бапта – құны бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын тауарлар саны; 218-бапта – екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға қылмыстық жолмен алынған ақша және (немесе) өзге мүлік; 233-бапта – айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын сомада келтірілген залал; 325, 326, 328, 335, 337 және 342-баптарда – қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі; өзге баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын сомадағы залал мөлшері; 366 және 367-баптарда – елуден үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны;

3) аса ірі залал және аса ірі мөлшер – 188, 189, 190, 191, 192, 194, 197, 202 және 204-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын мүлік құны немесе залал мөлшері; 214-бапта – сомасы жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс; 215 және 216-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бес мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен елу мың есе асатын сомада келтірілген залал; 217-бапта – сомасы бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс; 229, 230-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың есе асатын сомадағы залал; 234-бапта – он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын, алып өткізілген тауарлардың құны; 245-бапта – елу мың айлық есептік көрсеткіштен асатын, бюджетке түспеген төлемдер сомасы; 253-бапта – екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны; 307-бапта – сомасы бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс; 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 337 және 343-баптарда – қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі; 365-бапта – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал; 366 және 367-баптарда – он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны; өзге баптарда – айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомадағы залал мөлшері;

4) ауыр зардаптар – осы Кодексте көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайлардағы мынадай зардаптар:

-адам өлімі; екі немесе одан да көп адамның өлімі; жәбірленушінің немесе оның жақынының (жақындарының) өзін-өзі өлтіруі; денсаулыққа ауыр зиян келтіру; екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру; адамдардың жаппай сырқаттануы, ауру жұқтыруы, сәулеленуі немесе улануы; халық денсаулығы мен қоршаған орта жай-күйінің нашарлауы; қаламаған жүктіліктің болуы; техногендік немесе экологиялық зілзалануы, төтенше экологиялық ахуалдың туындауы; ірі немесе аса ірі залал келтіру; жоғары

қолбасшылық қойған міндеттерді орындамай қалдыру; мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіру, апаттар немесе авариялар; әскери бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеті деңгейінің ұзақ уақыт төмендеуі; жауынгерлік міндеттерді орындамай қалдыру; жауынгерлік техниканың істен шығуы; келтірілген зиянның ауырлығын куәландыратын өзге де зардаптар;

5) әкімшілік-шаруашылық функциялар – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

6) әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар – осы Кодекстің 18-тарауында көзделген, әскери қызмет атқарудың белгіленген тәртібіне қарсы бағытталған, шақыру бойынша не келісімшарт бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер, сондай-ақ запастағы азаматтар жиындардан өтуі кезінде жасаған іс-әрекеттер;

7) банда – қаруды не қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып немесе қолдану қатерін төндіріп азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ;

8) басқа механикалық көлік құралдары – тракторлар, мотоциклдер, өздігінен жүретін машиналар (экскаваторлар, автокрандар, грейдерлер, катоктар);

9) билік өкілі – мемлекеттік қызметте жүрген, қызмет бабымен өзіне тәуелді емес адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен билік ету өкілеттіктері берілген адам, оның ішінде құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органның, әскери полиция органының қызметкері, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын әскери қызметші;

10) болмашы мөлшер – 187-бапта – ұйымға тиесілі мүліктің он айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құны;

11) денсаулыққа ауыр зиян – адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті зиян не денсаулыққа: көру, сөйлеу, есту қабілетінен немесе қандай да бір ағзадан айырылуға; ағзаның өз функцияларын жоғалтуына; бет-әлпетінің қалпына келмейтіндей бұзылуына; жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты түрде жоғалтумен ұласқан денсаулықтың бұзылуына; кәсіби еңбек қабілетін толық жоғалтуға; жүктілікті үзуге; психиканың бұзылуына; нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыруға әкеп соққан өзге де зиян;

12) денсаулыққа ауырлығы орташа зиян – адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті емес, денсаулықтың ұзақ уақыт (жиырма бір күннен астам мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (үштен бір бөлігінен кем) тұрақты түрде айтарлықтай жоғалтуға әкеп соққан зиян;

13) денсаулыққа жеңіл зиян – денсаулықтың қысқа мерзімге (жиырма бір күннен аспайтын мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (оннан бір бөлігінен кем) тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан адамның денсаулығына келтірілген зиян;

14) елеулі зиян – осы Кодексте көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайлардағы мынадай зардаптар:

-адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін бұзу; айтарлықтай залал келтіру; жәбірленуші адамда өмірлік қиын жағдайдың туындауы; ұйымдардың немесе мемлекеттік органдардың қалыпты жұмысының бұзылуы; маңызды әскери іс-шаралардың өткізілмей қалуы не әскери бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеті деңгейінің қысқа мерзімге төмендеуі; қарулы топтарды немесе жекелеген қарулы адамдарды, құрлықтағы, әуе немесе теңіз жауынгерлік техникасын дер кезінде байқамау немесе оларға тойтарыс бере алмау, адамдардың және көлік құралдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы кедергісіз заңсыз өтуіне, контрабандалық жүктердің өткізілуіне жол беру, шекараны қорғайтын шекара құрылыстарына, техникалық құралдарға залал келтіретін іс-қимылдарға салғырт қарау; келтірілген зиянның елеулі екендігін куәландыратын өзге де зардаптар;

15) жалдамалы – қарулы қақтығысқа, соғыс қимылдарына немесе мемлекеттің конституциялық құрылысын құлатуға немесе бүлдіруге не аумақтық тұтастығын бұзуға бағытталған өзге де күш қолдану әрекеттеріне қатысу үшін арнайы азғырып көндірілген, материалдық сыйақы алу немесе өзге де жеке басының пайдасы мақсатында әрекет ететін, қақтығысып жатқан тараптың немесе көрсетілген іс-қимылдар қарсы бағытталған мемлекеттің азаматы болып табылмайтын, қақтығысып жатқан тараптың қарулы күштерінің жеке құрамына кірмейтін, өзінің қарулы күштерінің құрамына кіретін адам ретінде ресми міндеттерді атқару үшін басқа мемлекет жібермеген адам;

16) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам – мемлекет функцияларын және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей атқару үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Парламент депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам;

17) жымқыру – бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып, кінәлі адамның немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта жасалған құқыққа қарсы өтеусіз алып қою және (немесе) айналдыру;

18) заңсыз әскерилендірілген құралым – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген, әскерилендірілген типтегі ұйымдық құрылымы бар, жеке-дара басшылыққа ие, соғысқа қабілетті, қатаң тәртіпке бағынған құралым (бірлестік, жасақ, дружина немесе үш және одан да көп адамнан тұратын өзге де топ);

19) коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адам – мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы не

мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйым болып табылмайтын ұйымда тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерді орындайтын адам;

20) көлік – теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, оның ішінде шағын көлемді теңіз және өзен кемелері, әуе, қалалық электр, оның ішінде метрополитен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы магистральдық құбыржол көлігі;

21) қоғамдық бірлестік лидері – өзінің ықпалы мен беделі арқылы осы қоғамдық бірлестіктің қызметіне жеке-дара басқарушылық ықпал жасауға қабілетті қоғамдық бірлестіктің басшысы, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктің өзге де қатысушысы;

22) қылмыстық әрекеттерді үйлестіру – қылмыстарды бірлесіп жасау мақсатында ұйымдасқан топтар (қылмыстық ұйымдар) арасындағы келісу (ұйымдасқан топтар (қылмыстық ұйымдар) басшыларының немесе өзге де қатысушыларының арасында тұрақты байланыстар орнату, қылмыстар жасау үшін жоспарлар әзірлеп, жағдайлар жасау, сондай-ақ қылмыстық ықпал ету аясын, қылмыстық әрекеттен түсетін табыстарды бөлісу);

23) қылмыстық қоғамдастық – бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты бірлесіп жасау үшін сөз байласқан екі немесе одан да көп қылмыстық ұйымның бірігуі, сол сияқты осы қылмыстық ұйымдардың кез келгенінің бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты өз бетінше жасауына жағдайлар жасау;

24) қылмыстық топ – ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда, заңсыз әскерилендірілген құралым;

25) қылмыстық ұйым – қатысушылары ұйымдық, функционалдық және (немесе) аумақтық оқшауланған топтарға (құрылымдық бөлімшелерге) бөлінген ұйымдасқан топ;

26) лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілі функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

27) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметші, мәслихат депутаты;

28) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген азамат; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс

істейтін, еңбекақысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің қаражатынан төленетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйымда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингте, ұлттық холдингте, ұлттық компанияда, ұлттық даму институтында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымға тиесілі заңды тұлғада басқару функцияларын орындайтын адам; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері;

29) сыбайлас жемқорлық қылмыстар – осы Кодекстің 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 215 (екінші бөлігінің 3) тармағында), 216 (екінші бөлігінің 4) тармағында), 217 (үшінші бөлігінің 3) тармағында), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 249 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 307 (үшінші бөлігінің 3) тармағында), 361, 362 (төртінші бөлігінің 3) тармағында), 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 (екінші бөлігінің 2) тармағында) және 452-баптарында көзделген іс-әрекеттер;

30) террористік қылмыстар – осы Кодекстің 170, 171, 173, 177, 178, 184, 255, 256, 257, 258, 259, 260, 261, 269 және 270-баптарында көзделген іс-әрекеттер;

31) террористік топ – бір немесе бірнеше террористік қылмыс жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ;

32) топбастаушы жағдайына ие адам – ұйымдасқан топтардың (қылмыстық ұйымдардың) басшылары қылмыстық әрекеттерді үйлестіру жөнінде өкілеттіктер берген адам не топ мүшелері өздерінің мүдделерін қозғайтын және олардың қылмыстық әрекетінің бағыты мен сипатын айқындайтын, неғұрлым жауапты шешімдерді өз мойнына алу құқығын танитын адам;

33) трансұлттық қылмыстық қоғамдастық – екі немесе одан да көп трансұлттық қылмыстық ұйым бірлестігі;

34) трансұлттық қылмыстық ұйым – екі немесе одан да көп мемлекеттің не бір мемлекеттің аумағында іс-әрекет жасауды ұйымдастыру немесе оның орындалуын басқа мемлекеттің аумағынан басқару кезінде, сол сияқты басқа мемлекеттің азаматтары қатысқан кезде бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсатын көздейтін қылмыстық ұйым;

35) трансұлттық ұйымдасқан топ – екі немесе одан да көп мемлекеттің не бір мемлекеттің аумағында іс-әрекет жасауды ұйымдастыру немесе оның орындалуын басқа мемлекеттің аумағынан басқару кезінде, сол сияқты басқа мемлекеттің азаматтары қатысқан кезде бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ;

36) ұйымдасқан топ – бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсатында алдын ала біріккен екі немесе одан да көп адамдардың тұрақты тобы;

37) ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар – қызмет бабымен бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтарды және өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

38) ірі залал және ірі мөлшер – 185, 186 және 458-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын сомадағы залал; 188, 189, 190, 191, 192, 194, 195, 196, 197, 200, 202 және 204-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын мүлік құны немесе залал мөлшері; 198 және 199-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын залал мөлшері немесе зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқықтарының құны не авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілері даналарының немесе өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер немесе интегралдық микросхемалар топологиялары қамтылған тауарлардың құны; 214-бапта – сомасы он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс; 214, 221, 237, 238, 239, 240, 242 және 243-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал; 215 және 216-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың есе асатын сомада келтірілген залал; 217-бапта – сомасы бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс;

218-бапта – жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға қылмыстық жолмен алынған ақша және (немесе) өзге мүлік; 219, 222, 223, 224, 225, 226, 227, 228 және 241-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал; 220, 229, 230-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомадағы залал; 221-бапта – сомасы жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс; 231-бапта – қолдан жасалған банкноттардың, монеталардың, бағалы қағаздардың, шетел валютасының айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын құны; 234-бапта – алып өткізілген тауарлардың бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын құны; 235-бапта – ұлттық және шетел валютасында қайтарылмаған қаражаттың он бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомасы; 236-бапта – төленбеген кедендік төлемдердің бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын құны; 244-бапта – бюджетке түспеген төлемдердің екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомасы; 245-бапта – бюджетке түспеген төлемдердің жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомасы;

247-бапта – үш жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын, адам алған сома немесе оған көрсетілген қызметтер құны; 253-бапта – бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны; 258-бапта – бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, мүліктің, мүліктік сипаттағы пайданың, көрсетілген қызметтердің құны; 274-бапта – азаматқа айлық есептік

көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал; 292-бапта – жеке тұлғаға айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал; 307-бапта – сомасы бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс; 323-бапта – жалған жасалған дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың немесе медициналық техниканың бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын құны; 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 335, 337, 338, 340, 341 және 343-баптарда – қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі; 344-бапта – екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын залал мөлшері; 350, 354, 355 және 356-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын мөлшерде келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын мөлшерде келтірілген залал; 365-бапта – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал; 366 және 367-баптарда – үш мыңнан асатын, он мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны; 399-бапта – арнайы техникалық құралдардың бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын құны; өзге баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын сомадағы залал мөлшері;

39) экстремистік қылмыстар – осы Кодекстің 174, 179, 180, 181, 182, 184, 258, 259, 260, 267, 404 (екінші және үшінші бөліктерінде) және 405-баптарында көзделген іс-әрекеттер;

40) экстремистік топ – бір немесе бірнеше экстремистік қылмыс жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ;

41) электрондық жеткізгіш – есептеу техникасы құралдарының көмегімен өңделетін ақпаратты жазу, сақтау және тыңдап-көрсету үшін пайдаланылатын материалдық жеткізгіш.

3. Адамды қылмыстық жауапқа тарту оның іс-әрекетінде белгілі, нақты бір немесе бірнеше қылмыс құрамының белгілері бар болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Мысалы, кісі өлтіру, бұзақылық, тағылық, әйелді зорлау, тағы басқалары. Қоғамға қауіпті, қылмыстық заңға қайшы істелген іс-әрекетті нақты бір қылмыс құрамына жатқызу және осы іс-әрекетке Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптар бойынша құқықтық баға беруді қылмыстық құқық теориясы қылмысты саралау деп айтады. Қылмыс дұрыс саралау құқық қолдану органы қызметкерінің қызметтік борышы, негізгі міндеті.

Қоғамға қауіпті қылмыстық құқыққа қайшы іс-әрекеттерді Қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөлімдеріндегі баптарға дәлме-дәл жатқызу, дұрыс саралау-заңдылық принципін бұлжытпай жүзеге асырудың шарты болып табылады.

Қылмысты дұрыс сараламаудың өзі қылмыстық құқықтың алға қойған басты мақсаттарының бірі жасалған іс-әрекеттерге дұрыс, әділ жаза тағайындау принципіне қайшы келеді.

Қылмысты дұрыс саралау қылмыстылықтың жағдайын, деңгейін, құрылысын, қозғалысын дұрыс анықтауға мүмкіндік береді. Істелген қылмыстың статистикалық есебін нақты белгілемейінше, ол құбылыспен тиімді күрес жүргізу мүмкін емес. Сол себепті де қылмыспен тиімді күрес жүргізу үшін оның жағдайын, сандық, сапалық көрсеткіштерін, жасаған қылмыстардың мәнін, қылмыскердің тұлғасын толық ашу қажет. Бұл мәселелерді анықтамай тұрып, қылмыспен күресу жүргізу өзінің оңды нәтижелерін бермейді. Қылмысты дұрыс саралау сот төрелігін әділ жүзеге асырудың кепілі және заңдылық, әділеттілік принциптерінің іске асырылуының басты шарты болып табылады. Құқық қорғау және құқық қолдану органдары беделінің мәртебесінің биік болуы да істелген іс-әрекетке дұрыс, заңды баға беруіне де тікелей байланысты. Заңға негізделген әділ үкім сот органдарының беделін нығайтады.

2 Тақырып. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларды жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтармен таныстыру, олардың түрлерін ұғындыру

Жоспар:

1. Өмірге қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
2. Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің бірінші тарауы жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға арналған. Осы тарауға кіретін барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісі жеке адамның дұрыс іс-қызметін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар болып табылады. Тікелей объектілерінің ерекшеліктеріне қарай жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Өмірге қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (99-105 баптар.).
2. Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (106-119 баптар.).
3. Жеке адамның бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (125-128 баптар.).
4. Жеке адамның ар-намысына және адамгершілігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (130,131 баптар.).
5. Жыныстық қылмыстық құқық бұзушылықтар (120-124 баптар.).

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық кодексінде тұңғыш рет адам өлтірудің заңдылық түсінігі берілген. «Адам өлтіру, яғни басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату» деп жаңа Қылмыстық кодекстің 99 бабында тура көрсетілген. Осыған орай абайсызда қазаға ұшырату заң бойынша адам өлтіру деп танылмайды. Бірақ топтық және тікелей объект

белгісіне сәйкес бұл қылмыс құрамы (абайсызда қазаға ұшырату) жеке адамға қарсы қылмыс үшін жауаптылық көзделген тарауда орналасқан. Өмірге қарсы қылмыстың, соның ішінде адам өлтірудің де тікелей объектісі адамның өмірі болып табылады.

Адам өлтірудің объективтік жағы басқа адамды өмірінен заңсыз айырумен көрінеді. Қылмыстың аяқталуы үшін адамды өмірінен айыруға бағытталған іс-әрекеттің және соның зардабынан адам өлуінің арасындағы себептік байланыстың болуын айқындау қажет.

Адам өлтірудің объективті жағының екінші белгісі қылмыстың зардабы жәбірленушінің өлімі болып табылады.

Келтірілген зардапты кінә деп жүктеу үшін болған өлім мен субъектінің әрекеті мен әрекетсіздігі арасындағы себептік байланыстың болуы негізгі болып табылады. **Адам өлтіру – материалдық құрамға жататын қылмыс.** Қылмыстың субъективтік жағы кінәнің қасақана жасалуымен сипатталады.

Қасақана адам өлтірудің субъектісі 14 жасқа толған жеке тұлға болып табылады, ал Қылмыстық кодекстің 98-105 баптарында көрсетілген жағдайларда адам өлтірудің субъектісі 16 жасқа толған адамдар болып табылады.

Қылмыстық кодекстің 99 бабының 1 бөлігінде көзделген адам өлтіру-адам өлтірудің қарапайым деп аталатын түріне жатады. Бұған мынадай адам өлтіру түрлері жатады: қызғаныштан, төбелес кезінде немесе ұрыс-керіс үстінде (бұзақылық себептер болмағанда), жәбірленушінің заңсыз әрекеттеріне байланысты, жеке қарым қатынас негізінде туындаған жағдайлармен байланысты болған адам өлтіру оқиғалары.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде адам өлтіруінің негізгі құрамы мен ауырлататын жағдайында адам өлтірудің құрамы бір бапқа біріктірілген.

Ауырлататын жағдайлардағы адам өлтіру - Қылмыстық кодекстің 99 - бабының 2- бөлігінде көзделген:

а) екі немесе одан да көп адамды өлтіру (99 -бап. 2- бөлігінің «1» тармақшасы).

Жәбірленушілердің өлуі бір мезгілде болады. Мынадай жағдайдың да болуы мүмкін: кінәлі әуелі бір адамды өлтіреді, содан соң біршама уақыт өткеннен кейін, әдетте көп кешікпей, басқа адамды өлтіреді. Оның бір адамды емес, екі немесе одан да көп адамды өлтіру ниетінің болғандығын дәлелдеудің маңызы бар. Мұндайда әр адамды өлтіру себептері бірдей болмауы мүмкін. Біреуін, ол мысал үшін- кек алу мақсатында, ал екіншісін бірінші кісі өлтіруді жасыру мақсатында өлтіреді. Сонымен бірге екінші адамды өлтіру ниеті бірінші кісі өлтіруден кейін емес, оған дейін пайда болған. Осы жағдайларда кінәлінің әрекеті осы «а» тармақшасымен сараланады.

б) адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына не кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамды немесе оның жақындарын өлтіру (ҚК 99- бап. 2- б. «2» т.).

Мұндай адам өлтіру кінәлінің жәбірленушіні немесе оның жақын туыстарын олардың қызметтік немесе қоғамдық борышын орындауына кедергі

келтіру мақсаттарында, немесе олардан осындай әрекеттері үшін кек алу мақсатында жүзеге асырылады.

в) кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамды, сол сияқты адамды ұрлаумен не кепілге алумен ұштасқан (96-бап. 2 -б. «3» т.).

Жас шамасының өте кішілігіне немесе кәрілігіне, дене мүшелерінің кемістігіне, аурулығына, соның ішінде жүйке ауруға шалдығу, ақыл-есінен уақытша айырылу немесе ақыл-есінің әлсіреумен байланысты болған, оның дене мүшелерінің немесе психикалық жай-күйінің салдарынан кінәліге қарсылық көрсете алмаған немесе оны өмірінен айыруға жасаған әрекетінің сипатын түсінбеу жағдайын жәбірленуші адамның дәрменсіздік жай-күйі деп түсіну керек.

г) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелді (ҚК 96-бап 2-б «4» т).

Адам өлтірудің бұл түрі жәбірленушінің айрықша жағдайына орай көтеріңкі қоғамдық қауіптілікпен сипатталады. Осы құрамның болуы үшін ең алдымен екі міндетті белгінің болуы шарт. Жәбірленуші кез келген ұзақтықтағы жүктілік жағдайында болуы және ол туралы айыпкердің білуі керек. Бұл жағдайда осы жайдың толық растығына оның күмәнінің болған болмағандығы маңызды емес, ең бастысы ол жәбірленушінің жүкті екендігі туралы жәбірленушінің өзінен немесе бұл туралы басқалар арқылы хабардар болады. Бұл жерде оның жүктілік мерзімі, ұрықтың өміршең еместігі, әйелдің жүкті екендігі жөнінде тиісті емдеу мекемелерінде есепте тұрған тұрмағандығының оған қатысы жоқ.

Егер айыпкер жүктілік жөнінде қателесіп, жүкті емес әйелді жүкті әйел екен деп өлтірсе, онда оның әрекеті қылмыстық ниеттің бағытына қарай осы тұрғыдағы қылмысқа оқталғандық ретінде сараланады (ҚК 24-бап. 3-б, 99-бап, 2 – б. «4» т).

д) Аса қатыгездікпен жасалған адам өлтіру (99-бап 2-б «5» т.).

Адамды өмірінен айыру жәбірленушіні айырықша қорлау мен қинауға байланысты әдіспен жасалады: көптеген жарақат салу, тірідей өртеу, алдын ала, біртіндеп дене мүшелерін кесу, азаптау, әсер ететін уды қолдану, ұзақ уақытқа судан, жылудан айыру және басқалар.

Айрықша қатыгездікпен адам өлтіруге, сондай ақ жәбірленушіні оған жақын адамдардың; балаларының, ата аналарының, қалыңдығының және т.б. көзінше, кінәлінің өз әрекеті арқылы оларды ерекше күйзеліс пен қайғы қасіретке әкелетінін біле тұрып, өлтіруі де жатқызылады.

е) Басқа адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған адам өлтіру (99-бап 2-б «6» т.). Бұл тармақпен қылмыскердің әрекетін саралағанда анықтауымыз керек, кінәлінің бір адамды өлтіремін деп жасаған тәсілінің, тек қана жәбірленушіге ғана қауіпті емес екенін білуін. Сондықтан ең маңыздысы қылмыс жасау тәсілі- көптеген адамдардың өміріне қауіпті болуы (от жандыру, жарылыс жасау, автоматтан оқ ату арқылы көп адамдар бар жерде, көлікті бүлдіру арқылы, егер ішінде көп адам болса).

ж) Адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы, қылмыстық топ жасаған (99-бап, 2-б, «7» т). Қылмыс жасауға екі немесе одан

да көп орындаушы күні бұрын сөз байласпай бірлесіп қатысса, ол адамдар тобы жасаған қылмыс деп танылады. Ал егер қылмысқа бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол адамдар тобы алдын ала сөз байласып жасаған қылмыс деп танылады. Қылмыстық топ дегеніміз – ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда, заңсыз әскерилендірілген құралым.

з) пайдакүнемдік ниетпен, сол сияқты жалдау бойынша не қарақшылықпен немесе қорқытып алумен ұштасқан адам өлтіру (99-бап, 2-б, «8» т). Пайда табу мақсаты болып, адамды өлтіру арқылы заңсыз материалдық пайда табу (өзінің бәсекелесін жою, мүліктік құқыққа ие болу, материалдық шығыннан арылу, жалданып өлтіргені үшін сый ақы алу).

и) Бұзақылық ниетпен адам өлтіру (99-бап, 2-б, «9» т) қоғамды және жалпыға бірдей қабылданған моральдық нормаларды ашықтан-ашық сыйламаудың негізінде жасалады, кінәлінің мінез-құлқы қоғамдық тәртіпке ашық қарсы шыққан және өзін төңірегіндегілерге қарсы қою, соларға деген қарсылығын көрсету мақсатында жүзеге асырылады. Көбінесе бұл қылмыс себепсіз немесе болар-болмас нәрсені адам өлтіруге ілік ретінде пайдаланумен жасалады.

к) Басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен жасалған, сол сияқты зорлаумен немесе сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерімен ұштасқан (99-бап, 2-б, «10» т). Бұл тармақтың бірінші түрі бойынша жауаптылық болады, егер адамды бұрын жасаған қылмысын жасыру үшін, немесе жасайын деп жатқан қылмыстық әрекетін жеңілдету үшін өлтірсе. Мысалы қарақшылық кезінде жәбірленушіні өлтіру, немесе қоймаға кіру үшін күзетшіні өлтіру. Ал екінші түрі бойынша зорлау кезінде жәбірленушінің қарсылығын басу үшін, не болмаса осы қылмысты жасағаннан кейін.

л) Әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық не қанды кек уәжі (себебі) бойынша (99-бап, 2-б, «11» т). Бұл қылмыстың себебі жәбірленушіні: әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діндік жағдайы бойынша кемсіту, өшпенділік, араздық, кінәлінің жәбірленушіден өзін жоғары қоюы. Қанды кек бойынша, белгіленеді қанды өкпе, туысының өлімі бойынша кек алу. Бұл қылмыстың субъектісі болуы мүмкін тек қана, осындай әдет ғұрып сақталған ұлттың, халықтың өкілі. Сондықтан кінәлінің осыларға жататындығын білуіміз керек.

м) Жәбірленушінің ағзаларын немесе тінін пайдалану мақсатында жасалған адам өлтіру (99-бап, 2-б, «12» т.). Медицинаның дамуына байланысты адамдардың мүшелерін немесе тінін бір адамнан, бір адамға салу мүмкіншілігі пайда болды. Адамның мүшелері немесе тіні өте қымбат тұратындықтан және бұларға сұраныс ұлғайған сайын, пайда табу мақсатта адамды өлтіру түрі пайда болды. Адам өлтіру, тек қана пайда табуда емес, медициналық тәжірибе немесе «игілік сезімде», өзінің жақын адамын құтқару үшін болу мүмкін.

н) Бірнеше рет жасалған адам өлтіру (99-бап, 2-б, «13» т). Егер адам бұрын адам өлтіргені үшін сотталмаған не заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған болса, қылмыс бірнеше рет жасалған деп танылады.

о) Көрінеу кәмелетке толмаған адамды өлтіру (99-бап, 2-б, «14» т). Кінәлінің жәбірленуші баланың кәмелеттік жасқа толмағанын қылмыс жасаған уақытта анық білуі.

п) Төтенше ахуал кезінде немесе жаппай тәртіпсіздік барысында жасалған адам өлтіру (99-бап, 2-б, «15» т). Жаппай тәртіпсіздікке- күш қолданумен, қиратумен, өртеумен, бұзумен, мүлікті жоюмен, атыс қаруын, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын қолданумен, сондай-ақ билік өкіліне қарулы қарсылық көрсетумен ұласқан әрекеттер жатады.

Өмірге қарсы қылмыстардың басқа түрлері:

1. Жаңа туған баланы анасының өлтіруі (100-бап)
2. Аффект (жан күйзелісі) жағдайында жасалған адам өлтіру (101-бап)
3. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде, қылмыс жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралардың шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (102-103-баптар)
4. Абайсызда қазаға ұшырату (104-бап)
5. Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (105-бап)

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде адам денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға мыналар жатады: 106-119 баптар.

Дене жарақатының объектісі - бөгде адамның қалыпты денсаулығы болып табылады.

Адам денсаулығына қарсы қылмыстардың объективтік жағы-басқа адамның денсаулығына, құқыққа қайшы әрекеттер мен әрекетсіздіктер арқылы зиян келтірумен көрініс табады. Әрекетсіздік арқылы да дене жарақаты келтірілуі мүмкін, егер белгілі бір адам өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамаса.

Дене жарақатын келтірудің субъективтік жағы 2 нысаннан тұрады:

- 1) қасақана (тікелей және жанама);
- 2) абайсызда (менмендік және немқұрайдылық).

Субъектілері:

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 15-бабының 2-бөлігінде көрсетілген дене жарақатын салумен байланысты мына қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған есі дұрыс субъектілер үшін 14 жас белгіленеді: 106- бап, 107 -баптың 2 -бөлігінде.

Ал мына дене жарақаттарын салған үшін заң бойынша есі дұрыс субъектілер үшін 16 жас белгіленеді: 108-119-баптар.

106-бап. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру

Ауыр дене жарақатын салу түсінігі мен түрлеріне тоқталсақ, ҚР ҚК 3-ші бабының 11 тармағында былай делінген: «Денсаулыққа ауыр зиян – адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті зиян не денсаулыққа: көру, сөйлеу, есту

қабілетінен немесе қандай да бір ағзадан айырылуға; ағзаның өз функцияларын жоғалтуына; бет-әлпетінің қалпына келмейтіндей бұзылуына; жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты түрде жоғалтумен ұласқан денсаулықтың бұзылуына; кәсіби еңбек қабілетін толық жоғалтуға; жүктілікті үзуге; психиканың бұзылуына; нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыруға әкеп соққан өзге де зиян».

Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірудің дәрежеленген түрлері 106-баптың, 2,3-бөліктерінде көрсетілген.

2-бөлігінде:

1) екі немесе одан да көп адамға қатысты;

2) адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына немесе кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауға байланысты осы адамға немесе оның жақындарына қатысты;

3) кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамға қатысты, сол сияқты адамды ұрлаумен не кепілге алумен ұштасқан;

4) аса қатыгездікпен;

5) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;

6) пайдакүнемдік ниетпен, сол сияқты жалдау бойынша;

7) бұзақылық ниетпен;

8) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша;

9) жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін пайдалану мақсатында;

10) бірнеше рет жасалса;

11) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалса;

12) төтенше ахуал кезінде немесе жаппай тәртіпсіздік барысында жасалған дәл сол іс-әрекет.

Ал 3-бөлігінде:

106- баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан не қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер көрсетілген.

107-бап. Денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру.

Денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру дегеніміз – адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті емес, денсаулықтың ұзақ уақыт (жиырма бір күннен астам мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (үштен бір бөлігінен кем) тұрақты түрде айтарлықтай жоғалтуға әкеп соққан зиян.

Ауыр зиянға қарағанда орташа ауырлықтағы зиян келтіру мынадай өзіндік белгілермен сипатталады:

1) адамның өміріне қауіптіліктің болмауынан;

2) кодекстің 106 бабында көрсетілген зардаптарға әкеп соқпауынан;

3) денсаулықтың ұзақ уақытқа бұзылуына;

4) жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты жоғалтуға әкеліп соғумен.

Субъективтік жағынан көрсетілген қылмыс тікелей немесе жанама қасақаналықпен істеледі. Қылмыстың субъектісі 107 баптың 1 бөлігі бойынша 16-ға толған, ал осы баптың 2 бөлігі бойынша 14-ке толған есі дұрыс адам болады.

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы «20» мамыр_№ 368 бұйрығымен бекітілген сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу туралы нұсқаулық бойынша, денсаулыққа келтірілген орташа зиянның белгілері:

1) денсаулықтың ұзақ бұзылуы - 3 аптадан артық бұзылуы (21 күннен астам), денсаулыққа келтірілген зиянға тікелей байланысты аурулар немесе ұзақтығы үш аптадан артық (21 күннен астам) қандайда бір орган функциясының бұзылуы түріндегі салдар жатады;

2) жалпы еңбекке қабілеттілікті айтарлықтай тұрақты жоғалту (10-33%-ды қоса алғанда).

108-бап. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру

Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру дегеніміз денсаулықтың қысқа мерзімге (жиырма бір күннен аспайтын мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (оннан бір бөлігінен кем) тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан адамның денсаулығына келтірілген зиян

109-бап. Ұрып соғу

Тән ауруына ұшырататын, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау

110-бап. Қинау

Қылмыстық кодекстің 106 және 107 баптарында сипатталған зардаптарға әкеп соқпаған жағдайда адамды ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері жолымен тән зардабын немесе психикалық зардап шектіргені үшін жауаптылық белгіленген.

Объективтік жағынан алғанда қылмыс азаптау арқылы-ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері жолымен жүзеге асырылады. Ұдайы ұрып-соғуға жыл ішінде кемінде үш реттен артық ұрып соғу жатады.

Қылмыс субъективтік жағынан қасақаналықпен істеледі. Қылмыстың субъектісі 16-ға толған есі дұрыс адам.

Бұл қылмыстың сараланған түрі:

1) көрінеу кәмелетке толмаған адамға немесе кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі не кінәлі адамға материалдық немесе өзгедей тәуелді адамға, сол сияқты ұрланған не кепіл ретінде қолға түсірілген адамға қатысты;

2) екі немесе одан да көп адамға қатысты;

3) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты;

4) азаптауды қолдану арқылы;

5) жалдау бойынша;

6) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша жасалған дәл сол іс-әрекет.

111-бап. Аффект жағдайында денсаулыққа зиян келтіру.

Қылмыстық кодексте денсаулыққа кенеттен пайда болған аффект жағдайында жасалған, жәбірленушінің тарапынан болған зорлық-зомбылықтан, қорлаудан немесе ауыр балағаттаудан не жәбірленушінің өзге де құқыққа қайшы немесе бейморальдық әрекеттерінен (әрекетсіздігінен), сол сияқты жәбірленушінің жүйелі түрдегі құқыққа қайшы немесе бейморальдық мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психиканы күйзелтетін ахуалдан болған кенеттен туындаған қатты жан күйзелісі (аффект) жағдайында жасалған денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру үшін жауаптылық көзделген.

Қылмыс объективтік жағынан аффекті жағдайында, жәбірленушіге қасақана ауыр зиян келтіру арқылы сипатталады.

Субъективтік жағынан бұл қылмыс қасақаналықпен (тікелей немесе жанама) жүзеге асырылады. Қылмыстық субъектісі 16-ға толған есі дұрыс адам.

112-бап. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру

Қылмыстың объектісі-адамның денсаулығы.

Қылмыс объективтік жағынан алғанда денсаулыққа қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған қасақана ауыр зиян келтіру арқылы сипатталады. Осы бап бойынша тек қасақана ауыр зиян келтірген жағдайда ғана қылмыстық жауаптылық туындайды, қажетті қорғаныс шегінен шығу арқылы басқа жағдайларда келтірілген зиян келтірушілік үшін жауаптылық белгіленбеген.

Қылмыс субъективтік жағынан тікелей немесе жанама қасақаналықпен істеледі. Қылмыс субъектісі 16-ға толған есі дұрыс адам.

113-бап. Қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру

Қылмыстың объектісі-адамның денсаулығы.

Қылмыс объективтік жағынан қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шараларды асыра қолдану кезінде денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру арқылы сипатталады.

Қылмыс субъективтік жағынан қасақаналықпен (тікелей немесе жанама) істеледі.

Қылмыстың субъектісі 16-ға толған кез келген есі дұрыс адам.

114-бап. Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру

Қылмыстың объектісі-адамның денсаулығы.

Қылмыстық кодекстің 114-бабының 1-бөлігінде денсаулыққа абайсызда ауырлығы орташа зиян келтіргені, 2- бөлігінде абайсызда екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіргені, ал 3-бөлігінде ауыр зиян келтіргені үшін жауаптылық көзделген.

Осы баптың 4- бөлігінде абайсызда екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауыр зиян келтіргені үшін жауаптылық белгіленген.

Көрсетілген қылмыс субъективтік жағынан абайсыздықпен (менмендік немесе немқұрайдылық) істеледі.

Қылмыстың субъектісі 16-ға толған есі дұрыс адам.

115-бап. Қорқыту

Өлтірумен немесе денсаулыққа ауыр зиян келтірумен, сол сияқты қорқытудың іске асатынына қауіптенудің жеткілікті негіздері болған кезде адамның жеке басына өзгедей ауыр күш қолданумен не мүлікті өртеп жоюмен, жарылыс жасаумен немесе өзге жалпы қауіпті тәсілмен қорқыту .

116-бап. Адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою

Трансплантациялау не өзгедей пайдалану үшін тірі адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою, сол сияқты тірі адамның ағзалары мен тіндеріне қатысты заңсыз мәмілелер жасасу.

Осы баптың 2-ші бөлігінде келесі сараланған түрлері бойынша жауаптылық көзделген:

- 1) кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамға қатысты;
- 2) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты;
- 3) екі және одан да көп адамға қатысты;
- 4) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;
- 5) бірнеше рет;
- 6) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
- 7) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты;
- 8) алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен;
- 9) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;
- 10) жәбірленушінің материалдық немесе өзгедей тәуелділігін пайдаланып

жасалған дәл сол іс-әрекеттер.

117, 118-баптар. Соз ауруын жұқтыру. Адамның иммунтапшылығы вирусын (ВИЧ; ЖҚТБ) жұқтыруы

117- бап бойынша қылмыстың объектісі адам денсаулығы, ал кейбір соз ауруларын жұқтырғанда адам өмірі де болуы мүмкін. Қылмыстың объективтік жағы, өзінде соз ауруы бар екендігін білген адамның ауыр зардаптарға әкеп соқтырған осындай ауруды басқа адамға жұқтыруы, сондай-ақ екі немесе одан да көп адамға не көрінеу кәмелетке толмаған адамға жұқтыруы арқылы жүзеге асырылады.

Өзінде соз ауруы бар адамның кез келген әрекеттер арқылы (жыныстық қатынас жасау, сүйісу, бір ыдыстан тамақ ішу, гигиеналық тазалықты сақтамау) басқа адамға жұқтыруын осы ауруды жұқтыру деп танылады. Соз ауруларына: сифилис (мерез), гонорея, лимфогранулематоз, соз гранулемасы т.б. жатады.

Осы баптың 2-ші бөлігінде келесі сараланған түрлері үшін жауаптылық көзделген: ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол іс-әрекет, сол сияқты екі және одан да көп адамға не көрінеу кәмелетке толмаған адамға жұқтыру.

Соз ауруларын жұқтыру субъективтік жағынан қасақаналықпен де, абайсыздықпен де (менмендікпен) жасалады.

Қылмыстың субъектісі өзінде соз ауруы бар екендігін білетін 16-ға толған есі дұрыс адам.

Қылмыстық кодекстің 118-бабының 1 -бөлігінде басқа адамды көрінеу ВИЧ/ЖҚТБ –ны жұқтыру қауіпіне душар еткені үшін жауаптылық көзделген. Қылмыстың тікелей объектісі адамдардың өмірі және денсаулығы.

Қылмыс объективті жағынан басқа адамды көрінеу көрсетілген ауруды жұқтыру қаупінде қалдыруы арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыс құрамы *формальдық*, 118-баптың 1-бөлігі бойынша жауаптылық ВИЧ/ЖҚТБ -ауруын жұқтыру қаупін туғызған сәттен бастап аяқталған деп танылады.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен істеледі. Қылмыстың субъектісі 16-ға толған, өзінде иммун тапшылығы вирусы (ВИЧ/ЖҚТБ) бар есі дұрыс адам.

Қылмыстық кодекстің 118-бабының 2-бөлігінде өзінде ВИЧ/ЖҚТБ бар екендігі туралы білетін адамның оны басқа адамға жұқтыруын қарастырған. Бұл қылмыс көрсетілген ауруды нақты жұқтырған уақыттан бастап аяқталған деп танылады. Осы баптың 3 –бөлігінде екі немесе одан да көп адамға, не көрінеу кәмелетке толмағандарға ВИЧ/ЖҚТБ-ны жұқтырғаны үшін жауаптылық белгіленген.

Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттерді жасаған адам, егер АИТВ/ЖИТС жұқтыру қаупіне душар болған не оны жұқтырған басқа адам біріншісінде осы аурудың бар екендігі туралы уақтылы ескертілген және жұқтыру қаупін туындатқан әрекеттерді жасауға өз еркімен келіскен жағдайда, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

3 Тақырып. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларға отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды, олардың түрлерін түсіндіру

Жоспар:

1.Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

2.Кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. (132-135 баптар.)

3.Отбасы мүдделеріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (136-144 баптар.).

1.Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабында «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады» делінген. Осыған орай 1997 жылы қабылданған жаңа Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің 2-тарауында отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар үшін жауаптылық белгіленген.

Осы топқа жататын қылмыстардың объектісі ата-аналар мен балалардың арасындағы отбасылық қатынастар, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың дене бітімі, интеллектуалдық, рухани, адамгершілік тұрғысынан дұрыс дамып, қалыптасу жағдайлары болып табылады.

Бұл тараудағы қылмыстардың объективтік жағы көбіне әрекет арқылы жасалады.

2. 132-бап. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту

Қылмыстың тікелей объектісі – кәмелетке толмағандардың бірқалыпты дамуы және оларға дұрыс тәрбие беру шарттары болып табылады. Қылмыстың жәбірленушісі 18-ге толмаған адам, яғни кәмелетке толмағандар.

Қылмыс объективтік жағынан алғанда әртүрлі әдістер (тәсілдер) қолдана отырып кәмелетке толмаған адамды он сегіз жасқа жеткен адамның қылмыстық іске тарту арқылы жүзеге асырылады. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту деп 18-ге толмағандарды қылмыстың тікелей орындаушысы немесе өзге де көмектесуші болуға жігерлендіруге, ынтасын, шешімін қоздыруға бағытталған іс-әрекеттерді айтамыз. Қылмыстық іске тартудың әдісі заңда тікелей көрсетілмеген, бірақ ол әртүрлі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл әрекет көбінесе психикалық әдістерді қолдану арқылы (қорқыту, уәде беру, алдау) немесе басқа да тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Қорқыту ауызша, жазбаша, телефон арқылы, дене қимылын көрсету арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Қылмыс *формальдық* құрамға жатады. Және ол кәмелетке толмағандарды қылмысқа тартқан уақыттан бастап аяқталған деп табылады.

Қылмыстық кодекстің 132-бабының 1 -бөлігі бойынша онша ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыстарды істеуге кәмелетке толмағандарды тартқан үшін ғана жауаптылық көзделген.

Субъективтік жағынан 132- бапта көзделген қылмыс тікелей қасақаналықпен істеледі. Қылмыстың субъектісі заңда тура атап көрсетілгендей кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тартқан жасы 18-ге толған адам.

Ата – анасы, педагог не кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген өзге адам жасаған нақ сол іс-әрекеттер – осы қылмыстың ауырлататын түрі болып табылады (132-бап. 2- б.).

Осы баптың 1-ші немесе 2- ші бөліктерінде көзделген, күш қолданып немесе оны қолданамын деп қорқытып жасаған іс-әрекеттер (132 -бап. 3- б.) осы қылмыстың тағы бір ауырлататын түрі болып табылады.

Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген кәмелетке толмаған адамды ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға тартуға байланысты іс-әрекеттер (132- бап. 4 -б.) көрсетілген қылмыстың өте ауырлататын түрі болып табылады.

Осы баптың бірінші, екінші, үшінші немесе төртінші бөліктерінде көзделген кәмелетке толмаған адамды қылмыстық топтың қылмыстық әрекетіне тартуға байланысты іс-әрекеттер (132- бап. 5 -б.) көрсетілген қылмыстың өте ауырлататын түрі болып табылады.

133- бап. Кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тарту

Қылмыстың тікелей объектісі кәмелетке толмаған адамның қалыпты дамуы және дұрыс адамгершілікке тәрбиелеу мүддесіне жағдай туғызатын қоғамдық қатынас.

Объективтік жағынан қылмыс кәмелетке толмаған адамды кәмелетке толмаған адамды есеңгірететін заттарды тұтынуға не уытқұмарлыққа не спирттік ішімдіктерді ұдайы тұтынуға, не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуға тарту арқылы сипатталады.

Заң бойынша есірткілік емесе есеңгірететін затқа жататын, арнаулы тізімі бойынша белгіленген осындай заттарды екі немесе одан көп медициналық емес тұрғыда тұтынуға тарту кәмелетке толмаған адамды көрсетілген әрекеттерге ұдайы тарту деп танылады.

Екі немесе одан көп реттерде кәмелетке толмағандарды үнемі спирт ішімдіктерін (арақ-шарап) ішуге тарту осы қылмыстың объективтік жағының бір белгісін жүзеге асырғандық болып табылады.

Қылмыс субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен істеледі. Қылмыстың субъектісі 18-ге толған есі дұрыс адам.

Қылмыстық кодекстің 133-бабының 2- бөлігінде: ата-анасы, педагог не кәмелетке толмаған адамдарды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер өзіне Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген өзге адам жасаған нақ сол іс-әрекет, ал осы баптың 3- бөлігінде, осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде қарастырылған бірнеше рет, не күш қолданып немесе оны қолданамын деп қорқытып жасалған іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық көзделген.

3. ҚК 140-бап. Балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару

Қылмыстың объектісі – кәмелетке толмаған балалардың және кәмелетке толған, бірақ еңбекке жарамсыз балалардың мүліктік жағдайы және еңбекке жарамсыз ата-аналардың өмір сүру үшін қажетті мүліктік жағдайы еңбекке жарамсыз жұбайының (зайыбының) материалдық мүддесі. Еңбекке жарамсыз деп, зейнеткерлік жасқа жеткен, ауырулығы немесе басқадай зақымдалуы бойынша еңбекке жарамсыз және материалдық көмекке мұқтаж жұбайы (зайыбын) айтамыз.

Қылмыстың объективтік жағы ата-ананың кәмелетке толмаған балаларын, сол сияқты он сегіз жасқа толған еңбекке қабілетсіз балаларын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеу жөніндегі міндеттерін үш айдан астам орындамауы не кәмелетке толған еңбекке қабілетті адамның өзінің еңбекке қабілетсіз ата-анасын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеуден үш айдан астам жалтаруы не еңбекке қабілетті адамның еңбекке қабілетсіз және материалдық көмекке мұқтаж жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеуден алты айдан астам әдейі жалтаруы болып табылады.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен істеледі.

Қылмыстың субъектісі ата-аналары, кәмелетке толған балалары және асырап алынған балалары, еңбекке жарамсыз жұбайын сот шешімі бойынша асырауға міндетті некеде тіркелген немесе бұрын некеде тұрған еңбекке жарамды жұбай (зайыбы).

4 Тақырып. Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларға адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігін беру, олардың түрлерін ашып көрсету

Жоспар:

1. Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы және түрлері.

2. Саяси құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (145, 150, 151, 155, 157-баптар).

3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбек қатынасы саласындағы құқыққорғауға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (152, 153, 154, 156-баптар).

4. Жеке құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (146-149, 158, 159- баптар).

1. Қылмыстың топтық объектісі болып азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары саналады.

Қылмыстардың осы тобы қылмыстың тікелей объектісіне сәйкес және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының мәніне қарай, мынадай негізгі топтарға бөлінеді:

1. Саяси құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстардың ұғымы және түрлері.

3. Жеке құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. 145-бап. Адамның және азаматтың тең құқықтылығын бұзу

Қылмыстың тікелей объектісі Қазақстан Республикасының Конституциясының 14- бабының 1-бөлігінде көрсетілген тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, намысына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдайлар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды деген қағида болып табылады.

Қылмыстың қосымша тікелей объектісі адамдардың денсаулығы немесе бостандығы болуы мүмкін. Қылмыстың жәбірленушісі конституциялық тең құқықтылығы заңсыз бұзылған Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар.

Қылмыс объективтік жағынан, адамның (азаматтың) құқықтары мен бостандықтарын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты себептермен

немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша тікелей немесе жанама шектеу арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыс құрамы *формальдық*. Ол осы заңда белгіленген тең құқықтылықтар мен бостандықтарды тікелей немесе жанама шектеу орын алған уақыттан бастап аяқталған деп танылады.

Субъективтік жағынан алғанда аталған қылмыс тек тікелей қасақаналықпен істеледі. Қылмыстың субъектісі 16-ға толған кез келген есі дұрыс адам. Қылмыстың 2-ші бөлігіндегі қылмыс құрамының субъектісі – арнаулы (лауазымды адам немесе қоғамдық бірлестіктің жетекшісі).

150-бап. Сайлау құқықтарын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі жасау

Қылмыстың тікелей объектісі азаматтардың сайлау құқығын дұрыс жүзеге асыруын немесе сайлау комиссиясының жұмысына кедергісіз қатысуын реттейтін қоғамдық қатынастар.

Қылмыс объективтік жағынан алғанда азаматтың өзінің сайлау құқықтарын немесе референдумға қатысу құқығын еркін жүзеге асыруына кедергі жасау, сондай-ақ сайлау комиссияларының немесе референдум өткізу жөніндегі комиссиялардың жұмысына заңсыз араласу және дауыс беруге, кандидатты, партиялық тізімдерді тіркеуге, дауыстарды санауға және сайлаудағы немесе референдумдағы дауыс беру нәтижелерін айқындауға байланысты міндеттерін атқаруына кедергі жасау арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстың 2-ші бөлігінде дәл сол жоғарыда көрсетілген әрекеттер:

а) пара беріп сатып алумен, алдаумен, күш қолданып не оны қолданамын деп қорқытумен ұласса;

б) адам өзінің лауазымын немесе қызмет бабын пайдалана отырып жасаса;

в) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша немесе қылмыстық топпен жасалса;

г) электрондық сайлау жүйесінің жұмыс істеуінің белгіленген тәртібін бұзу жолымен жасалса, қылмыстық жаза көзделген.

Қылмыс *формальдық* құрамға жатады және ол сайлау құқығын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссиясының жұмысына кедергі келтіру әрекеттерін жасаған уақыттан бастап, өзінің оларға қойған мақсатының жүзеге асқанына немесе аспағанына қарамастан аяқталған деп табылады. Қылмыс субъективтік жағынан тек тікелей қасақаналықпен істеледі.

Қылмыстың субъектісі 16 жасқа толған есі дұрыс адам, тек 2-ші бөліктің 2-тармақшасының қылмыс құрамының субъектісі арнаулы (лауазымды немесе қызмет бабын пайдаланған адам)

151-бап. Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды дұрыс есептемеу

Қылмыстың тікелей объектісі – сайлау құқығы, референдумға қатысу құқығы.

Қылмыстың заты – сайлау құжаттары, сайлаушылар тізімі, дауыс беру куәлігі, сайлау бюллетені және басқадай сайлау құжаттары.

Объективтік жағынан қылмыс сайлау құжаттарын немесе референдум құжаттарын бұрмалау, бюллетеньдерге немесе қол қойылған парақтарға жалған жазбалар енгізу, дауыстарды көрінеу дұрыс есептемеу не сайлаудың нәтижелерін немесе референдум қорытындыларын көрінеу дұрыс айқындамау не дауыс беру құпиясын бұзу, егер бұл іс-әрекеттерді Қазақстан Республикасының Президентіне кандидаттың сенім білдірілген адамы немесе депутаттыққа кандидаттың сенім білдірілген адамы, сол сияқты сайлау комиссиясының немесе референдум өткізу жөніндегі комиссияның мүшесі жасауы арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыс құрамы *формальдық*. Осы жоғарыда көрсетілген әрекеттердің біреуін істеу қылмыстың аяқталғанын білдіреді.

Аяқталған қылмыс субъективтік жағынан алғанда тек тікелей қасақаналықпен жасалады. Кінәлі адам, 151-баптың 1 бөлігінде көрсетілген заңсыз әрекеттердің кез келгені заңсыз жасайтынын сезеді және соларды жүзеге асыруды тілейді. Осы баптың 2-ші бөлігінде электрондық сайлау жүйесінің жұмыс істеуінің белгіленген тәртібін бұзу жолымен жасалған дәл сол әрекеттер үшін қылмыстық жаза көрсетілген.

Қылмыстың субъектісі арнаулы – Қазақстан Республикасы Президентіне кандидаттың сенімді өкілі немесе депутаттыққа кандидаттың сенімді өкілі, бастамашы топтың, сайлау комиссиясының немесе референдум өткізу комиссиясының жасы 16-ға толған мүшелері.

152-бап. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу

Қылмыстың заңда еңбек жөніндегі заңды және еңбек қорғау ережелерін бұзғандық үшін арнаулы баптар бойынша жауаптылық белгіленген.

Қылмыстың объектісі- азаматтардың еңбек құқығын бұзу болып табылады.

Қылмыстың 1-ші бөлігінің объективтік жағына келесі әрекеттер немесе әрекетсіздіктер жатады: жұмыскермен еңбек шартын заңсыз тоқтату не соттың жұмысқа қайта орналастыру туралы шешімін орындамау, сол сияқты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын азаматтың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан өзге де бұзу.

Қылмыс құрамы *материалдық*.

Субъективтік жағынан бұл қылмыс қасақаналықпен жасалады. Қылмыстың субъектісі болып тек қана мемлекеттік немесе мемлекеттік емес аппаратқа жұмысқа алу немесе жұмыстан шығару құқығы бар лауазымды адамдар танылады.

Қылмыстың 2-ші бөлігінде, әйелмен оның жүктілігі себебі бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе онымен еңбек шартын негізсіз тоқтату немесе үш жасқа дейінгі балалары бар әйелмен осы себептер бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе онымен еңбек шартын негізсіз тоқтату, сол сияқты мүгедекпен оның мүгедектігі себебі бойынша не кәмелетке толмаған адаммен оның кәмелетке толмағандығы себебі бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе еңбек шартын негізсіз тоқтату – осы қылмыстың ауырлататын түріне жатады.

Ал 3- бөлігінде басқару функцияларын орындайтын адамның ақшаны өзге мақсаттарға пайдалануына байланысты жалақының толық көлемде және белгіленген мерзімде төленуін бірнеше рет кідіртуіне байланысты жауаптылық көзделген.

Қылмыс құрамы *формальдық*. Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен істеледі.

Қылмыстың субъектісі арнаулы – жұмысқа алу немесе одан босату құқығы бар лауазымды адамдар.

156-бап. Еңбекті қорғау қағидаларын бұзу

Қылмыстың тікелей объектісі еңбектің қауіпсіздік шарттарын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар, қосымша тікелей объектісі жәбірленушінің өмірі, денсаулығы.

Қылмыстың 1-ші бөлігінің объективтік жағына, қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік санитария қағидаларын немесе еңбекті қорғаудың өзге де қағидаларын осы қағидаларды сақтауды ұйымдастыру немесе қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер жүктелген адам жасаған, абайсызда денсаулыққа ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соққан бұзуы арқылы көрініс тапса, 2-ші бөлігі бойынша абайсызда денсаулыққа ауыр зиян келтіруге әкеп соғу арқылы көрініс табады. 3-ші бөлігінде осы қылмыстың ауырлататын түрі- еңбекті қорғау ережелерін бұзудан абайсызда адам өліміне әкеп соққан әрекеттер үшін жауаптылық белгіленген.

Қылмыстың құрамы *материалдық*.

Субъективтік жағынан қылмыс кінәнің абайсыздық нысаны арқылы істеледі.

Қылмыстың субъектісі арнаулы – еңбекті қорғау ережелерін сақтауды ұйымдастыру немесе қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер өзіне жүктелген 16-ға толған есі дұрыс адам.

149- бап. Тұрғынжайға қол сұғылмаушылықты бұзу

Қылмыс тікелей объектісі – тұрғын үйге қол сұқпаушылықты қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар.

Қылмыс объективтік жағынан тұрғынжайға, онда тұратын адамның еркінен тыс заңсыз басып кіру арқылы көрініс табады.

Қылмыс *формальдық* құрамға жатады және ол тұрғын үйге онда тұратын адамның еркінен тыс жағдайда басып кірген сәттен аяқталған деп танылады.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен істелінеді. Қылмыстың субъектісі 16-ға толған есі дұрыс кез келген адам. Қылмыстың 2-бөлігінде осы қылмыстың ауырлататын түрі күш қолданып не оны қолданамын деп қорқытумен, немесе адамдар тобы жасаған, немесе түнгі уақытта, немесе заңсыз тінтуге ұласып жасалған әрекет, сондай –ақ тұрғын үйден заңсыз шығарып тастағаны үшін жауаптылық белгіленген.

Түнгі 22 сағаттан таң сәрідегі 6 сағатқа дейін уақыт түнгі уақыт деп саналады.

Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жасаған әрекеттер, осы қылмыстың өте ауырлататын түрі болып табылады (145- бап. 3- б.).

5 Тақырып. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар

Мақсаты: білім алушыларға бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың түсінігін, түрлерін мәлімдеу

Жоспар:

- 1.Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы және түрлері.
- 2.Бейбітшілікке қарсы қылмыстар (160-162-баптар).
- 3.Соғыс қылмыстары (163,164, 165, 166, 167,170-баптар).
- 4.Адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар (168,169-баптар).

1. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың топтық объектісі халықаралық құқық нормалармен белгіленген.

Объективтік жағынан осы топқа жататын қылмыстар қоғамға қауіпті іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Субъективтік жағынан осы тараудағы барлық қылмыстар тікелей қасақаналықпен, ал қайсыбір құрамдар белгілі бір мақсатпен (168,173-баптар) жасалады.

Қылмыстың субъектісі 16-ға толған есі дұрыс, жай адам. Кейбір қылмыс құрамының субъектісі арнаулы субъект мемлекеттік жауапты қызмет атқаратын адам (161 -бап. 2 -б.), қызмет бабын пайдаланған адам (174- бап. 2-б.).

Тікелей объектісіне байланысты мына төмендегідей топтарға бөлінеді:

- 1.Бейбітшілікке қарсы қылмыстар (160-162, 171-баптар).
- 2.Соғыс қылмыстары (163,164, 165, 166, 167,170-баптар).
- 3.Адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар (162, 168,169-баптар).
- 4.Халықаралық қорғау аясындағы адамдар мен ұйымдарға қарсы қылмыстар (173-бап).
- 5.Әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылдықты насихаттауға немесе үгіттеуге жол бермеу жөніндегі конституциялық принципіне қол сұғу, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру (174-бап).

2. 160-бап. Басқыншылық соғысты жоспарлау, дайындау, тұтандыру немесе жүргізу

Қылмыс тікелей объектісі – халықтар арасындағы бейбітшілік. Мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі және достығы.

Объективтік жағынан қылмыс басқыншылық соғысты жоспарлау, дайындау, тұтандыру немесе жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыстың объективтік жағы жоғарыда көрсетілген бірнеше балама әрекеттерден тұрады.

Басқыншылық соғысты дайындауға жоспарланған ұрыс әрекеттерін жүзеге асыруға арналған нақты іс-қимылдарға көшулер жатады.

Көрсетілген қылмыс *формальдық* құрамға жатады, сондықтан да заңда көрсетілген әрекеттердің біреуі іске асырылған уақыттан бастап қылмыс аяқталған деп танылады.

Қылмыс субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен істеледі. Қылмыстың субъектісі арнаулы-Қазақстан Республикасында жоғарғы билікке ие болған, соғыс жариялау немесе бітімге келу шешіміне өкілдігі бар адам.

Осы баптың 1-ші бөлігінде басқыншылық соғысты жоспарлағаны немесе дайындағаны үшін жауаптылық көзделген, ал 2-ші бөлігінде қылмыстың ауырлататын түрі – басқыншылық соғысты тұтандырғаны немесе жүргізгені үшін жауаптылық белгіленген. Басқыншылық соғысты тұтандыруға осындай соғысты кез келген тұрғыда бастау жатады (басқа мемлекетке басып кіру, бомбалау немесе жаяу, теңіз және әуе әскеріне шабуыл жасау).

Басқыншылық соғысты жүргізу дегеніміз, басқа мемлекетті басып алу үшін немесе бір саяси жағдайларға байланысты шабуыл жасап, сол мемлекеттің жеріне басып кіріп кең көлемде соғыс жүргізу.

3. ҚК 170 -бап. Жалдамалық

Қылмыстың тікелей объектісі халықаралық құқық нормалары белгіленген соғыс жүргізудің құралдары мен әдістерін қолдануын реттейтін қоғамдық қатынастар.

Объективтік жағынан қылмыс заң диспозициясында көрсетілген бірнеше тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Атап айтқанда: 1) жалдамалыны жалдауға азғырып көндіру, яғни қарулы жанжалға немесе соғыс қимылдарына пайдалануға жалдау; 2) оқытып-үйрету, яғни жалданған адамды соғыс әрекетіне немесе қарулы жанжалға тікелей қатысуға әзірлеу; 3) қаржыландыру – жалдамалыны ақша қаражатымен қамтамасыз ету; 4) өзге де материалдық қамтамасыз ету- жалдамалыға киім – кешек, азық- түлік беру; 5) сондай-ақ оны қарулы жанжалға немесе соғыс қимылдарына пайдалану 6) немесе конституциялық құрылысты құлатуға немесе оған нұқсан келтіруге бағытталған өзге де күш қолдану әрекеттеріне пайдалану не мемлекеттің аумақтық тұтастығын бұзу болып табылады.

Қылмыс құрамы *формальдық* және ол көзделген әрекеттердің біреуін істеген уақыттан бастап аяқталған деп танылады.

Қылмыстың субъектісі 16-ға толған, кез келген, есі дұрыс адам.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен істеледі.

Адам өзінің қызмет бабын пайдаланып немесе кәметке толмағанға қатысты жасаған дәл сол әрекеттер- осы қылмыстың ауырлататын түріне (170-бап 2-б) жатады.

Жалдамалының қарулы қақтығысқа, соғыс қимылдарына немесе конституциялық құрылысты құлатуға немесе оған нұқсан келтіруге бағытталған өзге де күш қолдану әрекеттеріне қатысуы не мемлекеттің аумақтық тұтастығын бұзуы осы қылмыстың өте ауырлататын түріне жатады. (170 -бап. 3 -б.).

Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, адам қазасына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер үшін жауаптылық осы баптың 4 – бөлігінде қарастырылған.

ҚР ҚК 3-бабының 15 тарауына сәйкес жалдамалы – қарулы қақтығысқа, соғыс қимылдарына немесе мемлекеттің конституциялық құрылысын құлатуға

немесе бүлдіруге не аумақтық тұтастығын бұзуға бағытталған өзге де күш қолдану әрекеттеріне қатысу үшін арнайы азғырып көндірілген, материалдық сыйақы алу немесе өзге де жеке басының пайдасы мақсатында әрекет ететін, қақтығысып жатқан тараптың немесе көрсетілген іс-қимылдар қарсы бағытталған мемлекеттің азаматы болып табылмайтын, қақтығысып жатқан тараптың қарулы күштерінің жеке құрамына кірмейтін, өзінің қарулы күштерінің құрамына кіретін адам ретінде ресми міндеттерді атқару үшін басқа мемлекет жібермеген адам.

4. 168-бап. Геноцид

Қылмыстың тікелей объектісі этностық, ұлттық, нәсілдік немесе діни топтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар.

Объективтік жағынан қылмыстың 1-ші бөлігі бойынша қылмыс геноцид, яғни ұлттық, этностық, нәсілдік немесе діни топты осы топтың мүшелерін өлтіру, олардың денсаулығына ауыр зиян келтіру, бала тууға күшпен бөгет жасау, балаларды мәжбүрлеп беріп жіберу, күштеп көшіру не осы топтың мүшелерін қырып-жою мақсатында өзге де тіршілік жағдайларын туғызу арқылы толық немесе ішінара жоюға бағытталған қасақана іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Егер де соғыс уақытында нақ осы әрекеттер жасалған болса қылмыскер, осы баптың 2-ші бөлігі бойынша жауаптылыққа тартылады.

Қылмыс құрамы *материалдық*.

Қылмыс субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен істеледі. Қылмыстың субъектісі 16-ға толған есі дұрыс кез келген адам.

169 -бап. Экоцид

Қылмыстың тікелей объектісі – адамзаттың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін халықаралық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар.

Қылмыстың заты -өсімдіктер немесе жануарлар дүниесі, сондай-ақ атмосфера, жер немесе су ресурстары.

Қылмыс объективтік жағы-өсімдіктер немесе жануарлар дүниесін жаппай жою, атмосфераны, жер немесе су ресурстарын улау, сондай-ақ экологиялық зілзаланы немесе төтенше экологиялық ахуал туғызған немесе туғызуы мүмкін өзге де әрекеттерді жасау арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыс құрамы *материалдық*. Осыған орай, кінәлінің заңсыз іс-әрекеттері мен одан пайда болған зардаптың арасындағы себепті байланыс анықталуы тиіс.

Субъективтік жағынан қылмыс қасақаналықпен (тікелей немесе жанама) істеледі.

Қылмыстың субъектісі 16-ға толған кез келген есі дұрыс адам.

6 Тақырып. Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларға мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарды түсіндіру, олардың түрлерін мәлімдеу

Жоспар:

1.Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттама.

2.Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (175,176, 177, 178, 179,180, 181-баптар).

3.Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (182, 183,184-бап).

4.Мемлекет құпиясын сақтауға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (185,186-баптар).

1. Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде мемлекеттік қылмыстар деген ұғым мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар деген жаңа ұғыммен алмастырылады.

Бұл тұрғыдағы қылмыстардың топтық объектісі мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігіне байланысты қоғамдық қатынастарды қорғау болып табылады. Қылмыстық кодекстегі жаңартылып, жетілдіріліп берілген бұл қылмыстық құқықтық нормалар Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституциясында көрсетілген, баянды етілген конституциялық құрылысты, қоғамның ішкі, сыртқы қауіпсіздігін, саяси, экономикалық жүйесін қорғау болып табылады.

Тікелей объектісіне байланысты бұл тарауға енген қылмыстар мынадай түрлерге бөлінеді:

1.Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (175,176, 177, 178, 179,180, 181-баптар).

2.Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (182, 183,184-бап).

3.Мемлекет құпиясын сақтауға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (185,186-баптар).

2. 175- бап. Мемлекеттік опасыздық жасау

Мемлекеттік опасыздықтың тікелей объектісі- Қазақстан Республикасының мемлекеттік қауіпсіздігі болып табылады.

Мемлекетке опасыздық дегеніміз – Қазақстан Республикасы азаматының қарулы қақтығыс уақытында жау жағына өтіп кетуінен, сол сияқты тыңшылық жасауынан, мемлекеттік құпияларды шет мемлекетке, халықаралық немесе шетелдік ұйымға не олардың өкілдеріне беруінен, сол сияқты Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне қарсы бағытталған әрекетті жүргізуге оның өзге де көмек көрсетуінен көрінген қасақана іс-әрекеттері. Осы әрекеттер мемлекеттік опасыздықтың 1-ші бөлігінің объективтік жағын құрайды.

Қазақстан Республикасының азаматының соғыс уақытында немесе қарулы жанжал кезінде жау жағына шығып кетіп мемлекеттік құпияларды жатқа беруі шпиондық жасау болып табылады. Қылмыстық кодекстің 176-бабында тыңшылық (шпиондық) деген ұғыммен объектісі, объективтік жағы және субъективтік жағы бойынша ұқсас. Осы екі бапта көрсетілген ұғымның айырмашылығы тек қылмыстың субъектісінде ғана. Қылмыстық кодекстің 175 - бабындағы шпиондық субъектісі Қазақстан Республикасының азаматы, ал 176-баптағы субъектілер шетелдіктер, азаматтығы жоқтар немесе басқа мемлекеттің азаматтары болуы мүмкін.

Мемлекеттік опасыздық субъективтік жағынан тек қана тікелей қасақаналық арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық ниет әртүрлі көрініс алады, бірақ та ол қылмысты саралауға әсер етпейді.

Қылмыстың субъектісі болып 16-ға толған есі дұрыс Қазақстан Республикасының азаматы ғана болып табылады.

176- бап. Тыңшылық. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 176- бабына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді шетелдік мемлекетке, шетелдік ұйымға немесе олардың өкілдеріне беру, сол сияқты оларға беру мақсатында жинау, ұрлау немесе сақтау, сондай-ақ шетелдік барлаудың тапсырмасы бойынша өзге мәліметтерді Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне зиян келтіре отырып пайдалану үшін беру немесе жинау, егер осы әрекеттерді шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ адам жасаса тыңшылық (шпиондық) деп танылады.

Тыңшылықтың (шпиондықтың) тікелей объектісі болып Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі танылады.

Тыңшылықтың (шпиондықтың) объективтік жағының белгілері: мемлекеттік немесе әскери құпияны құрайтын мәліметтерді беру, жинау, ұрлау немесе сақтау, сондай-ақ шетелдік барлаудың тапсырмасы бойынша өзге де мәліметтерді беру немесе жинау.

Кінәлі адамның заңда көрсетілген осы мәліметтерді өзі тұратын мекен – жайда немесе басқа жерде сақтауы да мүмкін.

Шетелдік барлаудың тапсырмасы бойынша мемлекеттік құпиялар болып табылмайтын өзге де мәліметтерді жинау, Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне зиян келтіре отырып пайдалану үшін берсе немесе жинаса ғана іс-әрекет шпиондық үшін белгіленген қылмыс құрамын құрайды.

Субъективтік жағынан шпиондық тек қана тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылады. Тыңшылықтың субъектісі болып 16-ға толған шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар танылады.

Осы бапта, сондай-ақ қылмыстық заңның 175 және 179-баптарында көзделген қылмыстарды жасаған адам, егер ол мемлекеттік органдарға ерікті түрде және дер кезінде хабарлауымен немесе өзгеше жолмен Қазақстан Республикасының мүдделеріне нұқсан келтіруді болдырмауға ықпал етсе және егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

3. 184 -бап. Диверсия. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіру мақсатында адамдарды жаппай қырып –

жоюға, олардың денсаулығына зиян келтіруге, кәсіпорындарды, құрылыстарды, қатынас жолдары мен құралдарын, байланыс құралдарын, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету объектілерін қиратуға немесе зақымдауға бағытталған жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге іс- әрекеттер жасау, сол сияқты осы мақсатта жаппай улау немесе эпидемиялар мен эпизоотиялар тарату диверсия деп танылады.

Диверсияның тікелей объектісі- Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі, қорғаныс қабілеті және экономикалық күш қуаты болып табылады, өйткені диверсиялық актілер мемлекеттің өзін әлсіретуге, бүлдіруге бағытталған.

Объективтік жағынан диверсия бірнеше балама әрекеттердің жиынтығы бойынша көрініс табады.

Субъективтік жағынан диверсия тікелей қасақаналықпен істеледі. Қылмыстың субъектісі жасы 16-ға толған кез келген есі дұрыс адам.

4. 185-бап. Мемлекеттік құпияларды заңсыз жинау, тарату, жария ету

Қылмыстың тікелей объектісі мемлекеттік құпияларды сақтаудың заңда белгіленген тәртібіне қол сұғу болып табылады.

Осы қылмыстың затына мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер жатады.

Объективтік жағына жатады- мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді заңсыз жинау, сол сияқты құқыққа сыйымсыз алынған, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді тарату, мемлекетке опасыздық жасау немесе тыңшылық белгілері болмаған кезде.

Мемлекеттік құпия әр түрлі тәсілдермен – ауызша әңгімеде, баяндама арқылы, хат жазысу немесе басқадай баспасөз беттерінде жарияланған материалдар арқылы немесе басқа адамдарға құпия құжаттарды көрсету, суретке салып алуға рұқсат беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Қылмыс мемлекеттің құпия болып табылатын мәліметтер басқа адамға жария болғаннан бастап аяқталған деп табылады.

Осы баптың 2-ші бөлігі бойынша-адамның өзіне сеніп тапсырылған немесе қызмет немесе жұмыс бабымен не Қазақстан Республикасының заңында көзделген өзге де негіздер бойынша сеніп тапсырылған немесе мәлім болған мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуі, мемлекетке опасыздық белгілері болмаған жағдайда, жауаптылық көзделген.

Субъективтік жағынан бұл қылмыс тікелей немесе жанама қасақаналықпен істеледі.

Қылмыс субъектісі мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер өзіне сеніп тапсырылған немесе мұндай мәліметтер өзіне қызмет немесе жұмысы бойынша белгілі болған 16-ға толған есі дұрыс адамдар.

185 -баптың 3-бөлігінде осы қылмыстың ауырлататын түрі – 185- баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар ірі залал келтіруге немесе өзге де ауыр зардаптардың туындауына әкеп соқса жауаптылық белгіленген.

7 Тақырып. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларға меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігін жеткізу, олардың түрлерін, нысандарын ашу

Жоспар:

1. Меншікке қарсы қылмыстардың сипаттамасы және түрлері.
2. Жымқырудың (Талан–тараждың) ұғымы мен белгілері. Оның қылмыстық – құқықтық сипаттамасы.
3. Жымқырудың нысандары:
 - а) Ұрлықтың ұғымы мен қылмыстық – құқықтық сипаттамасы;
 - б) Алаяқтық ұғымы. Оның қылмыстық құқықтық сипаттамасы;
 - в) Тонау ұғымы және қылмыстық – құқықтық сипаттамасы;
 - г) Қарақшылық ұғымы мен қылмыстық – құқықтық сипаттамасы;
 - д) Қорқытып алушылықтың ұғымы мен қылмыстық – құқықтық сипаттамасы.

1. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар деп мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып немесе залал келтіру қаупін тудырумен байланысты Қылмыстық кодексте көзделген нысандар арқылы жасалатын қасақаналық немесе абайсыздық іс-әрекеттерін айтамыз.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісі меншік иесінің иелену, пайдалану немесе оған билік ету құқығын құрайтын меншікке байланысты қоғамдық қатынастар болып табылады.

Осы топқа кіретін қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей объектісі – меншіктің нақты бір нысаны – мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың, бірлестіктердің немесе басқа ұйымдардың, жеке тұлғалардың меншігіне қол сұғу болып табылады.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың заты болып – азаматтық құқық бойынша меншік объектісі деп танылған кез келген бұйымдар мен мүліктер танылады.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағы кінәлі адамның бөтеннің мүлкін өзінің немесе басқа адамның пайдасына заңсыз, тегін айналдыру үшін құқыққа қайшы түрде алынып қоюы арқылы сипатталады.

Қарақшылық, қорқытып алушылық, автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену *формальдық* қылмыс құрамы болып табылатындықтан олардың аяқталу сәті заңда көрсетілген құқыққа қайшы іс-әрекеттерді істеген уақыттан бастап, қылмыстың зардабының болуына қарамастан-ақ аяқталған деп танылады.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағынан негізінен кінәлінің тікелей қасақаналық түрі арқылы жүзеге асырылады, тек бөтен адамның мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру кінәнің абайсыздық нысаны арқылы істеледі. Меншікке қарсы қылмыстардың

субъективтік жағының міндетті белгілеріне – пайдакүнемдік ниет және мақсат жатады.

Меншікке қарсы қылмыстардың субъектісі 14-ке толған есі дұрыс адамдар. Бұған жататын баптар: 188, 191, 194, 200-бап 2, 3, 4-бөліктері, 202-баптың 2,3-бөліктері және 192 бап..

Ал 16-ға толған есі дұрыс адамдар 187, 188 ч.1, 189, 190, 191 ч.1, 191, 193, 194 ч.1, 195, 196, 197,198, 199, 200 ч.1, 201, 202 ч.1, 203, 204 баптарының қылмыс құрамдарын істегені үшін қылмыс субъектісі болып танылады.

2. Заңға сәйкес талан – тараж (жымқыру) деп пайдакүнемдік мақсатта айыптының бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып өзінің немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз, қайтарымсыз, тегін алып қоюын және айналдыруын айтамыз. Осы анықтамаға сәйкес талан – тараждың негізгі белгілерін анықтауға болады.

Жымқырудың топтық объектісі меншік нысандары қатынастарының жиынтығы, ал тікелей объектісі болып меншіктің нақты нысандары, мемлекеттік, жеке, қоғамдық ұйымдардың меншігі болып табылады.

Жымқырудың заты болып адам еңбегі арқылы істелген материалдық тұрғыдағы бұйымдар мен заттар, рухани игіліктер, сондай-ақ ақша, басқадай бағалы қағаздар жатады.

Жымқырудың затына адам еңбегі сінбеген, сол арқылы жасалмаған әртүрлі табиғи байлықтар жатпайды. Жымқырудың объективтік жағының белгілеріне: 1) мүлікті алу; 2) мүлікті заңсыз алу; 3) мүлікті тегін алу жатады.

Жымқырудың субъективтік жағы кінәлінің тікелей қасақаналық нысанымен сипатталады.

Жымқырудың субъектісі 14-ке толған есі дұрыс адам, ал иеленіп алу немесе ысырап ету арқылы талан – таражға салудың субъектісі арнаулы 16-ға толған есі дұрыс адам.

2015 жылдан бастап қылмыстық заңда ұсақ-түйек жымқыруға байланысты 187-бап пайда болды және бұл қылмыстық құқық бұзушылық қылмыстық теріс қылықтарға жатады. Ұсақ-түйек жымқыру, яғни болмашы мөлшерде жасалған, бөтеннің мүлкін ұрлау, алаяқтық, иемденіп алу немесе талан-таражға салу (объективтік жағы). Ал сараланған түрі бірнеше рет жасалған ұсақ-түйек жымқыру.

Болмашы мөлшер – ұйымға тиесілі мүліктің он айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құны (ҚК 3-бап 10-тармақ)

Құқық бұзушылық *материалдық* құрамға жатады және субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен жасалады.

Қылмыстың субъектісі – 16-ға толған есі дұрыс адам.

3. а) 188- бап. Ұрлық

Ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру - пайдакүнемдік мақсатта бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып айыптының немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз қайтарымсыз алып қою және (немесе) айналдыру танылады (өзінің қалауы бойынша иемдену).

Объективтік жағынан ұрлық бөтеннің мүлкін жасырын түрде жымқыру мен ұштасады.

Бөтен мүлікті жасырын алу екі түрлі – объективтік және субъективтік белгілері бойынша анықталады. Адамның ешкімге сездірмей, білдірмей әрекет істеу арқылы мүлікті жасырын алуы – объективтік белгіге жатады. Ұрлық жасаған адамның мүлікті меншік иесіне немесе өзге иеленушіге сездірмей, жасырын алудамын деген сезімі және осы тәсілмен оны жүзеге асыруды тікелей тілейтіндігі субъективтік белгіге, яғни кінәлінің бөтен мүлікті жасырын алуға байланысты іс - әрекетке деген психикалық көзқарасын білдіреді.

Заңдылық құрылысына қарай ұрлық *материалдық* құрамға жатады. Сондықтан да қылмыс құрамының объективтік жағының белгісі – қылмыстың қоғамға қауіпті зардабы – мүліктік залал келтіру болып табылады. Осыған байланысты кінәлінің бөтеннің мүлкін алуымен бірге, оған билік етуге нақты мүмкіндік алған уақыттан бастап қылмыс аяқталған деп саналады.

Ұрлық субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен жасалады. Қылмыстың субъектісі – 14-ке толған есі дұрыс адам.

Қылмыстық заңда ұрлықтың ауырлататын және өте ауырлататын құрамдары көрсетілген:

Олар мыналар:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) бірнеше рет;
- 3) тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен;
- 4) ақпараттық жүйеге заңсыз кіру не ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша берілетін ақпаратты өзгерту жолымен жасалған ұрлық, осы баптың 2 бөлігімен сараланады.

Ал 3 бөлігі бойынша ірі мөлшерде жасалған ұрлық үшін жауаптылық көзделген.

Ірі мөлшер немесе ірі залал деп қылмыс жасалу сәтіне Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген айлық есепті көрсеткіштен бес жүз есе асып түсетін мүліктің құны мен залалдың мөлшері танылады

Ал мынадайы:

- 1) қылмыстық топ жасаған;
- 2) мұнай-газ құбырынан;
- 3) аса ірі мөлшерде жасалған ұрлық, осы баптың 4 бөлігімен сараланады.

Аса ірі мөлшер немесе аса ірі залал деп қылмыс жасалу сәтіне Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген айлық есепті көрсеткіштен екі мың есе асып түсетін мүліктің құны мен залалдың мөлшері танылады.

б) 190- бап. Алаяқтық

Қылмыстық заңда «Алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену» - деп көрсетілген.

Алаяқтықтың заты бөтеннің мүлкі немесе бөтеннің мүлігіне заңсыз құқық алу болып табылады.

Объективтік жағынан алаяқтық бөтен мүлікті жымқыру немесе бөтен мүлікке заңсыз құқықты алу заңда көрсетілген екі тәсіл арқылы: алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

Алаяқтың құрамы – *материалдық*. Оның субъективтік жағының міндетті белгілерінің бірі қылмыстың зардабы – меншік иесіне мүліктік залал келтіру болып табылады. Бұл қылмыс кінәлі адамның иелігіне мүліктің заңсыз өтуіне байланысты немесе кінәлінің жәбірленушінің мүлкіне заңсыз құқық алған уақыттан бастап аяқталған деп сараланады.

Субъективтік жағынынан алаяқтық тек қана тікелей қасақаналықпен істеледі және қылмыс пайдакүнемдік ниет және мақсатпен орындалады. Бұл қылмыстың субъектісі де ұрлық субъектісімен бірдей:

Алаяқтықтың ауырлататын түріне:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) бірнеше рет;
- 3) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;
- 4) ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен;
- 5) мемлекеттік сатып алу саласында жасалған алаяқтық жатады.

Аса ауыр түріне:

- 1) ірі мөлшерде;
- 2) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған алаяқтық, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса;
- 3) екі немесе одан да көп адамға қатысты жасалған алаяқтық жатады.

в) 191- бап. Тонау

Қылмыстық кодекстің 191 -бабында «тонау, яғни бөтен мүліктін ашық жымқыру», деп көрсетілген.

Тонаудың тікелей объектісі болып бөтеннің мүлкіне қол сұғу болып табылады. Сонымен бірге тонау көп объектілі қылмысқа жатады. Сондықтан да оның қосымша тікелей объектісі болып жеке адамның денсаулығы, бостандығы да жатады.

Тонау объективтік жағынан белсенді әрекет күйінде бөтеннің мүлктін ашықтан ашық жымқыру арқылы жүзеге асырылады.

Тонау бөтеннің мүлкіне иелік етумен бірге оған өзінің қалауынша толық билік жүргізу мүмкіндігін алған уақыттан бастап аяқталған деп танылады.

Тонаудың субъектісі болып 14-ке толған, есі дұрыс адам танылады. Субъективтік жағынан тонау тікелей қасақаналықпен және пайдакүнемдік мақсатпен сипатталады.

Тонаудың ауырлататын түріне, осы баптың 2 бөлігі бойынша:

- 1) жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданып не осындай күш қолдану қатерін төндіріп;
- 2) бірнеше рет;
- 3) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 4) тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға заңсыз кіріп жасалған тонау.

3 бөлігі бойынша -ірі мөлшерде жасалған тонау (500 АЕК) жатады.

Аса ауырлататын түріне:

- 1) қылмыстық топ жасаса;
- 2) аса ірі мөлшерде жасалса (2000 АЕК).

г) 192 -бап. Қарақшылық

Қарақшылық – талан – таражға салудың ең қауіпті түрі болып табылады. Қылмыстық заңда «яғни бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатындағы шабуылға ұшыраған адамның өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе тікелей осындай күш қолдану қатерін төндірумен ұласқан шабуыл» - деп, анықталған.

Қылмыстың бұл түрінің қоғамға қауіптілігінің көтеріңкі жағдайы оның екі бірдей объектісі – меншікке және адамның өмірі мен денсаулығын бір мезетте қылмысты қол сұғуы арқылы сипатталады.

Қарақшылықтың объективтік жағы адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен немесе тікелей осындай күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау арқылы белгіленеді.

Қарақшылық шабуыл жасаған уақыттан бастап, оның бөтеннің мүлкіне иелік жасағанына немесе жасамағанына қарамастан аяқталды деп саналады. Сондықтан да қарақшылық құрамы заңда *формальдық* құрам ретінде қарастырылған.

Қарақшылық субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен және пайдакүнемдік мақсатпен сипатталады.

Қарақшылықтың субъектісі 14-ке толған, есі дұрыс кез келген адам.

Қарақшылық құрамының ауырлататын түрлері болып:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) бірнеше рет;
- 3) тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға заңсыз кіріп;
- 4) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
- 5) денсаулыққа ауыр зиян келтіріп жасалған қарақшылық танылады.

Үшінші бөлігі бойынша:

1) денсаулыққа ауыр зиян келтіре отырып, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан;

2) ірі мөлшердегі мүлікті жымқыру мақсатында жасалған болып саналады.

Қарақшылық құрамының аса ауыр түріне осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды:

- 1) қылмыстық топ жасаса;
- 2) аса ірі мөлшерде жасалса.

194- бап. Қорқытып алушылық

Заңда «қорқытып алушылық, яғни күш қолдану не бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру қатерін төндіріп, сол сияқты жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді не жариялануы жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді тарату қатерін төндіріп бөтеннің мүлкін немесе мүлікке құқықты беруді немесе мүліктік сипаттағы басқа да әрекеттер жасауды талап ету» -деп, белгіленген.

Қорқытып алушылықтың тікелей объектісіне меншік қатынастары ғана емес, жәбірленушінің немесе оның жақындарының ар – намысы және олардың жеке басының бостандығы, денсаулығы жатады.

Қорқытып алушылықтың объективтік жағы екі түрлері жеке әрекеттен – қорқыту арқылы жәбірленушіден талап етіп отырған мүлікті немесе мүлікке құқықты беруді немесе кінәлінің пайдасына мүліктік сипаттағы басқа да іс-әрекеттерді істеуді талап етуден тұрады.

Қорқытып алушылық *формальдық* қылмыс құрамына жататындықтан, бөтен мүлікті немесе мүлікке құқықты беруді немесе басқадай әрекеттерді істеуді талап еткен уақыттан бастап аяқталған қылмыс деп танылады.

Субъективтік жағынан қорқытып алушылық тек тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылады және пайдакүнемдік мақсатты көздейді.

Қорқытып алушылық субъектісі – 14 жасқа толған есі дұрыс адам.

Қорқытып алушылықтың ауырлататын түрлері:

2 бөлігі бойынша:

- 1) күш қолданып;
- 2) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 3) бірнеше рет жасалған қорқытып алушылық.

3 бөлігі бойынша:

- 1) жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіріп;
- 2) ірі мөлшерде мүлік алу мақсатында жасалған қорқытып алушылық.

4 бөлігі бойынша, осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды:

- 1) қылмыстық топ жасаса;
- 2) аса ірі мөлшерде жасалса.

8 Тақырып. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларға ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтардың түсінігін түсіндіру, олардың түрлерін, олардың дұрыс саралануын мәлімдеу

Жоспар:

1. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар саласындағы қылмыстардың жалпы сипаттамасы.

2. Ақпараттандыру саласындағы құқық бұзушылықтар (205-209-баптар).

3. Байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар (210-213).

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 14 қыркүйектегі № 151 Жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасы ақпараттық қауіпсіздігінің 2016 жылға дейінгі тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) бекітілген болатын.

Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдамасы қоғам мен мемлекеттің ақпараттық саладағы мүдделерін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау мақсатында әзірленген.

Тұжырымдама «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының негізгі ережелеріне сай келеді, мұнда ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретіндегі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ұзақ мерзімді негізгі басымдықтардың бірі болып айқындалған.

Тұжырымдама ағымдағы ахуалды бағалауға негізделген және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты, мемлекеттік органдар қызметінің перспективаларын анықтады.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы», «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы», «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы», «Ақпараттандыру туралы», «Техникалық реттеу туралы», «Лицензиялау туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленген.

Осы тұжырымдамаға сәйкес 2015 жылы күшіне енген жаңа Қылмыстық кодекске «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар», - атты жаңа 7-тарау пайда болды.

Бұл тараудағы құқықтық нормалар мемлекет пен қоғамның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды ішкі және сыртқы қатерлерден қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасы қызметінің маңызы мен мазмұнына ресми көзқарастар жиынтығын білдіреді. Жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы міндеттерді, басымдықтарды, бағыттар мен межеленген нәтижелерді анықтайды. Ол Қазақстан Республикасының ақпараттық саладағы ұлттық мүдделерін қорғаудағы мемлекеттік билік органдарының, бизнес пен қоғамдық бірлестіктердің сындарлы өзара іс-қимыл жасауы үшін негіз болып табылады. Экономикалардың ашықтығы деңгейінің өсуі, тауарлар, капитал мен еңбек ресурстары қозғалуының еркіндігі, тұлғааралық өзара іс-қимыл ішкі және сыртқы саяси, экономикалық және ақпараттық процестердің аражігін жояды.

Технологиялық эволюция жеке тұлғаға, қоғамға және мемлекетке бұрын қол жеткізу мүмкін болмаған келеңсіз ықпалын тигізе отырып, мүлдем жаңа қатерлер көзіне айналуда.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен жаһандық коммуникациялық тетіктердің рөлі және ықпалы күшейе түсуде.

Техникалық аспект ақпараттың тұтастығын, жасырын болуын және қолжетімдігін қамтамасыз ету үшін ұлттық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылымды авторсыз қолжетімділіктен, пайдаланудан, ашудан, бұзудан, өзгертуден, оқудан, тексеруден, жазудан немесе жойылудан қорғауды қамтамасыз етуді көздейді.

Әлеуметтік-саяси аспект ұлттық ақпараттық кеңістікті және бұқаралық ақпарат тарату жүйелерін Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін мақсатты келеңсіз ақпараттық және ұйымдық әсер етуден қорғау болып табылады.

Ақпараттық қауіпсіздіктің мемлекеттік техникалық саясаты - Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі, мыналарды:

-киберкеңістікте ақпаратты өңдеуді, беруді, сақтау мен қорғауды;

-бағдарламалық-аппараттық кешендерді әзірлеуді, пайдалануды, қорғауды реттейтін көзқарастар, қағидалар мен практикалық әдістер жиынтығы.

Ақпаратты қорғау жүйесі - мемлекеттік органдар және ұйымдар жиынтығы, олар пайдаланатын ақпаратты қорғау техникасы, сондай-ақ ақпаратты қорғау саласындағы тиісті құқықтық, ұйымдастырушылық-өкімдік және нормативтік құжаттармен белгіленген қағидалар бойынша ұйымдастырылған және жұмыс істейтін қорғау объектілері.

Ақпараттық соғыс - ол әдеттегідей әскери күшті пайдаланбай, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып қақтығыстар жүргізу тәсілі, қоғам мен мемлекетті тұрақсыздандыру үшін ақпараттық жүйелерге, процестер мен ресурстарға, аса маңызды және басқа да құрылымдарға зиян келтіру, саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйелерді бүлдіру, халықты жаппай психологиялық үгіттеу, сондай-ақ қарсылас тараптардың мүдделеріне орай шешім қабылдауға мемлекетті мәжбүрлеу мақсатында ақпараттық кеңістіктегі қарсы күрес сияқты соғыс түрі.

Ақпараттық инфрақұрылым - ақпарат түзу, дайындау, түрлендіру, беру, пайдалану және сақтау үшін пайдаланылатын ақпараттық ресурстар мен жүйелердің, ақпараттық-коммуникациялық желілердің техникалық құралдарының жиынтығы.

Ақпараттық кеңістік - ақпаратты түзумен, дайындаумен, түрлендірумен, берумен, пайдаланумен, сақтаумен байланысты әсер ететін, оның ішінде жеке және қоғамдық санаға, ақпараттық инфрақұрылым мен өзіндік ақпаратқа әсер ететін қызмет саласы.

Ақпараттық қылмыс (киберқылмыс) - ақпараттық технологияларды пайдаланумен жасалатын, қылмыстық-жазалау әрекетін көздейтін, қылмыс түрі.

Ақпараттық терроризм - ақпараттық ресурстар пайдаланылатын немесе (және) оларға ақпараттық кеңістікте әсер ететін террористік мақсатта жүзеге асырылатын қызмет.

Ақпараттандырудың аса маңызды объектілері - ұзақ уақыт кезеңге жұмыс істеуінің тоқтауы немесе бұзылуы елдің қорғанысы, қауіпсіздігі, халықаралық

қатынастары, экономикасы, шаруашылығының немесе инфрақұрылымының жекелеген салалары үшін не тиісті аумақта тұрып жатқан халықтың тыныс-тіршілігі үшін төтенше жағдайға немесе айтарлықтай келеңсіз салдарға әкелетін ақпараттық және телекоммуникациялық инфрақұрылым объектілері.

Контент - бұқаралық коммуникация құралдарын кез келген ақпараттық маңызды толтыру. Бұқаралық коммуникация құралдары деп бұқаралық ақпарат құралдары (баспасөз, радио, телевизия, интернет) мен бұқаралық ықпал ету құралдарының (театр, кино, цирк, көріністер, әдебиет) жиынтығы түсініледі.

Қоғамдық сана - қоғамдық тұрмысты бейнелейтін және оған әсер ететін сезімдер, көңіл-күй, көзқарастар, идеялар, теориялар жиынтығындағы қоғамның рухани өмірі. Қоғамдық сана оның жеке адамдарын құрайтын жиынтығына жинақталмайтын, дербес тұтас жүйе ретінде қаралады.

Электрондық ақпараттық ресурстар - электрондық түрде сақталатын, ақпараттық жүйелерде қамтылатын ақпарат (ақпараттық деректер қоры).

Әлемнің жетекші мемлекеттері жаңа технологияларға, жаңа әдістер мен жаңа ұстанымдарға негізделген ақпараттық қоғамның дәуіріне енді немесе оны құру процесінде тұр. Сайып келгенде оларды пайдалану азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асырудың, халықтың әл-ауқатын жақсартудың, компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, мемлекеттілікті нығайтудың барабар жаңа болмысына ықпал етуі тиіс. Мемлекеттік органдар үшін ақпараттық қоғам азаматтарға қызметтер көрсету рәсімдерін тиімді жаңартуға, мемлекеттік аппарат жұмысының тиімділігі мен азаматтардың оларға сенімділік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, ақпараттық қоғам дамуының дәрежесі мемлекеттік институттардың жұмыс істеу процесіне, әрбір елдің экономикасы мен қорғаныс қабілетіне тікелей ықпал етеді. Қазіргі заман болмысында азаматтардың қажеттіліктеріне барабар ақпараттық қоғамның болуы мемлекеттің әл-ауқатының қажетті шарты болып табылады.

Қазақстан Республикасының ақпараттық саладағы негізгі ұлттық мүдделері:

1) азаматтардың ақпаратты алу және таратуға конституциялық құқықтарын іске асыру;

2) ақпараттық қоғамның қалыптасуы және дәйекті дамуы;

3) мемлекеттің әлемдік ақпарат алмасуға тең құқылы қатысуы;

4) елдің бірыңғай ұлттық ақпараттық кеңістігінің қалыптасуы, жұмыс істеуі және қорғалуы;

5) ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың озық дамуы;

6) мемлекеттік билік органдарын тиімді және уақтылы ақпараттық қамтамасыз ету;

7) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ өзге де қорғалатын ақпаратты жоғалту және жария ету фактілеріне жол бермеу;

8) өте маңызды ақпараттық жүйелердің, ресурстар мен қолдаушы инфрақұрылымның жұмыс істеу сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Сонымен бірге, жоғарыда аталған процестердің дамуы елдің ақпараттық қауіпсіздігінің қазіргі проблемалары мен қатерлерінің күшеюіне және жаңаларының туындауына әкеледі.

Мемлекетаралық қатынастарда ақпараттық қысымды жаһандық бәсекелестіктің пәрменді тетігі ретінде пайдалану үрдісі қарқын алып келеді. Ақпараттық соғыс пен ақпараттық өктемдіктің түрлі құралдарын пайдалану ірі әлеуметтік, экономикалық және саяси қақтығыстарды шешудің ажырамас құралына айналды. Таралған компьютерлік шабуылдар жүргізу жолымен Интернет-БАҚ-ты бұғаттау әдістері белсенді пайдаланылуда. Әлемнің жетекші елдері өз қарулы күштері құрамында ақпараттық әскерлер құрды және оларды белсенді пайдалану ниеттерін жасырмайды.

Экстремистік және террористік ұйымдар мен топтар өз идеологияларын насихаттау, пікірлестерін тарту мен оқыту, әртүрлі террористік топтармен байланыста болу және қаржыландыру үшін жаһандық ақпараттық-коммуникациялық желілер мүмкіндіктерін барынша белсенді пайдалануда. Қазақстан жастары арасында әртүрлі пайымдағы радикалды идеяларды тарату алаңдаушылық туғызады. Қазақстан азаматтары мақсатты насихаттың әсерімен, оның ішінде Интернет желісі арқылы әлемнің түрлі өңірлеріндегі заңсыз акцияларға қатысу жағдайлары байқалуда. Террористік қызметті жүзеге асыру әдісі сияқты мемлекеттің ақпараттық жүйелеріне компьютерлік шабуылдарды пайдалану қауіпі өсуде. Мұндай шабуылдар көптеген елдерде бірнеше рет тіркелді.

Ақпараттық қылмыстың (киберқылмыстың), оның ішінде ұйымдасқан трансұлттық қылмыстық топтар қызметінің таралуы айтарлықтай проблеманы құрайды. Киберқылмыстардың ерекшелігі олардың аса жасырын болуы. Осының салдарынан, қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы жасалған ресми тіркелген қылмыстар нақты жасалған қылмыстың азғана бөлігін құрайды. Ақпараттық қылмысқа қарсы күрес құқық қорғау органдарынан және арнайы қызметтерден шет елдердің арнайы қызметтері мен құқық қорғау органдарымен бірігіп, үйлестірілген іс-қимыл жасау жолымен барабар жедел әрекет етуді талап етеді.

Қылмыстың осы түрі Қазақстан аумағында тарала қоймағанына қарамастан, бүгінгі күні оның серпіні қажетті құқықтық, ұйымдық және техникалық құралдардың болмауынан дәлелдеуі қиындық тудыратын, қылмыс жасаудың жаңа тәсілдерінің пайда болуымен, телекоммуникациялық технологияларды пайдаланудың тұрақты өсу үрдісімен, әккілігімен сипатталады.

Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жасаудың нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге, техникалық қайта жарактандыруды жүзеге асыруға, жұртшылықты кеңінен тартуға, қарсы іс-қимыл жасаудың жаңа үлгілері мен әдістерін іздеуге негізделген жаңа тұжырымдамалық шараларын әзірлеу қажеттілігі пісіп-жетілген болатын.

Әлемнің әртүрлі елдерінде экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайлардың дамуына жаһандық бұқаралық ақпарат құралдары мен

коммуникациялық тетіктердің рөлі мен әсері күшеюде. Соңғы жылдары экономикалық және саяси жағдайы әртүрлі елдерде болған терең өзгерістер бұқараны, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану: әлеуметтік желілер, ұялы телефондар мен арнайы сайттар арқылы қысқа хабарламаларды (SMS) жаппай жіберу арқылы басқарудың жаңа технологияларының осы процестердегі басты рөлін көрсетеді. Қазақстан халқының арнайы желілер мен блогтарды кеңінен пайдалануы ішкі саяси ахуалға Қазақстан Республикасының ұлттық мүддесіне зиян келтіретін мақсатты ықпал ету үшін оларды пайдалануға мүмкіндік береді.

Ұлттық ақпараттық кеңістіктің ашық болуына және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде телевизияның және интернет-ресурстардың (пошта қызметтері, әлеуметтік желілер, блогтар мен бейнепорталдар) танымалдығына байланысты халықтың қоғамдық санасына ақпараттық әсер етудің нақты қаупі пайда болып отыр. Ақпараттық ықпал ету Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне қайшы келетін идеяларды тікелей күштеп таңу түрінде және ақпаратпен айла-шарғы жасау арқылы немесе оған үрдісті шолу жүргізіп, жасанды қолдау көрсететін белгілі бір ақпараттық көрініс құру түрінде де көрінуі мүмкін. Қоғамдық санамен осындай айла-шарғы жасауға қарсы іс-қимыл жасау үшін мемлекеттік ақпараттық саясаттың тиімділігін едәуір жақсарту, мемлекеттік органдардың ашықтығын жоғарылату, азаматтардың ақпарат алу құқықтарының қамтамасыз етілуін арттыру талап етіледі.

Мемлекеттің, бизнестің және қоғамның отандық ақпараттық технологияларға тиісті қажеттілігінің болмауы шетелдік жабдықтар мен ақпараттық жүйелерді еріксіз пайдалануға алып келеді. Нәтижесінде деректер қоры мен банктеріне рұқсатсыз қол жеткізу ықтималдығы күшейеді, сондай-ақ елдің шетелдік компьютерлік және телекоммуникациялық және бағдарламалық қамтамасыз ету техникаларын өндірушілерге тәуелділігі артады.

«Электрондық үкімет» құрамына енгізілген мемлекеттік деректер қорлары қорғалуының жай-күйін тексеру азаматтардың жеке деректерін қорғаудың барабар құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық режимінің жоқ екенін көрсетті. Тиісті тетіктердің болмауы жеке деректерді криминалдық мақсаттарда, оның ішінде құжаттарды қолдан жасау, алаяқтық, әртүрлі дерекқорларды заңсыз көшіру және тарату мақсатында жеке қорларды теріс мақсатта пайдалану үшін алғышарт жасайды.

Ақпаратты қорғау жүйесінің жұмыс істеу тиімділігі жеткіліксіз. Атап айтқанда, ақпараттарды рұқсатсыз қол жеткізу мен көшіруден қорғаудың техникалық құралдары нашар пайдаланылады. Ақпараттың таралуына қарсы әрекет ететін қауіпсіздік саясаты мен ұйымдық-техникалық шаралар іске асырылмайды, бұл өкілеттіктерді пайдакүнемдік мақсаттарда пайдалануға әкеледі. Деректерді қорғаудың жүйесіздігі және жалпымемлекеттік ауқымда ақпаратты қорғау жөніндегі шаралардың нашар үйлестірілуі, ақпараттың тұтастығы мен құпиялылығын қамтамасыз етудегі ведомстволық бытыраңқылық маңызды ақпараттың жоғалуына ықпал етеді.

Ақпараттық-коммуникациялық салада, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік саласында да білікті кадрлардың жетіспеушілігі проблемасы өткір болып қалуда. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар нарығындағы көшбасшылық ететін талдау компанияларының бірі IDC компаниясының деректеріне сәйкес АТ-мамандар саны 2010 жылы Қазақстанда 100 мың тұрғынға 113 адамды құрады, бұл Малайзияға қарағанда 12 есе және АҚШ-пен салыстырғанда 29 есе төмен.

Жалпы құқықтық және ақпараттық мәдениеттің, оның ішінде қазақстандық қоғамда киберкеңістікті қауіпсіз пайдалану дағдыларының салыстырмалы түрде төмен деңгейі белгілі бір қатер тудырады.

Ақпараттық саланың құқықтық қамтамасыз етілуі уақыт ағымының қажеттіліктерінен едәуір артта қалуда. Ақпараттың әртүрлі санатын, ақпараттық ресурстарды, ақпараттық өнімдерді, ақпараттық қызметтерді іздеу, алу және тұтынуды жүзеге асыру кезінде туындайтын ақпараттық құқықтық қатынастарды реттейтін құқықтық тетіктер жеткілікті пысықталмаған. Ақпаратты, ақпараттық ресурстарды, ақпараттық өнімдерді, ақпараттық қызметтерді өндіру, беру және тарату процестерін реттейтін құқықтық тетіктер жақсарту мен өзектілендіруді қажет етеді. Ақпараттық жүйелерді, олардың желілерін, қамтамасыз ету құралдарын, телекоммуникациялық инфрақұрылымды құру және қолдану кезінде туындайтын ақпараттық құқықтық қатынастарды реттеу мәселесі аса өткір болып отыр.

Осы тұрғыда 7-тарауда жаңадан қабылданған баптар, уақытылы және жоғарыда көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуға көп әсерін тигізеді.

Бұл тараудағы баптарды екіге бөліп қарастыруға болады:

- 1) Ақпараттандыру саласындағы құқық бұзушылықтар (205-209-баптар).
- 2) Байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар (210-213).

Қылмыстардың топтық объектісі- ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқықтық жолмен реттейтін өзара біртектес қоғамдық қатынастардың тобы болып табылады.

Қылмыстардың көбі қылмыс құрамының құрылысына қарай формальдық құрамға жатады, ал кейбір қылмыстардың объективтік жағының белгісі- қоғамға қауіпті ауыр зардаптың орын алуы немесе азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзу болып табылады.

Субъективтік жағынан ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстардың барлығы кінәнің қасақаналық түрімен жүзеге асырылады.

Қылмыстың субъектісі-жалпы, сондай-ақ арнаулы субъектісі болуы мүмкін. Осы тараудағы барлық қылмыстар үшін субъектінің жауаптылығы 16 жастан басталады.

2. Ақпараттандыру саласындағы құқық бұзушылықтар (205-209-баптар)

205-бап. Ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе ақпараттық-коммуникациялық желіге құқыққа сыйымсыз қол жеткізу

Қылмыстың объектісі - ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе ақпараттық-коммуникациялық желіге байланысты құқық саласында қалыптасқан қоғамдық қатынастар.

Объективтік жағынан қылмыс Электрондық жеткізгіштегі заңмен қорғалатын ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе ақпараттық-коммуникациялық желіге азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соққан қасақана құқыққа сыйымсыз қол жеткізу болып танылады.

Бұл баптың сараланған түрі ұлттық электрондық ақпараттық ресурстарға немесе ұлттық ақпараттық жүйеге қатысты жасалған дәл сол іс-әрекет үшін жауаптылық көзделген.

Ал ауыр түріне осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер үшін жауаптылық көзделген.

Бұл бап-*формалдық* құрамға жатады, тек 3-бөлігі материалдық құрамға жатады, себебі осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер үшін жауаптылық көзделген.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен жасалады.

Қылмыстың субъектісі 16-ға толған, есі дұрыс адам.

206-бап. Ақпаратты құқыққа сыйымсыз жою немесе түрлендіру

Қылмыстың объектісі - ақпараттық құқық саласында қалыптасқан қоғамдық қатынастар.

Объективтік жағынан қылмыс электрондық жеткізгіште сақталатын, ақпараттық жүйеде қамтылатын немесе ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша берілетін, заңмен қорғалатын ақпаратты қасақана құқыққа сыйымсыз жою немесе түрлендіру, сол сияқты ақпараттық жүйеге көрінеу жалған ақпарат енгізу, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соғу болып танылады.

Бұл баптың сараланған түрлері (2-бөлігі):

1) ұлттық электрондық ақпараттық ресурстарға немесе ұлттық ақпараттық жүйеге қатысты;

2) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған дәл сол іс-әрекеттер үшін жауаптылық көзделген.

Ал аса ауыр түріне (3-бөлігі) осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

1) қылмыстық топ жасаған;

2) ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер.

Бұл бап материалдық құрамға жатады.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен жасалады.

Қылмыстың субъектісі 16-ға толған, есі дұрыс адам.

207-бап. Ақпараттық жүйенің немесе ақпараттық-коммуникациялық желінің жұмысын бұзу Қылмыстың объектісі-ақпараттық жүйе немесе

ақпараттық-коммуникациялық желіге байланысты қалыптасқан құқықтық қоғамдық қатынастар.

Объективтік жағынан қылмыс ақпараттық жүйенің немесе ақпараттық-коммуникациялық желінің жұмысын бұзуға бағытталған қасақана әрекеттер (әрекетсіздік) болып танылады.

Бұл баптың сараланған түрлері (2-бөлігі):

1) ұлттық электрондық ақпараттық ресурстарға немесе ұлттық ақпараттық жүйеге қатысты;

2) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған дәл сол іс-әрекеттер үшін жауаптылық көзделген.

Ал ауыр түріне (3-бөлігі) осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

1) қылмыстық топ жасаған;

2) ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер.

Бұл бап материалдық құрамға жатады.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен жасалады.

Қылмыстың субъектісі 16-ға толған, есі дұрыс адам.

3. Байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар (210-213)

210-бап. Зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалар мен бағдарламалық өнімдерді жасау, пайдалану немесе тарату

Қылмыстың объектісі- байланыс саласында қалыптасқан құқықтық қоғамдық қатынастар.

Объективтік жағынан қылмыс электрондық жеткізгіште сақталатын, ақпараттық жүйеде қамтылатын немесе ақпараттық-коммуникациялық желімен берілетін ақпаратты құқыққа сыйымсыз жою, бұғаттау, түрлендіру, көшіру, пайдалану, компьютердің, абоненттік құрылғының, компьютерлік бағдарламаның, ақпараттық жүйенің немесе ақпараттық-коммуникациялық желінің жұмысын бұзу мақсатында компьютерлік бағдарлама, бағдарламалық өнім жасау немесе қолданыстағы бағдарламаға немесе бағдарламалық өнімге өзгерістер енгізу, сол сияқты осындай бағдарламаны немесе бағдарламалық өнімді қасақана пайдалану және (немесе) тарату) болып танылады.

Бұл баптың сараланған түрлері (2-бөлігі):

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;

3) ұлттық электрондық ақпараттық ресурстарға немесе ұлттық ақпараттық жүйеге қатысты жасалған дәл сол іс-әрекеттерден тұрады.

Ал ауыр түріне (3-бөлігі) осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, 1) қылмыстық топ жасаған;

2) ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер.

Бұл бап 3-бөліктің 3- тармағынан басқалары формальдық құрамға жатады, ал 3-тармақ материалдық құрамға жатады.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен жасалады.

9 Тақырып. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларға экономикалық қызмет саласындағы құқық бұзушылықтардың түсінігін беру, олардың түрлерін, олардың дұрыс саралауын мәлімдеу

Жоспар:

1. Экономикалық қызмет саласындағы құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.

2. Экономикалық қызмет саласындағы аралас қылмыстар:

а) **Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет** (214-бап).

б) Жалған кәсіпкерлік (215-бап).

3. Кәсіпкерлердің мүддесіне және басқа да экономикалық қызметке қарсы қылмыстар: а) монополистік қымет (221-бап).

4. Экономикалық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстар: акцизделетін тауарларды акциздік маркалармен және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалаудың тәртібі мен қағидаларын бұзу, акциздік маркаларды және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларын қолдан жасау және пайдалану (233-бап).

1. Қылмыстардың топтық объектісі-экономикалық қызмет саласын құқықтық жолмен реттейтін өзара біртектес қоғамдық қатынастардың тобы болып табылады. Қылмыстың тікелей объектісі-экономикалық қызмет саласын реттейтін нақты қоғамдық қатынастар болады. Кейбір нақты қылмыстардың құрамы қосымша тікелей объектіге қол сұғуы мүмкін.

Көптеген экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың белгісі-оның заты болып табылады. Мысалы: жалған ақша немесе бағалы қағаз (231-бап); тауарлық белгі (222-бап); осы топқа жататын қылмыстардың объективтік жағы әрекет немесе әрекетсіздікпен сипатталады.

Көптеген қылмыстардың объективтік жағының белгісі- қоғамға қауіпті зардаптың-зиян келтірудің орын алуы болып табылады. Зиян келтіру-едәуір, ірі, аса ірі болуы мүмкін, бұларға тиісінше түсінік 3-ші бапта берілген.

Субъективтік жағынан экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың барлығы кінәнің қасақаналық түрімен жүзеге асырылады.

Қылмыстың субъектісі-жалпы, сондай-ақ арнаулы субъектісі болуы мүмкін. Осы тараудағы барлық қылмыстар үшін субъектінің жауаптылығы 16 жастан басталады.

2. 214-бап. Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет

Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет бұл кәсіпкерлік немесе банктік қызметті (банк операцияларын) тіркелусіз, сол сияқты осындай қызмет үшін міндетті лицензиясыз не рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнаманы бұзып жүзеге асыру, сол сияқты кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысу, егер бұл іс-әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірсе не ірі мөлшерде табыс алумен немесе

айтарлықтай мөлшерде акцизделетін тауарларды өндірумен, сақтаумен, тасымалдаумен не өткізумен ұштасса.

Қылмыстың объектісі кәсіпкерлік және банктік қызметті жүзеге асырудың мемлекет белгілеген бірқалыпты дұрыс қызметін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар болып табылады.

Қылмыс объективтік жағынан мынадай балама әрекеттерден құралады:

1) Кәсіпкерлік немесе банктік қызметті (банк операцияларын) тіркелусіз, сол сияқты осындай қызмет үшін міндетті лицензиясыз не рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнаманы бұзып жүзеге асыру;

2) Кәсіпкерліктің тыйым салынған түрлерімен шұғылдану. Заңда кейбір қызметтің түрлерімен кәсіпкерлікпен шұғылдануға тыйым салынған. Осыған қарамастан кәсіпкер заң нормасын бұзып, тыйым салынған кәсіппен шұғылданады;

3) Жоғарыда көрсетілген әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі зиян келтірсе, не ірі мөлшерде табыс алумен немесе айтарлықтай мөлшерде акцизделетін тауарларды өндірумен, сақтаумен, тасымалдаумен не өткізумен ұштасса.

Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет қылмыс құрамы жөнінен *материалдық* құрамға жатады. Осыған орай қылмыс заңда көрсетілген ірі зиян келтірумен немесе ірі мөлшердегі табыс табумен байланысты аяқталған деп танылады.

Субъективтік жағынан қылмыс кінәлінің қасақаналық нысаны арқылы жасалады. Қасақаналық тікелей немесе жанама болуы мүмкін.

Қылмыстың субъектісі жалпы немесе арнаулы болуы мүмкін.

Қылмыстық кодекстің 214-бабының 2- бөлігінде осы қылмыстың ауырлататын түрлері көрсетілген:

1) қылмыстық топ жасаған;

2) аса ірі мөлшерде табыс алумен ұштасқан;

3) бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекеттер.

215-бап. Жалған кәсіпкерлік. Қылмыстық кодекстің 215-бабында «Жалған кәсіпкерлік, яғни кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз, кредиттерді заңсыз алу немесе салықтан босату немесе тыйым салынған қызметті жасыру немесе өзге де мүліктік пайда алу мақсатында немесе осындай әрекеттердің жасалуына жәрдемдесу мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектісін құру не басқа заңды тұлғалардың олардың шешімдерін айқындау құқығын беретін акцияларын (қатысу үлестерін, пайларын) иемдену, сол сияқты оларға басшылық ету, егер бұл іс-әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірсе»- деп, белгіленген.

Қылмыстың тікелей объектісі кәсіпкерлік немесе басқа да коммерциялық әрекетті реттейтін қоғамдық қатынастар болып табылады. Қылмыстық жауаптылықтың басты шарты-азаматтың, ұйымның, немесе мемлекеттің құқықтары мен мүдделеріне зиян келтіру болып табылады.

Объективтік жағынан осы бапта көрсетілген қылмыс құрамы: кәсіпкерлік немесе банктік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз, несие алу, салық төлеуден босатылу, өзге де мүліктік пайда алу немесе тыйым салынған қызметті жасыру

мақсатымен заңда белгіленген зардапты келтіре отырып коммерциялық ұйым құру арқылы сипатталады.

Осындай әрекеттердің нәтижесінде қоғамға қауіпті зардап-азаматқа, ұйымға қауіпті зардап немесе мемлекетке ірі зиян келтіріледі. Осы уақыттан бастап қылмыс аяқталған деп танылады. Қылмыс *материалдық* құрамға жатады.

Субъективтік жағынан қылмыс кінәлінің қасақана нысаны арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыстық субъектісі-кез келген есі дұрыс, 16-ға толған азамат.

Қылмыс құрамының ауырлататын түріне жатады, егерде жоғарыда көрсетілген әрекеттер:

1) бірнеше рет;

2) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

3) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған дәл сол іс-әрекеттер, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса;

4) басқа жеке (заңды) тұлғаның келісімінсіз оның құжаттарын не жалған құжаттар пайдаланып жасалған дәл сол іс-әрекеттер.

Аса ауырлататын түріне (3-бөлігі) осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған немесе аса ірі залал келтірген іс-әрекеттер жатады.

3. Қылмыстық кодекстің 221-бабында, нарық субъектілерінің монополиялық жоғары (төмен) немесе келісілген бағаларды белгілеуі және (немесе) ұстап тұруы, үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісінен сатып алынған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) қайта сатуға аумақтық белгісі, сатып алушылар тобы, сатып алу шарттары, саны не бағасы бойынша шектеулер белгілеуі, тауар нарықтарын аумақтық белгісі, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) ассортименті, олардың өткізілу немесе сатып алыну көлемі, сатушылар немесе сатып алушылар тобы бойынша бөлуі, сондай-ақ бәсекелестікті шектеуге бағытталған өзге де іс-әрекеттер, егер олар азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірсе не нарық субъектісінің ірі мөлшерде табыс алуымен ұштасса, қылмыстық жауаптылық белгілеген.

Қылмыстың тікелей объектісі-адал бәсекеге негізделіп, нарықта үстемдік жағдайға ие болған шаруашылық субъектілерінің қызметін реттейтін қоғамдық қатынастар.

Қылмыс объективтік жағынан баптың диспозициясында көрсетілген әрекеттерді істеу арқылы көрініс табады.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен істеледі. Қылмыстың субъектісі- кәсіпкерлер немесе коммерциялық ұйым жетекшілері. Бұл қылмыс үшін жауаптылық 16-жастан басталады.

Қылмыстың 2- бөлігінде бірнеше рет жасалған не алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы не адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жасаған дәл сол іс-әрекеттерге жауаптылық көзделген..

221-баптың 3-бөлігінде осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген:

1) қылмыстық топ жасаған;

2) күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп, сол сияқты бөтеннің мүлкін жойып немесе бүлдіріп не оны жою немесе бүлдіру қатерін төндіріп жасалған іс-әрекеттер, қорқытып алу белгілері болмаған кезде жауаптылық көзделген.

233-бап. Акцизделетін тауарларды акциздік маркалармен және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалаудың тәртібі мен қағидаларын бұзу, акциздік маркаларды және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларын қолдан жасау және пайдалану.

Көрінеу акцизделетін тауарларды акциздік маркалармен және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалаудың тәртібі мен қағидаларын бұзу, акциздік маркаларды және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларын қолдан жасау және пайдалану әрекеттері үшін ҚК-тің 233-бабында жауаптылық белгіленген.

Қылмыстың объектісі акциздік алым маркаларын дайындау, пайдалану, өткізу тәртібін реттейтін қоғамдық қатынастар.

Қылмыстың заты-акциздік алым маркалары. Қылмыстың тікелей объектісі-мемлекеттік қаржылық қызметі саласындағы қоғамдық қатынастар.

Қылмыстың объективтік жағы бірнеше әрекеттерді істеумен сипатталады:

1) айтарлықтай залал келтіруге әкеп соққан акцизделетін тауарларды акциздік маркалармен және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалаудың тәртібі мен ережесін бұзу;

2) көрінеу жалған акциздік маркаларды және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларын өткізу мақсатында жасау немесе иемдену, сол сияқты пайдалану немесе өткізу.

Қылмыс субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен және мақсатпен жасалады. Қылмыстың субъектісі 16 жасқа толған, кез келген адам.

10 Тақырып. Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларды коммерциялық және өзге ұйымдардың қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстармен таныстыру, олардың түрлерін мәлімдеу

Жоспар:

1. Өкілеттіктерді теріс пайдалану (250-бап).

2. Жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы (251-бап).

3. Жекеше күзет қызметі қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы (252-бап).

1. Қылмыстық кодекстің 250-бабында: «Коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның өз өкілеттіктерін осы ұйымның заңды мүдделеріне қарсы және өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса», - деп көрсетілген.

Қылмыстың тікелей объектісі- коммерциялық немесе өзге ұйымдардың бірқалыпты дұрыс басқару қызметін реттейтін қоғамдық қатынастар.

Қылмыстың қосымша тікелей объектісі-азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделері болып табылады.

Өкілеттіктерді асыра пайдаланудың объективтік жағының мына төмендегідей бірнеше белгілері болады: басқару қызметін атқаратын адамның өз өкілеттіктерін осы ұйымның заңды мүдделеріне қарсы пайдалануы; іс-әрекет арқылы азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру.

Істелген іс-әрекеттер мен заңда көрсетілген зиянды зардаптың арасында себепті байланыстың болуы.

Елеулі зиян келтіргеннен бастап қылмыс аяқталған деп саналады. Қылмыс құрамы *материалдық*.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен және арнаулы мақсатпен істеледі.

Қылмыстың субъектісі-арнаулы субъект.

Қылмыстық кодекстің баптарында мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы не мемлекеттің үлесі кемінде отыз бес процент болатын ұйым болып табылмайтын ұйымда тұрақты, уақытша, не арнаулы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімшілік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерді атқаратын адам коммерциялық немесе өзге ұйымдарда басқару қызметтерін атқаратын адам деп танылады.

2. 251-бап. Жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы.

Қылмыстың негізгі тікелей объектісі- жекеше нотариустың, жеке сот орындаушысының және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді заңға сыйымды атқаруын реттейтін қоғамдық қатынастар. Қылмыстың қосымша тікелей объектісі болып-азаматтардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғайтын мүдделері болып табылады.

Осы қылмыс құрамының объективтік жағының белгілеріне: жекеше нотариустың, бағалаушының, жеке сот орындаушысының, медиатордың, аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитордың немесе аудиторлық

ұйым басшысының өз өкілеттіктерін өз қызметінің міндеттеріне қайшы және өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында пайдалануы, егер бұл іс-әрекет азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруі.

Істелген іс-әрекеттер мен заңда көрсетілген зиянды зардаптың арасында себепті байланыстың болуы.

Елеулі зиян келтіргеннен бастап қылмыс аяқталған деп саналады. Қылмыс құрамы *материалдық*.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен және арнаулы мақсатпен істеледі.

Қылмыстың субъектісі- арнаулы субъектілер- жеке нотариус, бағалаушы, жеке сот орындаушысы, **медиатор**, аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор немесе аудиторлық ұйым жетекшісі.

Қылмыстық кодекстің 251-бабының 2 бөлігінде осы қылмыстың ауырлататын түрлері көрсетілген. Олар, көпе-көрінеу кәмелетке толмаған немесе әрекет қабілеті жоқ адамға қатысты не бірнеше рет жасалған дәл сол әрекет.

3. Жекеше күзет қызметі басшысының немесе қызметшісінің лицензияға сәйкес өздеріне берілген өкілеттіктерін өз қызметінің міндеттеріне қайшы асыра пайдалануы, егер бұл әрекет күш қолданып немесе оны қолданамын деп қорқытып жасалса Қылмыстық кодекстің 252-бабында көрсетілген қылмыс құрамына жатады.

Қылмыстың тікелей объектісі жекеше күзет қызметшілерінің өз функцияларын заңға сыйымды жүзеге асыруын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар.

Қылмыстың қосымша тікелей объектісі-жекелеген азаматтардың денсаулығы, қауіпсіздігі және олардың жеке басының басқа да мүдделері болып табылады.

Қылмыстың объективтік жағы жекеше күзет қызметі басшысының немесе қызметшісінің лицензияға сәйкес өздеріне берілген өкілеттіктерін өз қызметінің міндеттеріне қарамастан, күш қолданып немесе оны қолданамын деп асыра пайдалануы арқылы сипатталады.

Өкілеттіктерді асыра пайдалану дегеніміз-тұлғаның жасауға тиісті емес және құзыретіне кірмейтін іс-әрекеттерді жасауы. Өз қызметінің міндеттеріне қарамастан асыра пайдалану іс-әрекеті жекеше күзет қызметінің іс-әрекетінің міндеттері және мақсатымен байланысты бекітілген құрылтай құжаттарының бұзылу жағдайына әкеп соғады. Өкілеттікті асыра пайдалану іс-әрекетті күш қолданып немесе оны қолданамын деп қорқытып жасалса, онда қылмыс аяқталған деп саналады.

Күш қолдану дегеніміз-денсаулыққа жеңіл, орта дене жарақатын салу, ұстау, оның еркін жүріп тұруына кедергі келтіру әрекеттері жатады. Күш қолданамын деп қорқытуға өлтіремін, ауыр дене жарақатын түсіремін, не болмаса басқа да қауіпті әрекеттер істеймін деген қорқытулар жатады.

Қылмыстың субъективтік жағы тікелей қасақаналық. Қылмыстың субъектісі-арнаулы. Олар жекеше күзет қызметі басшысы немесе қызметшілері.

Осы баптың екінші бөлігінде қылмыстың ауырлататын түрі- қару немесе арнаулы құралдар қолданып немесе ауыр зардап келтірген әрекет көрсетілген.

Ауыр зардапқа адамның өлуі, ауыр дене жарақатын алуы, көп адамның дене жарақатын алуы жатады. Бұл жерде кінә нысаны орын алған зардап жөнінде абайсыздық болуы мүмкін.

11 Тақырып. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларға қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың түрлерін мәлімдеу

Жоспар:

1. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар ұғымы мен түрлері.

2. Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (255-259, 260, 268-баптар).

3. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (272, 293-баптар).

1.Қылмыстық кодекстің бұл тарауында екі түрлі топқа жататын қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрі көрсетілген. Оның біріншісі қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қоғамдық қауіпсіздік деп-адамдардың қауіпсіз өмір сүруін, бірқалыпты қызметін, радиоактивті материалды залалсыз пайдалану, қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды немесе жарылғыш қондырғыларды тиісінше және қауіпсіз пайдалану сондай-ақ тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын қауіпсіз жүргізуді реттейтін қоғамдық қатынастардың жиынтығы болып табылады.

Бұл қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың топтық объектісі болып табылады. Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың тікелей объектісі қоғамдық қауіпсіздіктің жекелеген салалары болып табылады (адам өмірінің және оның қызметінің қауіпсіздік шарттары; ерекше қауіп туғызатын заттарды пайдалану, өліммен аяқталатын зардап туғызуы мүмкін жұмыстарды жүргізу және т.б.).

Осы топқа жататын кейбір қылмыстардың қосымша тікелей объектісі адамның өмірі, денсаулығы болуы мүмкін.

Объективтік жағынан алғанда қоғамдық қауіпсіздікке жататын қылмыстардың көпшілігі әрекет арқылы (255-бап.) ал қайсібіреулері әрекет немесе әрекетсіздік күйде жүзеге асырылады (277, 281-баптар).

Кейбір қылмыс құрамының нормалары *бланкеттік* диспозицияға негізделген (277, 281, 287-баптар).

Көптелген қылмыстар құрам жағынан *формалдық* (255, 256, 268-баптар т.б.), ал қайсы біреулері *материалдық* құрамға (277, 276-баптар) жатады.

2. Қылмыстық кодекстің 255-бабы бойынша «Терроризм актісі, яғни жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза табуы, елеулі мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де әрекеттер жасау, егер бұл әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету, соғысқа арандату не халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған әрекеттерді дәл сол мақсаттарда жасау қатерін төндіру» -болып табылады.

Қылмыстың тікелей объектісі-қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, реттейтін қоғамдық қатынастар.

Қылмыс объективтік жағынан:

1) адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті басқа зардаптардың болу қаупін төндіретін жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де іс-әрекеттер жасау;

2) аталған іс-әрекеттерді жасаймын деп қорқыту арқылы сипатталады.

Терроризмнің объективтік жағының ерекшелік белгісі осы баптың диспозициясында көрсетілген зардаптардың болу қаупін тудырылуы жеткілікті болып табылады. Яғни жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза табуы, елеулі мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де әрекеттер жасау, егер бұл әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету, соғысқа арандату не халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған әрекеттерді дәл сол мақсаттарда жасау қатерін төндіру. Осыған байланысты қылмыс құрамы *формалдық* болып табылады.

Субъективтік жағынан терроризм тек қана тікелей қасақаналықпен жасалады.

Қылмыстың субъектісі-14-ке толған есі дұрыс кез келген адам.

Қылмыстық кодекстің 255-бабының 2-бөлігінде осы қылмыстың ауырлататын түрлері бірнеше рет; азаматтардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіретін қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды, жарылыс заттарын немесе жарылыс құрылғыларын қолдана отырып жасалса терроризм үшін жауаптылық көзделген.

Қылмыстық кодекстің 255-бабының 3- бөлігінде осы баптың 1 және 2 бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар:

а) жаппай қырып-жою қаруын, радиоактивті материалдарды қолданумен немесе қолдану қатерін төндірумен және жаппай уландыруды, эпидемияны немесе эпизоотияны таратуды, сол сияқты адамдарды жаппай қырып-жоюға әкеп соғуы мүмкін өзге де әрекеттерді жасаумен немесе жасау қатерін төндірумен ұласса;

б) абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса жауаптылық белгіленген.

Қылмыстық кодекстің 255-бабы 4 бөлігі қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету мақсатында адамның өміріне қастандық жасау, сондай-ақ дәл сол мақсатта, оның мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында мемлекет немесе қоғам қайраткерінің өміріне қастандық жасау, не халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға, жайларға, ғимараттарға шабуыл жасаумен, адамды кепілге алумен, жайларды, ғимараттарды, қатынас және байланыс құралдарын басып алумен, әуе немесе су көлігін, жылжымалы темір жол құрамын не өзге де қоғамдық көлікті айдап әкетумен, сол сияқты басып алумен ұштасқан адам өміріне қол сұғу жасағандығы үшін қылмыстық жауаптылық көзделген.

Заңдағы ескертулер бойынша:

1.Терроризм актісін дайындауға қатысқан адам, егер ол мемлекеттік органдарға дер кезінде ескертуімен немесе өзге тәсілмен терроризм актісін болғызбауға септігін тигізсе және егер оның іс-әрекетінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

2. Қылмыстық Кодекстің 3-ші бабының 30 тармағында көрсетілгендей террористік қылмыстар – осы Кодекстің 170, 171, 173, 177, 178, 184, 255, 256, 257, 258, 259, 260, 261, 269 және 270-баптарында көзделген іс-әрекеттер танылады.

261-бап. Адамды кепілге алу. Қылмыстық кодекстің 261-бабы бойынша: «Кепілге алынған адамды босату шарты ретінде мемлекетті, ұйымды немесе азаматты қандай да бір іс-әрекет жасауға немесе қандай да бір іс-әрекет жасаудан тартынуға мәжбүр ету мақсатында адамды кепілге немесе кепілдік ретінде ұстау» болып табылады.

Қылмыстың объектісі-қоғамдық қауіпсіздік.

Қосымша тікелей объектісі-адам денсаулығы мен өмірі.

Объективтік жағынан қылмыс адамды кепілге алу немесе кепілдік ретінде ұстау арқылы сипатталады.

Адамды кепілге алу-*формалдық* құрамға жатады. Қылмыс жәбірленушінің бас бостандығынан айырған уақыттан бастап аяқталған деп саналады.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен жасалады.

Қылмыстың субъективті жағының міндетті болып табылатын белгісі-мақсаты. Ол мемлекетті, ұйымды немесе азаматты қандайда бір іс-әрекет жасаудан тартынуға мәжбүр ету болып табылады.

Қылмыстың субъектісі 14-ке толған, есі дұрыс адам.

Қылмыстық кодекстің 261-бабының 2-бөлігінде осы қылмыстың ауырлататын түрлері көрсетілген:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) бірнеше рет;
- 3) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданып;
- 4) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
- 5) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты;
- 6) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты;
- 7) көрінеу дәрменсіз күйдегі адамға қатысты;
- 8) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- 9) пайдакүнемдік ниетпен немесе жалдау бойынша жасалған дәл сол іс-әрекет.

Қылмыстық кодекстің 261-бабының 3-бөлігінде адамды кепілге алуды қылмыстық топ жасаған не абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққаны үшін жауаптылық белгіленген (жәбірленушінің немесе оның туыстарының ауыр науқасқа душар болуы, ауыр дене жарақатын алуы немесе оларға едәуір мөлшердегі мүліктік залал келтірсе және т.б.).

Заң бойынша, егер кепілге алынған адамды өз еркімен немесе биліктің талап етуі бойынша босатқан адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

268-бап. Бандитизм

Қылмыстың тікелей объектісі-қоғамдық қауіпсіздік. Қосымша тікелей объектісі-адамдардың өмірі, денсаулығы, меншігі, сондай-ақ басқадай мүдделері.

Бандитизмнің объективті жағы тұрақты қарулы топ (банда) құрып, сол сияқты сондай топты (банданы) басқарудан тұрады.

Банданың белгілері: 1) екі не одан көп тұлғалардың болуы; 2) тұрақтылық; 3) қаруланғандық; 4) мақсат-адамдарға және ұйымдарға шабуыл жасау.

Қылмыс құрамы *қыйылған* құрам және банданы құру сәтінен бастап, оның жоспарланған қоғамға қауіпті қол сұғушылықтары жасалғаны немесе жасалмағандығына қарамастан, аяқталған қылмыс болып есептеледі.

Қылмыстың субъективті жағы тікелей ниеттің болуымен сипатталады.

Бандитизмнің субъективті жағынан міндетті белгісі-азаматтарға және ұйымдарға шабуыл мақсаты.

Қылмыстың субъектісі-қарулы топтың (банданың) ұйымдастырушысы немесе басшы болып табылатын 16-жасқа толған тұлға.

Қылмыстық кодекстің 268-бабының 2-бөлігінде тұрақты қарулы топқа (бандаға) немесе ол жасап жүрген шабуылдарға қатысу үшін жауаптылық белгіленген.

Қылмыстық кодекстің 268-бабының 3-бөлігінде осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған іс-әрекеттер үшін жауаптылық көзделген.

3. 272-бап. Жаппай тәртіпсіздік. 272-баптың 1-бөлігі бойынша, күш қолданумен, қиратумен, өртеумен, бұзумен, мүлікті жоюмен, атыс қаруын, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын қолданумен, сондай-ақ

билік өкіліне қарулы қарсылық көрсетумен ұласқан жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру.

Қылмыстың объектісі-қоғамдық қауіпсіздік. Қосымша тікелей объектісі-адамдардың өмірі, денсаулығы, мемлекеттік, қоғамдық, жеке меншік болады.

Қылмыстың объективті жағы күш қолданумен, қиратумен, өртеумен, бұзумен, мүлікті жоюмен, атыс қаруын, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын қолданумен, сондай-ақ билік өкіліне қарулы қарсылық көрсетумен ұласқан жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырумен сипатталады.

Жаппай тәртіпсіздіктер-*формалдық* қылмыс құрамына жатады. Қылмыстық кодекстің 272-бабының диспозициясында көрсетілген әрекеттердің біреуін істеген уақыттан бастап аяқталған деп танылады.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен істеледі.

Қылмыс субъектісі 16-ға толған, жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырған немесе басқарған адам. Қылмыстық кодекстің 272-бабының 2-бөлігінде жаппай тәртіпсіздікке қатысқаны үшін жауаптылық көзделген.

Қылмыстық кодекстің 272-бабының 3-бөлігінде билік өкілдерінің заңды талаптарына белсене бағынбауға және жаппай тәртіпсіздікке шақыру, сондай-ақ азаматтарға зорлық-зомбылық жасауға шақыру үшін жауаптылық белгіленген.

293-бап. Бұзақылық. Қылмыстың тікелей объектісі-қоғамдық тәртіп, ал қосымша объектісі-адамның денсаулығы, ар-намысы немесе меншігі болып табылады.

Қылмыстың объективтік жағы қоғамды қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не барынша арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан аса қатыгездікпен бұзушылықтан тұрады.

Бұзушылық заңда *формалды* құрам ретінде құрастырылған, сондықтан әрекет жасалған сәттен бастап қылмыс аяқталған болып есептеледі.

Қылмыстың субъективтік жағы тікелей ниет түріндегі кінәнің болуымен сипатталады.

Қылмыстың субъектісі-16-жасқа толған есі дұрыс адам. Ал Қылмыстық кодекстің 293-бабының 2 және 3-бөліктерінде қасақана және ерекше қасақана жасалған бұзақылық үшін қылмыстық жауаптылық 14-жастан бастап көзделген.

Қылмыстық кодекстің 293-бабының 2-бөлігінде бұзақылықтың ауырлататын түрі үшін жауаптылық белгіленген. Олар:

а) адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы топ жасаған;

б) билік өкіліне не қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді атқаратын немесе қоғамдық тәртіпті бұзудың жолын кесетін өзге де адамға қарсылық көрсетумен байланысты болса;

в) бірнеше рет жасаса; г) әуе, өзен, теңіз кемесінің бортында, теміржол көлігінде жасалса.

Қылмыстық кодекстің 293-бабының 3-бөлігінде бұзақылықтың аса қауіпті түрі қылмыстық топ жасаған, атыс қаруын, газды қаруды, пышақтарды,

кастеттерді және өзге де суық қаруды не денсаулыққа зиян келтіру үшін арнайы лайықталған басқа да заттарды қолданып немесе қолдануға тырысып жасалған іс-әрекеттер үшін жауаптылық белгіленген.

12 Тақырып. Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларды халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар түрлерімен таныстыру, олардың түрлерін мәлімдеу

Жоспар:

1. Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы және түрлері.

2. Халықтың денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (296-306, 310-баптар).

3. Имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. (307-309, 311-316-баптар).

1. Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес жүргізу үшін Қылмыстық кодекстің 11-тарауында осы тұрғыдағы қоғамға қауіпті іс-әрекеттер үшін арнайы жауаптылық белгіленген.

Тікелей объектісіне байланысты бұл тарауда көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар негізінен екі топқа: 1) халықтың денсаулығына және 2) адамгершілікке қарсы қылмыстар болып бөлінеді.

Халықтың денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (296-306,310-баптар) жатады.

2. 296 бап. Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу

Қылмыстың тікелей объектісі - халықтың денсаулығы болып табылады. Ал қылмыстың заты ретінде кез келген есірткілік заттар не өсімдіктер немесе өсімдіктердің құрамында есірткілік заттары бар бөліктері болуы мүмкін. Есірткі заттар-адамның психикасына әсер ететін, одан әрі организмді бүлдіретін синтетикалық немесе табиғи тектес заттардың жиынтығы.

Жүйкеге әсер ететін (психотроптық) заттар-адамның психикалық функциясына әсер ететін қауіпті заттар.

Қылмыстың 1-ші бөлігі қоғамдық орындарда есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, прекурсорларды медициналық емес тұтыну. Мұның объективтік жағы сипатталады, есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатынсыз қоғамдық орындарда медициналық емес тұтыну.

Қылмыстың 2-ші бөлігі бойынша есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, прекурсорларды өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау үшін жауаптылық көзделген.

Қылмыстың 3-ші бөлігі бойынша ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау үшін жауаптылық көзделген. Ал 4-бөлігі бойынша аса ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау үшін жауаптылық көзделген.

Осы бапқа ескертуге сәйкес: 1. Есірткі және психотроптық заттардың мөлшері «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қоса берілген, Заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды шағын, ірі және өте ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кестеде айқындалады. Есірткі мен психотроптық зат тектестердің шағын, ірі және аса ірі мөлшері өздері тектестері болып табылатын есірткі және психотроптық заттардың шағын, ірі және аса ірі мөлшеріне сәйкес келеді.

2. Жеке тұтыну үшін сатып алған есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, прекурсорларды өз еркімен тапсырған не есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсаттарда тұтынуына байланысты медициналық көмек көрсетілуі үшін медициналық мекемеге өз еркімен барған не есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды ашуға немесе олардың жолын кесуге, оларды жасаған адамдарды әшкерелеуге, қылмыстық жолмен табылған мүлікті табуға белсенді түрде ықпал еткен адам осы бап бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

1 Кесте. Есірткі заттар

Есірткі заттар			
Мөлшері граммен			
Атауы	шағын төменгі... дейін қоса алғанда	Ірі астам...д ейін қоса алғанда	Өте ірі астам
Марихуана			
кептірілген	0,5-50,0	50,0-1000	1000
кептірілмеген	5,0-200,0	200,0-5000	5000
Гашиш	0,5-5,0	5,0-200	200
Каннабис шайыры	0,1-0,5	0,5-40,0	40,0
Каннабис экстрактісі (гашиш майы)	0-0,05	0,05-50,0	50,0

Бейтарап толықтырушыларды (ұн, крахмал басқалары) қоса алғанда апиын	0,1-2,0	2,0-100,0	100,0
Экстракциялық апиын	0-0,1	0,1-3,0	3,0
Ацетилдендірілген апиын	0-0,05	0,05-1,5	1,5
0-6 Моноацетилморфин		0-0,1	0,1
0-3 Моноацетилморфин		0-0,1	0,1
Көкнәрдің сабағы кептірілген	0,5-20,0	20,0-500	500
кептірілмеген	2,5-100,0	100,0-2500	2500
Морфин (негізі мен тұздары)	0-0,01 1 амп. 1% ерітінді.	0,01-1,0 (от 1 до 100 амп. 1% р-а)	1,0 (100 амп. 1% ерітінді)
Героин, ілесіп жүретін заттар мен толықтырушыларды қоса алғанда	0-0,01	0,01-1,0	1,0
Кодеин (негізі мен тұздары) және бір таблеткада кемінде 0,015 г бар оның дәрілік нысандары	0-0,2 1-14 табл. 0,015-тен	0,2-10,0 (14 табл. - 660 табл. 0,015-тен)	10,0 (660 табл. 0,015-тен)
Промедол	0-0,03 (1-3 амп. 1% ерітінді)	0,03-3,0 (3-300 амп. 1% ерітінді)	3,0 (300 амп. 1% ерітінді)
Фентанил, суфентанил		0-0,0002 1-20 амп. 0,005 %-тен ерітінді 2 мл. - ден	0,0002 20 амп. 0,005 %-тен ерітінді 2 мл. - ден
Альфа метил фентанил, ацетил альфа метил фентанил, бета гидроксид-3-метил фентанил,			

парафлуорофентанил, 3-метил-фентанил		0,00001-0,001	0,001
Ацетилдигидрокодеин (ацетилкодеин)	0-0,01	0,01-1,0	1,0
Омнопон (пантопон)	0-0,03 (1-3 амп. 1% еріт.)	0,03-3,0 (3-300 амп. 1% еріт.)	3,0 (300 амп. 1% еріт.)
Кокаин (негізі және тұздары), ілесіп жүретін қоса алғанда	0-0,01	0,01-1,0	1,0
Этилморфина гидрохлорид (дионин)	0-0,02 (1-2 табл. 0,01-ден)	0,02-2,0 (2-1000 табл. 0,01-ден)	2,0 (1000 табл. 0,01-ден)
Пиритрамид (дипидолор)	0-0,1 (1-6 амп. 2 мл. -ден)	0,1-1,5 (6-100 амп. 2 мл. -ден)	1,5 (100 амп. 2 мл. -ден)
Метадон (фенадон) (негізі және тұздары)	0-0,01	0,01-1,0	1,0
Морфилонг	0-0,01	0,01-0,8 (1-80 амп. 0,5% еріт. 2 мл. -ден)	0,8 (80 амп. 0,5% еріт. 2 мл. -ден)

297-бап. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу.

Қылмыстың тікелей объектісі Халықтың денсаулығы болып табылады. Ал қылмыстың заты ретінде кез келген есірткілік заттар не өсімдіктер немесе өсімдіктердің құрамында есірткілік заттары бар бөліктері болуы мүмкін. Есірткі заттар-адамның психикасына әсер ететін, одан әрі организмді бүлдіретін синтетикалық немесе табиғи тектес заттардың жиынтығы.

Жүйкеге әсер ететін (психотроптық) заттар-адамның психикалық функциясына әсер ететін қауіпті заттар.

Қылмыс құрылысы жөнінен *формалдық* құрамға жатады. Сол себепті ол заңда көрсетілген әрекеттердің бірін істеген уақыттан бастап аяқталған болып табылады.

Қылмыстың 1-ші бөлігі бойынша объективтік жағы сипатталады есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, оларды жөнелту не өткізу болып. Қылмыстың 2-ші бөлігі бойынша ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық

заттарға, сол тектестерге қатысты жасалған дәл сол іс-әрекеттер үшін жауаптылық көзделген.

Ал 3-ші бөлігінде осы баптың бірінші бөлігінде көзделген:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) бірнеше рет;

3) аса ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарға, сол тектестерге қатысты;

4) лауазымды адам қызмет бабын пайдалана отырып жасаған іс-әрекеттер үшін жауаптылық белгіленген.

Қылмыстық кодекстің 297-бабының 4-бөлігінде осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер, сол сияқты есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді білім беру ұйымдарында не көрінеу кәмелетке толмаған адамға өткізу қылмыстар үшін жауаптылық көзделген.

Субъективтік жағынан қылмыс тек қана тікелей қасақаналықпен істеледі. Қылмыстың субъектісі 16-жасқа толған, есі дұрыс кез келген адам.

298-бап. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқыру не қорқытып алу

Қылмыстың негізгі тікелей объектісі халықтың денсаулығын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар, қосымша тікелей объектісі-жеке меншігі болады.

Қылмыстың затына есірткі заттар және психотроптық нәрселер ұрлау немесе қорқытып алу арқылы сипатталады.

Қарақшылықтан басқа, тұлғаның есірткіні нақты иелену сәтінен бастап қылмыстың аяқталуы болып есептеледі. Қарақшылық кезінде қылмыстың аяқталу сәті шабуылдың басталуымен байланысты.

Қылмыс субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен және пайдакүнемдік мақсатымен істеледі. Қылмыстың субъектісі 14-ке толған адам. Қылмыстық кодекстің 298-бабының 2-бөлігінде осы қылмыстың ауырлататын түрлері: а) адамдар тобы алдын ала сөз байласып жасаса; б) бірнеше рет; в) адам өзінің қызмет бабын пайдалану арқылы; г) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес күш қолдану не осындай күш қолданумен қорқыту арқылы жасалғаны үшін жауаптылық көзделген.

Қылмыстық кодекстің 298-бабының 3-бөлігінде осы қылмыстың аса ауырлататын түрлері: а) қылмыстық топ жасаған; б)) ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарға, сол тектестерге қатысты; в) өмірге және денсаулыққа қауіпті күш қолдану не осындай күш қолданумен қорқыту арқылы жасалған үшін жауаптылық белгіленген.

Қылмыстық кодекстің 298-бабының 4-бөлігінде осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, аса ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарға, сол тектестерге қатысты жасалған іс-әрекеттер.

299-бап. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуға көндіру. Қылмыстың заты есірткі, психотроптық заттар және сол тектестер. Қылмыстың объективтік жағы негізінен екі түрлі нысан арқылы сипатталады. Оның 1-ші нысаны басқа адамды есірткі, психотроптық заттар және сол тектестерді тұтынуға кеңестер беру, ұсыныс, өтініш жасау, алдау, организмге

осы заттарды еңгізу ерекше сезімге бөлейтіндігі жөнінде пікірлер айту арқылы көндіру болып табылады. 2-ші нысанының мағынасы басқа адамды есірткі немесе психотроптық заттарды тұтынуға күш қолданып немесе күш қолданамын деп қорқыту арқылы көндіруге байланысты болады.

Қылмыс *формалдық* құрамға жатады және ол адамды көрсетілген заттарды тұтынуға көндірген уақыттан бастап аяқталған деп саналады.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен істеледі. Кінәлі өзін басқа адамның есірткілік немесе психотроптық заттарды тұтынуға көндіргенін сезеді және соны тілейді.

Қылмыстың субъектісі 16-ға толған адам. Қылмыстық кодекстің 299-бабының 2-бөлігінде осы қылмыстың ауырлататын түрлері: а) адамдар тобы алдын ала сөз байласып; б) бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекеттер үшін жауаптылық белгіленген.

Ал Қылмыстық кодекстің 299-бабының 3-бөлігінде: осы баптың 1ші немесе 2-ші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар а) көрінеу кәмелетке толмаған адамға не екі немесе одан да көп адамға қатысты жасалса; б) күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп; в) қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер үшін жауаптылық белгіленген.

Қылмыстық кодекстің 299-бабының 4-бөлігінде: Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар абайсызда жәбірленушінің өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққаны үшін жауаптылық көзделген. Ауыр зардаптарға абайсызда жәбірленушінің денсаулығына келтірген залал, есірткіге тәуелді болу, жәбірленушінің өзін-өзі өлтіру, жүйке ауруына ұшырауы, ВИЧ инфекциясын жұқтыру жатады.

3. 308-бап. Жезөкшелікпен айналысуға тарту

Қылмыстың негізгі тікелей объектісі-қоғамдық адамгершілік. Қылмыстың жәбірленушісі болып 18-ге толған кез келген жынысты адамдар болып танылады.

Жезөкшелік – өмір сүру үшін қаражат табу мақсатымен, сондай-ақ жеке басының баю мақсатын көздей отырып, өз денесін сататын (негізінен әйелдерге тән) әлеуметтік құбылыс. Жезөкшелік (маскүнемдік, есірткі құмарлық сияқты басқа әлеуметтік құбылыстар іспетті) тәртіпке сәйкес, басқа қылмыстардың (өлім, тонау, ұрлық, дене жарақаты және т.б.) жасалуына жағдай жасайды.

Қылмыстың объективті жағы жәбірленушіні күш қолдану немесе күш қолданамын деп қорқыту арқылы, тәуелді жағдайын пайдалану, бопсалау, мүлкін бүлдіру немесе жою арқылы не алдау жолымен жезөкшелікпен айналысуға тартудан тұрады.

Қылмыс *формалдық* құрамға жатады және ол жезөкшелікпен айналысуға тарту әрекетін жүзеге асырған уақыттан бастап аяқталған деп танылады.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен істеледі. Қылмыстық ниет және мақсат әртүрлі болуы мүмкін, олардың қылмысты саралауға әсері жоқ.

Қылмыстың субъектісі 16-жасқа толған адам.

Қылмыстық кодекстің 308-бабының 2-бөлігінде осы қылмыстың ауырлататын түрлері: адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен не бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекет.

Ал 3-бөлігінде осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер.

309-бап. Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және жеңгетайлық.

Қылмыстың негізгі тікелей объектісі қоғамдық адамгершілік болып табылады.

Қылмыстың заты жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар. Притондар деп ақы алып жезөкшелікпен айналысатын адамдардың кез келген нысандағы жыныстық қатынасты жүзеге асыратын арнайы жабдықталған тұрғын жайлары немесе жабдықталмаған кез келген тұрғын үйге жатпайтын жайларды (автосалоны, күзет үйлері, кеңсе бөлмелері, казинолар, т.с.с.).

Көрсетілген қылмыстың объективтік жағы жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық сияқты әрекеттерден тұрады.

Қылмыс *формалдық* құрамға жатады. Ол Қылмыстық кодекстің 309-бабының 1-бөлігінің диспозициясында көрсетілген әрекеттердің бірін істеген уақыттан бастап аяқталған деп танылады.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен істеледі. Адам жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастырғанын немесе ұстағанын, соған пайдакүнемдік мақсатпен жеңгетайлық жасағанын сезеді, біледі және сондай әрекеттер істейді тілейді.

Қылмыс субъектісі 16-толған есі дұрыс адам.

Қылмыстық кодекстің 309-бабының 2-бөлігінде осы қылмыстың ауырлататын түрі: 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; 2) бірнеше рет жасалған; 3) кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тартумен ұштасқан дәл сол іс-әрекеттер үшін жауаптылық көзделген.

Ал 3-бөлігінде осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер.

13 Тақырып. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларға медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар ұғымын түсіндіру

Жоспар:

1. Медициналық құқық бұзушылықтар ұғымы.

2. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар (317, 319, 320, 321)

1. Денсаулық сақтауға құқықтық негіздің заңдық негізі Қазақстан Республикасы Конституциясының 29-бабымен және Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 87-бабымен бекітілген Республика азаматтары денсаулықты сақтауға ғана емес, сондай-ақ заңмен белгіленген тегін медициналық көмектің

кепілдік берілген көлемін алуға да құқылы. Оның үстіне мамандардың нақ білікті көмегін алуға құқылы, олар үшін медициналық стандарттарды, медициналық әдеп пен деонтология өсиеттерін сақтау кәсіптік борыш және ар-ұждан ісі болып табылады. Медициналық қызметкердің кәсіптік қызметі – бұл оның құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы. Ең маңызды міндеті – өзінің кәсіптік функцияларын тиісті дәрежеде орындау.

Пациентке медициналық көмек көрсету үдерісінде дәрігер өзіне өз іс-әрекеттерінің салдарлары мен сапасы үшін моральдық, сондай-ақ заңдық жауапкершілік алады. Соңғыларды орындамау немесе жеткілікті дұрыс немесе тиісті дәрежесінде орындамау кәсіптік бұзушылықтарға әкелуі мүмкін. Жол берілген бұзушылықтар үшін медициналық қызметкер тәртіптіктен бастап қылмыстыққа дейінгі заңдық жауапкершіліктің алуан түрлеріне тартылады. Заңдық жауапкершілік – бұл жеке және/немесе мүліктік сипаттағы белгілі бір шектеулерге байланысты міндет. Жауапкершілікке тарту үшін кейбір жағдайларда тек міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамауды анықтау ғана жеткіліксіз болады. Бұдан кейін басталатын салдарлары – олардың сипаты мен ауырлығы да маңызды рөл атқаруы мүмкін.

2015 жылдың бірінші қаңтарынан бастап жаңа заң актілері – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекс (бұдан әрі – ҚР ҚК) мен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (бұдан әрі – ҚР ӘҚБК) күшіне енді, олардың шеңберінде медициналық құқық бұзушылықтар жасағандығы үшін жауапкершілік көзделген. Медициналық құқық бұзушылық – бұл медициналық қызметкердің кәсіптік міндеттерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында пациенттің денсаулығына залал келтіруге әкелетін немесе әкелуі мүмкін мінез-құлық (белсенді немесе енжар).

Медициналық құқық бұзушылықтар жасағандығы үшін дәрігерлер ғана жауапкершілікке тартылмайды. Денсаулық туралы Кодекстің 1-бап, 1-тармағының 67) тармақшасына сәйкес «медицина қызметкерлері - кәсіптік медициналық білімі бар және медициналық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар». Медициналық қызмет - жоғары немесе орта кәсіптік медициналық білім алған жеке тұлғалардың, сондай-ақ заңды тұлғалардың азаматтардың денсаулығын сақтауға бағытталған кәсіптік қызметі. Сондықтан кәсіптік медициналық дайындық деңгейі де, дәрігерлік мамандық та заңдық жауапкершілікке тартуға әсер етпейді.

Осылайша, дәрігерлермен қатар, фельдшерлер, медициналық бикелер, акушерлер де жауапкершілік субъектілері болуы мүмкін. Алайда қылмыстық жауапкершілікке тек нақты тұлғаны тартуға болатын болса, онда әкімшілік жауапкершілік заңды тұлғаға да жүктелуі мүмкін. Медициналық ғылымның айтарлықтай прогресіне қарамастан, барлық жағдайларда пациенттің жазылып кетуі туралы шексіз кепілдік берілуі мүмкін бола қоймайды. Дәрігерлік және өзге де медициналық қызмет әрқашанда белгілі бір тәуекелмен қатарлас болады. Медициналық практика белгілі бір жағдайларда пациенттің – денсаулығына немесе өміріне зиян келтірілумен қатар жүруі мүмкін. Мұндай іс-әрекеттердің себебі медициналық персоналдың заңды, сондай-ақ заңсыз іс-әрекеттері де болуы мүмкін.

Заңсыз іс-әрекеттер жағдайларында кінәлі тұлғаларды әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы мәселе туындайды. Медициналық құқық бұзушылықтың әкімшілік немесе қылмыстық әрекеттер тобына қатыстылығы жасалған іс-әрекеттердің қауіптілік дәрежесімен, салдарларының болуымен немесе жоқтығымен анықталады

2. 317-бап. Медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы

Қылмыстың тікелей объектісі адамның денсаулық құқығын қамтамасыз етуді реттейтін қоғамдық қатынастар.

Қылмыстың жәбірленушісі – сырқатқа ұшыраған ем қабылдаушы.

Қылмыс объективтік жағы медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттеріне ұқыпсыз қарауы немесе адал қарамауы салдарынан оларды орындамауы немесе тиісінше орындамауы, сол сияқты медициналық көмек көрсету тәртібін немесе стандарттарын сақтамауы, егер бұл іс-әрекеттер абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соғуы арқылы жүзеге асырылады. Қылмыс құрамы *материалдық*. Субъективтік жағынан қылмыс абайсыздықпен істеледі. Қылмыстық ниет әртүрлі болуы мүмкін: кек алу, қызғаныш немесе басқадай арам пиғылдар.

Қылмыстың субъектісі арнаулы-медициналық қызметкер немесе фармацевт.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда денсаулыққа ауыр зиян келтіруге әкеп соққан іс-әрекеттер үшін кінәлі адам 317- баптың 2- бөлігі бойынша, абайсызда адам өліміне әкеп соққан іс-әрекеттер үшін 317- баптың 3- бөлігі бойынша, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан іс-әрекеттер 317- баптың 4- бөлігі бойынша, ал медицина жұмыскерінің, сол сияқты халыққа тұрмыстық немесе өзге де қызмет көрсету ұйымы жұмыскерінің кәсіптік міндеттеріне ұқыпсыз қарауы немесе адал қарамауы салдарынан оларды тиісінше орындамауы, егер бұл іс-әрекет басқа адамға АИТВ/ЖИТС жұқтыруға әкеп соққаны үшін кінәлі деп танылады.

319-бап. Заңсыз түсік жасау.

Қылмыстың тікелей объектісі адамның денсаулық құқығын қамтамасыз етуді реттейтін қоғамдық қатынастар.

Қылмыстың жәбірленушісі – сырқатқа ұшыраған ем қабылдаушы.

Қылмыс объективтік жағы тиісті бейіндегі жоғары медициналық білімі жоқ адамның түсік жасауы арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыс құрамы 1,2,3,4-баптар бойынша *формальдық*, 5-бөлігі бойынша *материалдық*. Субъективтік жағынан қылмыс түсік жасауға тікелей қасақаналықпен, ал жәбірленушінің өліміне не оның денсаулығына ауыр зиян тигізуіне байланысты абайсыздық болып саналады.

Қылмыстың субъектісі жоғары медициналық білімі жоқ (1,2-бөлік), жоғары медициналық білімі бар адам (3,4-бөлік), ал 5-бөлігі бойынша кез келген қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға.

320-бап. Науқасқа көмек көрсетпеу. Қылмыстың тікелей объектісі адамның денсаулығы мен өмір сүру құқығын қамтамасыз етуді реттейтін қоғамдық қатынастар.

Қылмыс объективтік жағы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес немесе арнайы қағида бойынша науқасқа көмек көрсетуге міндетті адамның дәлелсіз себептермен оны көрсетпеуі, егер бұл абайсызда науқастың денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соғуы (1-бөлік) және дәл сол іс-әрекет, егер ол абайсызда науқастың өліміне не оның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соғуы болып саналады. Қылмыс құрамы *материалдық*.

Субъективтік жағынан қылмыс арнайы қағида бойынша науқасқа көмек көрсетуге міндетті адамның дәлелсіз себептермен оны көрсетпеуі қасақаналық, тигізілген зияндарға қатысты абайсыздық болып саналады.

Қылмыстың субъектісі Қазақстан Республикасының заңына сәйкес немесе арнайы қағида бойынша науқасқа көмек көрсетуге міндетті құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға.

321-бап. Дәрігерлік құпияны жария ету. Қылмыстың тікелей объектісі дәрігерлік құпияны қамтамасыз етуді реттейтін қоғамдық қатынастар.

Қылмыстың жәбірленушісі – сырқатқа ұшыраған ем қабылдаушы.

Қылмыс объективтік жағы медицина жұмыскерінің кәсіптік немесе қызметтік қажеттіліксіз адамның бойында АИТВ/ЖИТС бар екені туралы мәліметтерді хабарлау арқылы пациенттің сырқаты немесе медициналық куәландыру нәтижелері туралы мәліметтерді жария етуі арқылы жүзеге асырылады. Арнаулы нормативтік – құқықтық актілер дәрігерлік құпияны жария етілмеуін реттейді. Бірақ оны сақтауға міндетті адам ондай құпияларды ешбір негізсіз жария етеді, яғни әрекетсіздікке жол беріледі.

Қылмыс құрамы *формальдық*, ал дәрігерлік құпия жария етілген сәттен бастап аяқталған деп танылады. Субъективтік жағынан қылмыс қасақаналықпен істеледі. Қылмыстық ниет әртүрлі болуы мүмкін: кек алу, қызғаныш немесе басқадай арам пиғылдар.

Қылмыстың субъектісі арнаулы-медициналық қызметкер (дәрігер, фельдшер т.б.)

Осы баптың 1-ші бөлігінде көзделген әрекеттер, егер олар ауыр зардаптарға әкеп соқса (жәбірленушінің қорланып өзін-өзі өлтіруі, ауыр дене жарақатын алуы т.б.) онда кінәлі адам 321- баптың 2- бөлігі бойынша кінәлі деп танылады, бұл қылмыстың құрамы *материалдық*.

Қылмыстың субъектісі арнаулы-медициналық қызметкер (дәрігер, фельдшер т.б.)

14Тақырып. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларға экологиялық қылмыстардың ұғымын түсіндіру, олардың түрлерін мәлімдеу

Жоспар:

1. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

2. Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар

3. Суды және атмосфераны тиімді пайдалануға және қорғауға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (328, 329).

4. Флора мен Фаунаның объектілеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (337, 340).

1. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар дегеніміз қоршаған ортаға, оның ресурстарына, халықтың экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғатын қоғамға қауіпті, қылмыстық заңға қайшы іс-әрекеттер болып табылады.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың заты-нақты табиғат ресурстары: жер, су, ауа, жануарлар дүниесі, орман-тоғай, мал т.б. болады.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісі-қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, тірі организмдерге қолайлы табиғи жағдайларды сақтау және адамдардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар болып табылады.

Қылмыстың тікелей объектісі-экологиялық қатынастарды реттейтін қоғамдық қатынастар.

Тікелей объектісінің ерекшеліктеріне байланысты экологиялық қатынастар мына төмендегі түрлерге бөлінеді:

1) Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстар көрсетілген келесі баптарда: 324, 327, 343.

2) Суды және атмосфераны тиімді пайдалануға және қорғауға қол сұғатын қылмыстарға жатады: 328, 329-баптар.

3) Жерді, құрлықтық шельф, жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелеріне қол сұғатын қылмыстарға: 331, 333-баптар.

4) Жануарлар дүниесін тиімді пайдалану, сақтау және қорғау ережелеріне қарсы қылмыстар көрсетілген: 335, 338-баптарда.

5) Өсімдіктер дүниесін қорғау және тиімді пайдалану ережелеріне қарсы қылмыстарға: 340, 341-баптар жатады.

6) Ерекше табиғи-биологиялық түрдегі дүниелерді қорғау ережелеріне қарсы қылмыстарға: 339, 342-баптар жатады.

2. 324-бап. Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуы.

Қылмыстың тікелей объектісі шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қарым қатынастар болып табылады.

Қылмыстың объективтік жағы табиғи ресурстарды пайдалану, кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді жобалау, орналастыру, салу және жаңғырту, пайдалануға беру және пайдалану, өнеркәсіп, энергетика, көлік пен байланыс объектілерін, ауыл шаруашылық мақсатындағы және мелиорация объектілерін пайдалану, қалалар мен басқа да елді мекендерді салу кезінде, әскери және қорғаныс объектілеріне, әскери және ғарыш қызметіне қойылатын талаптарды сол талаптардың сақталуы үшін

жауапты адамдардың бұзуы, егер бұл қоршаған ортаның едәуір ластануына, адамның денсаулығына зиян келтіруге, жануарлар немесе өсімдіктер дүниесінің жаппай құрып кетуіне және өзге де ауыр зардаптарға әкеп соғуы арқылы сипатталады.

Қылмыстың сараланған түріне осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, қоршаған ортаға аса ірі залал келтіруге не адам өліміне не адамдардың жаппай сырқаттануына әкеп соққан іс-әрекет жатады.

Қылмыс субъективтік жағынан қасақаналықпен немесе абайсыздықпен істеледі.

Қылмыстың субъектісі-арнаулы, 16-жасқа толған, шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың сақталуына жауапты лауазымды немесе лауазымды емес адамдар.

3. 281-бап. Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу.

Қылмыстың объектісі суларды пайдалану және су объектілерін қорғау саласындағы қатынастар.

Қылмыстың заты жер беті немесе жер асты сулары, мұздықтар, ауыз сумен жабдықтау көздері болады.

Осы қылмыстың объективтік жағы: жер беті немесе жер асты суларын, мұздықтарды, ауыз сумен жабдықтау көздерін ластау, бітеу, сарқу не олардың табиғи қасиеттерін өзге де өзгерту, егер осы әрекеттер жануарлар немесе өсімдіктер дүниесіне, балық қорына, орман немесе ауыл шаруашылығына елеулі зиян келтіруге әкеп соғуы. Бұл іс-әрекет пен зардаптың арасындағы себепті байланыстың болуы арқылы сипатталады.

Қылмыс объективтік жағының міндетті белгісі-заңда көрсетілген зардаптардың-жануарлар немесе өсімдіктер дүниесіне балық қорына, орман немесе ауыл шаруашылығына елеулі зиян келтірудің болуы болып табылады. Яғни қылмыс құрамы *материалдық*.

Заңда көрсетілген іс-әрекеттер мен зардаптардың арасында себепті байланыс болуы шарт.

Субъективтік жағынан қылмыс қасақаналықпен де, абайсыздықпен де істеледі.

Қылмыстың субъектісі-жалпы, 16-толған кез келген адам. Қылмыстық кодекстің 328-бабының 2-бөлігінде құрамның ауырлататын түрі- қоршаған ортаға ірі залал келтірген не келтіру қатерін туғызған, сол сияқты ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда не төтенше экологиялық ахуал аумақтарында жасалған дәл сол іс-әрекеттер үшін жауаптылық белгіленген.

Қылмыстық кодекстің 328-бабының 3-бөлігінде осы қылмыстың аса ауырлататын түрі-осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, қоршаған ортаға аса ірі залал келтіруге не адам өліміне не адамдардың жаппай сырқаттануына әкеп соққан іс-әрекеттер.

329-бап Атмосфераны ластау. Қылмыстың тікелей объектісі-атмосфералық ауаны қорғауға байланысты қоғамдық қатынастар.

Қылмыстың заты-табиғи ортаның элементі атмосфералық ауа. Объективтік жағынан қылмыс сипатталады, экологиялық талаптарды бұзу салдарынан атмосфералық ауаны ластау немесе оның табиғи қасиеттерін өзге

де өзгерту, егер бұл іс-әрекет қоршаған ортаға ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе.

Іс-әрекетпен зардаптың арасында себепті байланыс болуы қажет. Қылмыс құрамы *материалдық*.

Қылмыс субъективтік жағынан қасақаналықпен немесе абайсыздықпен істеледі.

Қылмыстың субъектісі-лауазымды немесе жай адам.

Қоршаған ортаға аса ірі залал келтіруге не адам өліміне не адамдардың жаппай сырқаттануына әкеп соққан дәл сол іс-әрекет осы қылмыстың ауырлататын түрі болып табылады.

4. 337-бап. Заңсыз аңшылық.

Қылмыстың объектісі жануарлар дүниесін қорғау және тиімді пайдалану жөніндегі қоғамдық қатынастар.

Қылмыстың заты-табиғи бостандық жағдайында мекендейтін жануарлар дүниесі болып табылады.

Қылмыс объективтік жарылғыш құрылғыларды немесе жануарларды жаппай қырып-жоятын өзге де құралдарды қолданып, сол сияқты авиа-, автомотокөлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы не шағын көлемді кемелерді қолданып заңсыз аң аулау.

Қылмыс *формалдық* құрамға жатады.

Қылмыс субъективтік жағынан алғанда тікелей қасақаналықпен істеледі.

Қылмыс субъектісі 16-ға толған адам. Қылмыстық кодекстің 337-бабының 2-бөлігінде осы қылмыстың қауіптірек түрі бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекет үшін жауаптылық көзделген.

3-бөлігінде осы баптың бірінші немесе екінші бөлімдерінде көзделген, айтарлықтай залал келтірілген іс-әрекеттер үшін жауаптылық көзделген.

Ал 4-бөлігінде осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда немесе төтенше экологиялық ахуал аумақтарында;

2) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған жануарларға қатысты;

3) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;

4) ірі залал келтіре отырып жасалған іс-әрекеттер үшін жауаптылық қарастырылған.

Қылмыстың аса ауыр түріне 5-бөлігінде көрсетілген келесі іс-әрекеттер жатады. Мұнда осы баптың бірінші, екінші, үшінші немесе төртінші бөліктерінде көзделген:

1) қылмыстық топ жасаған;

2) аса ірі залал келтіре отырып жасалған іс-әрекеттер үшін жауаптылық көзделген.

340-бап Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау.

Қылмыстың объектісі-ормандар мен бұталарды қорғау және тиімді пайдалану аясындағы қатынастар.

Қылмыстың заты-барлық топтағы орман ағаштары мен бұталары, орман қорына кірмейтін және кесуге тыйым салынған ағаштар мен бұталар.

Қазақстан Республикасының орман қорын құрамайды:

- а) ауыл шаруашылығына белгіленген жеке ағаштар тобы, ағаш көшеттері;
- б) жол бойындағы, көліктерді, каналдар, темір жолдар, магистральді труба өткізгіштерді қорғау үшін отырғызылған көшеттер;
- в) елді мекендер мен қалаларды көгалдандыратын ағаштар;
- г) үй іргесінде, саяжайлардағы учаскілеріндегі;
- д) арнайы қондырғылар плантациялық көшеттер.

Қазақстан Республикасында орман қорлары екі топқа бөлінеді.

Қылмыстың объективті жағы-барлық топтағы ормандарды ағаштар мен бұталарды, сондай-ақ орман тобына кірмейтін немесе кесуге тыйым салынған ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, сол сияқты өсуін тоқтату дәрежесіне дейін зақымдау, егер бұл әрекеттер елеулі зиян келтірсе деп анықталады.

Ағаштар мен бұталарды кесу немесе зақымдауда қылмыс аяқталған болып, заңсыз түрде ағашты тамырынан толық айыру немесе елеулі зиян келтірілген уақытынан саналады.

Іс-әрекет пен келтірілген осы залалардың арасында себепті байланыс болуы қажет.

Қылмыс субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен істеледі.

Қылмыс субъектісі 16-ға толған адам. Қылмыстық кодекстің 340-бабының 2-бөлігінде орман қорына кіретін ағаштарды және бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдағаны үшін жауаптылық көзделген. 3-бөлігінде осы қылмыстың ауырлататын түрлері: а) бірнеше рет; б) адам өзінің қызмет бабын пайдаланып; в) ірі залал келтіре отырып; г) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер үшін жауаптылық көзделген. Ал осы баптың 4-бөлігінде бірінші немесе екінші бөлімдерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер үшін жауаптылық көзделген.

15 Тақырып. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларға көліктегі қылмыстардың түрлерін түсіндіру, олардың дұрыс саралануының маңыздылығын жеткізу

Жоспар:

1. Көліктегі қылмыстардың ұғымы және түрлері.
2. Көлік қозғалысына байланысты қылмыстар (344, 345, 348-баптар).
3. Өзге қылмыстар (350-бап.)

1. Жол қозғалысы қауіпсіздігі немесе көлік құралдарын пайдалану ережелеріне қарсы қылмысқа қылмыстық заңда көрсетілген қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді кінәлі түрде бұзып, көліктің бірқалыпты қызмет етуін бұзатын,

соның нәтижесінде заңда көзделген зардаптардың орын алуына жол беретін іс-әрекеттер жатады.

Көлік қылмыстарының топтық объектісі болып жол қозғалысы қауіпсіздігін және құралдарын пайдалану ережелерін реттейтін қоғамдық қатынастар болып табылады.

Қылмыстың тікелей объектісі-жол қозғалысы қауіпсіздігі және көлік құралдарын нақты түрін пайдалану ережелері (темір жол, су, әуе немесе автомобиль) ал қосымша тікелей объектісі-кейбір құрамдар үшін адамның өмірі, денсаулығы, сондай-ақ меншігі болуы мүмкін.

Қылмыстың заты-темір жол, су, әуе, автомобиль көліктері және басқа да механикалық көлік құралдары.

Объективтік жағынан алғанда қылмыстардың көпшілігі әрекет немесе әрекетсіздікпен, зардаптан және олардың арасындағы себепті байланыстардан тұрады. Тек қана екі түрлі қылмыс құрамы (346 1-б, 357, 360-бап) құрылысы жөнінен *формалдық* құрамға жатады.

Көлік қылмыстарының нақты құрамдарының диспозициясы *бланкеттік* болып табылады. Әрбір жеке құрам үшін жауаптылық арнаулы заң, басқадай нормативтік-құқықтық актілердің тиісті талаптарына нақты негізделуі тиіс.

2. Қылмыстық кодекстің 344-бабының 1-бөлігінде темір жол, әуе, теңіз немесе су жолы көлігі қозғалысы немесе пайдалану ережелерін орындайтын жұмысына немесе атқаратын қызметіне байланысты осы ережелерді сақтауға міндетті адамның бұларды бұзуы, егер бұл әрекет абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге не ірі залал келтіруге әкеп соққаны үшін жауаптылық белгіленген.

Қылмыстың тікелей объектісі-нақты көлік құралы түрінің жол қауіпсіздігі және пайдалану ережесі. Қосымша тікелей объектісі-заңның диспозициясында көрсетілген зардаптың түріне байланысты-адамның денсаулығы болады.

Қылмыстың заты-көліктің 4 түрі: темір жол, әуе, теңіз және су көліктері.

Өзен көлігіне-шағым өлшемді өзен кемелері, пароходтар, теплоходтар, катерлер, моторлы қайықтар және өзен көлігі құралдарының барлық түрлері жатады.

Бұл қылмыстың объективтік жағы: а) нақты көлік құралы түрінің жол қауіпсіздігі және пайдалану ережесін бұзатын іс-әрекеттер; б) қылмыстың зардабы-адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтірілуі не ірі залал келтіруі; в) іс-әрекет пен орын алған зардаптың арасындағы себепті байланыс арқылы сипатталады.

Қылмыстық кодекстің 344-бабының диспозициясы *бланкеттік*.

Жауаптылық темір жол, әуе немесе су жолы көлігі қозғалысы немесе пайдалану ережелерін бұзуға кінәлі адамның әрекеті немесе әрекетсіздігі заңда көрсетілген зардап абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиянға не ірі залал келтіруге (344-бап 1-бөлік), абайсызда адамның өліміне (344-бап 2- бөлік), абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне (344-бап 3- бөлік) әкеп соққан жағдайда пайда болады.

Қылмыс субъективтік жағынан жол қозғалысы мен қауіпсіздік ережелерін бұзу жөнінде де және одан туындайтын зардап жөнінде де тек абайсыздықпен істеледі.

Қылмыс субъектісі арнаулы: есі дұрыс, қылмыс істеген кезде 16-ға толған, орындайтын жұмысына немесе атқаратын қызметіне байланысты заңда көрсетілген ережелерді сақтауға міндетті адам (диспетчер, көлік капитаны, экипаж командирі, ұшқыш көлік жүргізуші т.с.с.).

345-бап. Көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы. Автомобильді, троллейбусты, трамвайды не басқа да механикалық көлік құралын басқаратын адамның жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соққан бұзуы, кінәліні Қылмыстық кодекстің 345-бабының 1-бөлігі бойынша жауапты болады деп белгіленген.

Қылмыстың тікелей объектісі көлік құралдарының қозғалыс және пайдалану қауіпсіздігі, қосымша объект-жәбірленушінің денсаулығы.

Қылмыстың заты - автомобиль, троллейбус, трамвай және басқада механикалық көлік құралдары (тракторлар, мотоциклдер және өзге де өздігінен жүретін машиналар басқа механикалық көлік құралдары деп түсініледі).

Қылмыс объективтік жағы: а) заңның диспозициясында көрсетілген көлік құралдарының жол қозғалысы және пайдалану ережелерін әрекет немесе әрекетсіздік арқылы бұзуы; б) жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзудан абайсызда адамның денсаулығына орташа ауырлықтағы не ірі залал келтіруге әкеп соғуы; в) іс-әрекет пен зардаптың арасындағы себепті байланыс.

Қылмыстық кодекстің 345-бабының диспозициясы *бланкеттік*.

Қылмыстық кодекстің 345-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық көлік құралдарын жүргізуші адамдардың жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуынан абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруінен (345-бабының 1-бөлігі), адамның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соққан дәл сол іс-әрекет (345-бабының 2- бөлігі), осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда адам өліміне әкеп соққан іс-әрекеттен (345-баптың 3- бөлігі) туындайды.

Көрсетілген қылмыс *материалдық* құрамға жатады. Ол заңда көрсетілген зардап орын алған сәттен бастап аяқталған деп танылады. Іс-әрекет пен орын алған зардаптың арасындағы себепті байланыс анықталуы қажет.

Қылмыс субъективтік жағынан (менмендік, немқұрайдылық) абайсыздықпен істеледі.

Қылмыстың субъектісі жалпы 16-ға толған, көлік құралын жүргізуші адам.

348-бап. Көлік құралдарын сапасыз жөндеу немесе оларды техникалық ақауларымен пайдалануға шығару. Көлік құралдарын, қатынас жолдарын, белгі беру немесе байланыс құралдарын не өзге де көлік жабдығын сапасыз жөндеу, сол сияқты көлік құралдарының техникалық жай-күйіне жауапты адамның көрінеу техникалық ақауы бар көлік құралдарын пайдалануға

шығаруы не көлік құралдарының техникалық жай-күйіне және пайдаланылуына жауапты лауазымды адамның жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белгіленген қағидаларының талаптарын орындамауы, егер бұл іс-әрекеттер абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқса, Қылмыстық кодекстің 348-бабының 1-бөлігі бойынша жауаптылық көзделеді. Қосымша объект жәбірленушілердің (темір жол, әуе, теңіз, су, автокөлік), қатынас жолдарын жатқызған (мысалы электр поезды қозғалысқа келтіретін контактілік проводтар).

Қылмыс объективтік жағынан: а) көлік құралдарын, қатынас жолдарын, белгі беру немесе байланыс құралдарын, не өзге көлік жабдықтарын сапасыз жөндеу, сол сияқты көлік құралдарының техникалық жай-күйіне жауапты адамның көрінеу техникалық ақауы бар көлік құралдарын пайдалануға шығаруы не көлік құралдарының техникалық жай-күйіне және пайдаланылуына жауапты лауазымды адамның жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белгіленген қағидаларының талаптарын орындамауы; б) денсаулыққа орташа зиян келтіру; в) көрсетілген осы әрекет пен орын алған зардаптың арасын байланыстырудың себепті байланысы болуы арқылы сипатталады.

Осы қылмыстың зардабы заңда денсаулыққа орташа (348-баптың 1-бөлігінде), ауыр (348-баптың 2-бөлігінде) зиян, адам өлімі (348-баптың 3-бөлігінде), екі немесе одан да көп адамның өлімі (348-баптың 4- бөлігінде) деп көрсетілген.

Субъективтік жағынан көрсетілген қылмыс құрамы абайсыздықпен істеледі.

Қылмыс субъектісі: есі дұрыс, қылмыс істеген кезде 16-ға толған және орындайтын жұмысына немесе атқаратын қызметіне байланысты заңда көрсетілген ережелерді сақтауға міндетті адам.

3. Көлік құралын, қатынас жолдарын, белгі беру немесе байланыс құралдарын не өзге де көлік жабдығын қасақана қирату, зақымдау немесе өзге де тәсілмен пайдалануға жарамсыз күйге келтіру, сол сияқты көлік коммуникацияларын бұғаттау, егер бұл іс-әрекеттер абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге не ірі залал келтіруге не көлік пен байланыстың қалыпты жұмыс істеуінің бұзылуына әкеп соқса Қылмыстық кодекстің 350-бабының 1-бөлігі бойынша жауаптылық туады.

Осы қылмыстың тікелей немесе қосымша тікелей объектілері механикалық көлік құралдарының нақты түрінің қозғалыс және оларды пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберіндегі қоғамдық қатынастар және адам өмірі мен денсаулығы немесе мүліктің сақталуы.

Қылмыс объективтік жағынан; а) көлік құралдарын, қатынас жолдарын, белгі беру немесе байланыс құралдарын не өзге де көлік жабдығын қасақана қирату; б) зақымдау; в) немесе өзге де тәсілмен пайдалануға жарамсыз күйге келтіру; г) сондай-ақ көлік коммуникацияларын бұғаттау; д) заңда көрсетілген қылмыстық зардаптың келтірілуі; е) аталған іс-әрекеттер мен зардаптың арасындағы себепті байланыстың болуы арқылы сипатталады.

Заңда көрсетілген зардап адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіру не ірі көлемдегі залал келтіру не көлік пен байланыстың қалыпты жұмысы бұзылуына әкеп соқса қылмыс құрамы бар деп саналады.

Заңда көрсетілген зардаптардың кез келгені кінәлінің істеген іс-әрекетімен себепті байланысты болуы арқылы орын алған уақыттан бастап қылмыс аяқталған деп танылады.

Қылмыс субъективтік жағынан кінәнің абайсыздық түрі арқылы істеледі.

Қылмыстың объектісі 14-ке толған, кез келген адам.

Қылмыстық кодекстің 350-бабының 2 және 3-бөліктерінде осы қылмыстың ауырлататын (абайсызда кісі өліміне), өте ауырлататын (абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне) әкеп соққан әрекеттері үшін жауаптылық көрсетілген.

16 Тақырып. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларға мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстардың түсінігін беру, осы қылмыстардың қауіптілігін мәлімдеу

Жоспар:

1. Мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстардың ұғымы, түрлері және қылмыстың құқықтық сипаттамасы.

2. Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (361-бап).

3. Билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (362-бап).

4. Парақорлық (366, 367-баптар).

1. Мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстардың топтық объектісі-мемлекеттік аппараттың дұрыс, бір қалыпты қызметі. Қосымша тікелей объектісіне-азаматтардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері, қоғамның, мемлекеттік заңды мүдделері жатады. Кейбір қылмыс құрамдарының міндетті белгісі қылмыс заты болады: материалдық сыйақы (366, 367, 368-баптар) ресми құжат (369-бап).

Объективтік жағынан-мемлекет мүддесіне қарсы қылмыстар *материалдық* құрам (361, 362, 363, 365, 370, 371-баптар) және *формалдық* құрам (364, 366-369-баптар) болып бөлінеді.

Субъективтік жағынан бұл қылмыстар негізінен қасақана кінә нысанымен жасалады, тек қана салақтық (371-бап) абайсыздық түріндегі кінә нысаны арқылы жүзеге асырылады.

Осы тараудағы қылмыстардың субъектісі-мемлекеттік қызметші немесе мемлекеттік аппараттың лауазымды адамдары болады. Тек қана Қылмыстық кодекстің 367, 368,-баптарының субъектісі жай адам болады.

2. 361-бап. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану.

Қылмыстың объектісі-мемлекеттік аппараттың қалыпты, заңды қызметіне қол сұғу.

Қызметтік өкілетті теріс пайдалану объективті жақтарының міндетті белгілері мыналар болып табылады: мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның қызметтік өкілеттігін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне кереғар пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соғуы болып табылады.

Лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттері мен пайда болған зардаптарының арасында келтірілген себептік байланыс болуы керек. Субъективті жағынан қылмыс қасақана нысанымен сипатталады.

Егер осы қылмысты адам пайдакүнемдікпен немесе өзге де жеке бас мүддесі үшін жасаған болса ғана жауапкершілік туындауы мүмкін. Осы қылмыстық ниеті қылмыстық құрамдардың міндетті элементтері болып табылады. Пайдакүнемдікпен жасалған қылмыстар ниеттің, мақсаттың болуы, лауазымды тұлғаның заңсыз сыйақы, мүлік, ақша, көлденең табыс, я болмаса материалды түрдегі басқа да жеке басының пайдасына шешілетін қажетті жағдайлар жасалуымен сипатталады.

Өзге де жеке басының мүддесі үшін жасалған әрекеттер деп мүліктік емес, яғни карьеризм, қызғанушылық, протекционизм, жағымпаздық, т.б. осы сияқты белгілермен ұштасқан әрекеттерді айтамыз.

Заңға сәйкес аталған қылмыс құрамының субъектісі болып, біріншіден, өкілет өкілі қызметін жүзеге асырушы лауазымды тұлғалар; екіншіден, мемлекеттің міндетін тікелей орындау үшін қажетті қызметтерді атқаратын адамдар танылады.

Осы баптың 2-бөлігі, лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет, ал 3-бөлігінде, жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам жасаған нақ сол әрекет үшін қатаң жауаптылық көзделген.

Аталған баптың 4-бөлігі осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, ауыр зардаптарға әкеп соққан не қылмыстық топтың мүддесіне орай жасалған іс-әрекеттер үшін жауаптылықты көздейді.

Заңда берілген түсіндірмелерге байланысты.

Лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілі функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметші, мәслихат депутаты.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам;

Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген азамат; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбекақысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің қаражатынан төленетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйымда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингте, ұлттық холдингте, ұлттық компанияда, ұлттық даму институтында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымға тиесілі заңды тұлғада басқару функцияларын орындайтын адам; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар – осы Кодекстің 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 215 (екінші бөлігінің 3) тармағында), 216 (екінші бөлігінің 4) тармағында), 217 (үшінші бөлігінің 3) тармағында), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 249 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 307 (үшінші бөлігінің 3) тармағында), 361, 362 (төртінші бөлігінің 3) тармағында), 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 (екінші бөлігінің 2) тармағында) және 452-баптарында көзделген іс-әрекеттер жатады.

3. 308-бап. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану.

Қылмыстың объектісі-мемлекеттік аппараттың қалыпты қызметі болып табылады.

Объективті жағынан алғанда бұл қылмыс міндетті түрде келесі белгілермен сипатталады: билікті не лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның өзінің құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығатын және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан әрекеттер жасауы; осы бапта келтірілген заң бұзушылық түрінде қоғамға қауіпті зардаптардың болуы; тұлғаның өкілеттік шегінен асуы мен жасалған зардаптар арасында себептік байланыстың болуы.

Заңда көрсетілген зардаптар басталған сәттен бастап қылмыс, атап айтқанда азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзу аяқталған болып есептеледі.

Билікті және қызметтік өкілеттікті асыра пайдаланудың объективтік жағынан қажетті белгісі-лауазымды адамның құқықтары мен өкілеттігі шегінен көрінеу асып кетуі мен одан тікелей туындаған заңда көрсетілген зардаптың біреуінің орын алуының арасындағы себептік байланыстың болуы болып табылады.

Қылмыс субъективтік жағынан тек қана қасақаналықпен жасалады.

Қылмыстың субъектісі болып өкімет өкілі немесе басқадай лауазымды тұлғалар танылады. Осы баптың 2-бөлігінде лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет үшін жауаптылық көрсетілген, ал 3-бөлігінде жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам жасаған нақ сол әрекет үшін жауаптылық көзделген. 4-бөлігінде осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөлімдерінде көзделген әрекеттер не ауыр зардаптарға әкеп соқтырған әрекеттер:

- а) күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп;
- б) қаруды немесе арнайы құралдарды қолдану арқылы;
- в) өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалғаны үшін жауаптылық көзделген.

4. 366-бап. Пара алу.

Пара алудың объектісі мемлекеттік ақпараттың дұрыс қызметі, беделі болып табылады.

Қылмыстың қажетті белгілерінің бірі параның заты болып табылады. Пара **заты** болып табылатын: ақша, бағалы қағаз, материалдық игіліктер, өтеусіз төлемдер, төленетін қызметті тегін көрсету, қымбат заттар мен техника, антикварлық, жеке коллекциялық заттар, және де мүлікке құқық беретін жеңілдіктер (құрылыс жүргізу, қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары, жол жүру билеті, жеңілдік арқылы қарыз алу және т.б.).

Қылмыстың объективтік жағы болып-мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы болып табылады.

Пара алу-*формалдық* қылмыс құрамына жатады. Ол мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның келісілген параның бір бөлігін алған уақыттан бастап аяқталған деп танылады.

Пара алудың субъектісі мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам.

Қылмыстық кодекстің 366-бабының 2-ші бөлігі бойынша, айтарлықтай мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекет, сол сияқты заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін пара алу.

Қылмыстық кодекстің 366-бабының 3-бөлігі, осы баптың бірінші немесе екінші бөлімдерінде көзделген, іс-әрекеттер, егер олар:

- 1) қорқытып алу жолымен;
- 2) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 3) ірі мөлшерде;
- 4) бірнеше рет жасалса.

Баптың 4-бөлігі пара алудың ерекше дәрежеленген белгілерін көздеген. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды қылмыстық топ жасаса, сол сияқты аса ірі мөлшерде жасалса жауаптылық көзделген.

Заңда көрсетілген ескертуге байланысты.

Егер сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспаса, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамның бірінші рет сыйлық түрінде мүлікті, мүлікке құқықты немесе өзге де мүліктік пайданы алуы бұрын жасалған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде маңызы аз болуына байланысты қылмыс болып табылмайды және тәртіптік немесе әкімшілік тәртіппен қудаланады.

367-бап. Пара беру. 367-баптың 1-бөлігі бойынша пара беру дегеніміз мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру .

Объективтік жағынан пара беру: 1) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына пара затын немесе мүлік сипатындағы өзге де пайда беру; 2) пара затын адам тікелей өзі немесе делдал арқылы береді; 3) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына өз қызметін пара берушінің мүддесіне белгілі бір әрекетті істеуге немесе істемеуге пайдалануы арқылы сипатталады.

Аталған қылмыс құрамы-*формалдық*. Пара беру, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамның параны толық немесе жарым-жартылай алғанына қарамастан немесе сол пара берушіге қажетті жағдайларды толық түрде орындауына байланысты болмаса да, яғни сол параны берген сәттен қылмыс аяқталған болып саналады.

Параны беруде қылмыстың субъективтік жағы болып тікелей қасақаналық табылады. Субъект пара алушының тапсырмасымен әрекет ете отырып, тікелей пара беруді ұйымдастырып мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол

сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына пара бергендігі туралы білуі немесе тілеуі қажет.

Пара берудің субъектісі болып 16-жасқа толған қандай да болмасын есі дұрыс адам болып танылады.

Пара берудің ауырлататын түріне- жоғарыда көрсетілген тұлғаларға айтарлықтай мөлшерде пара бергені үшін жауаптылық ҚК-тің 367-бабының 2-бөлігінде көрсетілген. 3-бөлігінде осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) ірі мөлшерде;
- 3) бірнеше рет жасалса жауаптылық көзделген.

4-бөлігінде осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар аса ірі мөлшерде жасалса немесе оларды қылмыстық топ жасаса көзделген.

Заңдағы ескертулерге сәйкес.

1. Осы Кодекстің 366-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамға бұрын жасаған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін сомасы немесе құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сыйлықты бірінші рет беру, егер осы адам жасаған әрекеттер (әрекетсіздік) алдын ала уағдаластықпен байланысты болмаса, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды.

2. Пара берген адам, егер оған қатысты осы Кодекстің 366-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адам тарапынан параны қорқытып алу орын алған болса немесе егер осы адам пара бергені туралы құқық қорғау органына немесе арнаулы мемлекеттік органға өз еркімен хабарласа, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

17 Тақырып. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларға басқару тәртібіне қарсы қылмыстардың түсінігін мәлімдеу, оларды дұрыс саралаудың маңыздылығын ашу

Жоспар:

1. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстардың ұғымы, түрлері.
2. Мемлекеттік органдарды басқару әрекетіне байланысты өкімет өкілдері мен басқа адамдарға қарсы қылмыстар.

1. Басқару тәртібіне қарсы қылмыс деп мемлекеттік кәсіпорынының, мекеменің, ұйымның басқару саласында бір қалыпты, дұрыс қызметін бұзатын қылмыстық заңда көрсетілген қоғамға қауіпті әрекетті немесе әрекетсіздікті істеуді айтамыз.

Осы қылмыстардың топтық объектісі басқару тәртібі болып табылады, тікелей объектісі-басқару саласындағы қоғамдық қатынастардың нақты түрде болады. Қосымша тікелей объектіге-адамдардың өмірі, денсаулығы, ар-намысы, адамгершілігі, қауіпсіздігі жатуы мүмкін.

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстардың құрамы *формалдық немесе материалдық құрамға жатуы мүмкін*.

Субъективтік жағынан қылмыстар қасақаналықпен істеледі.

Қылмыстың субъектісі 16-толған кез келген есі дұрыс адам.

Тікелей объектілеріне байланысты басқару тәртібіне қарсы қылмыстар мына төмендігідей түрлерге бөлінеді:

1) мемлекеттік органдарды басқару әрекетіне байланысты өкімет өкілдерімен басқа адамдарға қарсы қылмыстар; 373-382-баптар.

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының мызғымастығына қол сұғатын қылмыстар: 392, 396-баптар.

3) Ресми құжаттар мен мемлекеттік наградалардың айналым тәртібіне қарсы қылмыстар: 383, 384, 385-баптар.

4) Әскери қызметке шақырылу тәртібіне қарсы қылмыстар: 387, 388-баптар.

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне қарсы қылмыстар: 372, 391-баптар.

6) Басқару тәртібін қамтамасыз ететін жекелеген ережелерге қол сұғатын қылмыстар: 389, 390, 397, 398, 400, 401, 402, 403, 404, 405, 406-баптар.

2. 373-бап Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентін – Елбасын көпшілік алдында қорлау және оның абыройы мен қадір-қасиетіне өзге де қол сұғу, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының бейнесін бүлдіру, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының заңды қызметіне кедергі жасау.

Қылмыстың тікелей объектісі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің басқару қызметіне байланысты ар-ұжданы мен қадір-қасиеті мен қорғау жөніндегі қатынастар. Қылмыстың жәбірленушісі- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, оның жақын туыстары.

Қылмыстың объективтік жағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентін – Елбасын көпшілік алдында қорлау және оның абыройы мен қадір-қасиетіне өзге де қол сұғу, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының бейнесін бүлдіру, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының заңды қызметіне кедергі жасау арқылы сипатталады.

Республика Тұңғыш Президентін жария түрде қорлау деп басқа біреудің немесе көпшіліктің көзінше ел Президентін әдепсіз сөзбен шектен шыққан арсыздығымен көзге түсетін дене қимылдарын жасау арқылы қоғамдық мінез-құқықтарға қайшы келетін басқа да әрекеттер жасау арқылы, ауызша немесе жазбаша түрде тіл тигізулер болып табылады.

Президенттің ар-ұжданы мен қадір-қасиетіне қол сұғу деп ол туралы шындыққа сай келмейтін жалған сөздер тарату, плакаттар жасап, адамгершілігін, қадір-қасиетін көрінеу аяққа басатын, оны жұртшылық алдында масқаралайтын, беделін түсіретін жалған лақаптар айту, тарату сияқты әрекеттерді айтамыз.

Қылмыс құрылысы жөнінен *формалдық* құрамға жатады және ол Президентті жария түрде қорлау немесе оның ар-ұжданы қадір-қасиетіне қол сұғатын әрекет жасаған уақытан бастап аяқталған деп танылады.

Қылмыс субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен және әр түрлі ниетпен жасалады.

Қылмыстың субъектісі 16-толған есі дұрыс адам.

Қылмыстың 2-бөлігінде ауырлататын түрі көрсетілген. Ол: бұқаралық ақпарат құралдарын немесе ақпараттық-коммуникациялық желілерді пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекеттер.

Бұқаралық ақпарат құралдарына-газет, журнал, радио, телехабар және басқа да көпшілікке арналған осындай құралдар жатады.

Қылмыстық кодекстің 373-бабының 3- бөлігінде Қазақстан Республикасы Президентінің өз міндеттерін атқаруына кедергі жасау мақсатында оған немесе оның жақын туыстарына қандай да болсын нысанда ықпал ету болып саналады.

Қазақстан Республикасы Президентінің жүргізіп отырған саясаты туралы сын тұрғысында айтылған жария сөздер осы бап бойынша қылмыстық жауапқа тартуға әкеп соқпайды.

375-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау. Қылмыс құрамы бойынша 373-баптың қылмыс құрамына сәйкес келеді.

376-бап. Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау. Қылмыстың тікелей объектісі Қазақстан Республикасының Парламентінің депутатының **абыройы мен қадір-қасиеті** және оның қалыпты қызметі. Қылмыстың жәбірленушісі Республика Парламентінің депутаты.

Қылмыстың объективтік жағы: Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатын оның депутаттық міндеттерін атқару кезінде немесе оны атқаруға байланысты жария қорлау (1-бөлік); бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануымен жасалған нақ сол әрекет (2-бөлік); Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының өз міндеттерін атқаруына кедергі жасау мақсатында оған немесе оның жақын туыстарына қандай да болсын нысанда ықпал ету.

Қылмыс құрамы-*формалдық*, яғни, қылмыс аяқталған болып жария қорлау сәтінен бастап есептеледі.

Қылмыстың субъективтік жағы-тікелей қасақана ниетпен жасалынады.

Қылмыс субъектісі болып-есі дұрыс, жасы 16 толған адам.

Парламент депутатының депутаттық қызметі туралы сын тұрғысында айтылған жария сөздер осы бап бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды.

18 Тақырып. Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларды сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстардың түрлерімен таныстыру, олардың қолдану тәртібін мәлімдеу

Жоспар:

1. Сот төрелігіне және орындалу тәртібіне қарсы қылмыстардың ұғымы және түрлері.

2. Әділ соттылықты жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдарының жасайтын қылмыстары.

3. Заң бойынша әділ соттылықты жүзеге асыруға дәлелдеп беруге шақырылған адамдардың жасайтын қылмыстары.

1. Қылмыстық құқық теориясы бойынша-сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстар деп осы міндеттерді жүзеге асыратын органдармен лауазымды адамдардың, жекелеген азаматтардың бір қалыпты заңды қызметіне қол сұғатын қасақана іс-әрекеттерді айтамыз.

Қылмыстық топтың объектісі-сот төрелігін және жазалардың орындалуын қамтамасыз ететін органдардың дұрыс қызметі болып табылады.

Объективтік жағынан бұл тұрғыдағы қылмыстар әрекет немесе әрекетсіздігі арқылы жүзеге асырылады.

Субъективтік жағынан алғанда бұл қылмыстар тек тікелей қасақаналықпен істеледі.

Қылмыстың субъектісі жай немесе лауазымды адамдар болады.

Қылмыстың субъектісіне қарай талданып отырған қылмыстар мына төменде көрсетілген 4 топқа бөлуге болады.

1) Әділ соттылықты жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдарының жасайтын қылмыстары: 412-416, 418-баптар.

2) Заң бойынша әділ соттылықты жүзеге асыруға жәрдем беруге шақырылған адамдардың жасайтын қылмыстары: 419-421, 423, 424, 425-баптар.

3) Сотталғандар мен басқадай қылмыстық-құқықтық күштеу шараларын өтейтіндердің жасайтын қылмыстары: 426-429-баптар.

4) Сот әділдігіне қарсы басқадай адамдардың жасайтын қылмыстары: 407-411, 417, 422, 430, 432, 433, 434, 435, 436-баптар.

2. 412-бап. Көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту.

Қылмыстың тікелей объектісі прокуратура, сот, тергеу, анықтама және басқа да осыларға теңестірілген органдардың дұрыс қызметі. Қосымша тікелей объекті жәбірленушінің заңды мүдделері (жеке бостандығы, ар-намысы, адамгершілігі, қызметтік немесе мүліктік мүдделері).

Қылмыстық объективтік жағынан алғанда көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту әрекетін жүзеге асыру арқылы сипатталады.

Қылмыстық жауаптылыққа кінәсіз тарту деп кінәсіз адамды айыпкер ретінде қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы қаулы шығаруды айтымыз.

Сонымен заңда көрсетілген қылмысты істемеген кінәсіз адамды негізсіз жауапқа тарту осы қылмыстың объективті жағының *формалдық* құрамға жатады және ол кінәсіз адамды қылмыстық жауапқа тарту туралы қаулы шығарған уақыттан бастап аяқталған деп танылады. Қылмыс субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен істелінеді.

Қылмыстың субъектісі арнаулы-судья, прокурор, тергеуші және анықтама органдарының қызметкерлері.

Адамды немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптау мен ұштасқан дәл сол әрекеттер осы қылмыстың ауырлататын түрі болып табылады (2-бөлігі).

414-бап. Көрінеу заңсыз ұстап алу, күзетпен қамауға алу немесе күзетпен ұстау.

Қылмыстық кодекстің 414-бабында екі бірдей қылмыс әрекеті бойынша: көрінеу заңсыз ұстау және көрінеу заңсыз қамауға алу немесе қамауда ұстау үшін жауаптылық белгіленген.

Қылмыстың тікелей объектісі-прокуратура, алдын-ала тергеу орындарының қалыпты қызметі, қосымша тікелей объект-азаматтардың құқығы, жеке бостандығы.

Қылмыстың объективті жағы көрінеу заңсыз ұстау, қамауға алу немесе қамауда ұстау әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыс *формалдық* құрамға жатады. Қылмыс заңсыз ұстау, қамауға алу немесе қамауда ұстау әрекеттері орын алған сәттен бастап аяқталған деп саналады.

Қылмыстың 1-бөлігі көрінеу заңсыз ұстап алуға байланысты, 2- бөлігі көрінеу заңсыз күзетпен қамауға алу немесе күзетпен ұстау іс әрекеті үшін жауаптылық көзделген. Ал 3-бөлігінде көрінеу заңсыз ұстау, күзетпен қамауға алу немесе күзетпен ұстау ауыр зардаптарға әкеліп соққаны үшін жауаптылық белгіленген (ауыр науқасқа душар болуы, өлуі, немесе өзін-өзі өлтіруі). 4-бөлікте күдіктіні ұстап алу фактісі және оның тұрған жері туралы оның туыстарына қасақана хабарламау, адамның күзетпен ұсталу орны туралы ақпаратты осындай ақпарат алуға құқығы бар азаматқа беруден заңсыз бас тарту, сол сияқты ұстап алу хаттамасының жасалу уақытын немесе нақты ұстап алынған уақытын бұрмалағаны үшін жауаптылық белгіленген.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен істеледі.

Қылмыстың субъектісі адамды ұстауға, қамауға алуға, тұтқында ұстауға құзыреті бар адамдар олар прокурор, тергеуші, анықтама жүргізуші адам, сондай-ақ босатуға жататын адамды одан әрі қамаудан босатпаған қамау орынның бастығы.

3. 419-бап. Көрінеу жалған сөз жеткізу.

Қылмыс объектісі әділ соттылық жүйелері, олардың жекелеген органдарының дұрыс қызметі, ал қосымша тікелей объектісі жәбірленушінің мүдделері (ар-намысы, жеке бостандығы т.с.с.) болады.

Қылмыс объективтік жағынан алғанда қылмыстық теріс қылық, қылмыс жасағаны туралы көрінеу жалған сөз жеткізу арқылы сипатталады.

Қылмыстық теріс қылық, қылмыс жасағаны туралы жалған сөз жеткізуге құқық қорғау органдарына (полиция, прокуратура, сот, алдын-ала анықтама

жүргізуші органдар) істелгелі жатқан немесе істелген қылмыс және оны істеген адам жөнінде жалған хабарлаулар жатады. Мұндай жалған хабарлама тиісті құқық қорғау органына жеткізілу үшін басқа мемлекеттік органдарға (аудандық, облыстық, әкімшілікке) берілуі де мүмкін. Жалған сөз ауызша, жазбаша, телефон немесе бөгде адамдар арқылы, сондай-ақ аты-жөнін айтпау жолымен жүзеге асырылады.

Қылмыстық теріс қылық жасалғаны (419-баптың 1-бөлігі) және қылмыс (419-баптың 2-бөлігі) туралы көрінеу жалған сөз жеткізу жоғарыда көрсетілген органдарында немесе лауазымды адамдарға хабар берген сәттен бастап аяқталған деп табылады.

Қылмыс субъективтік жағынан алғанда тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылады.

Қылмыстың субъектісі 16-толған есі дұрыс адам.

Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, адамды сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұласқан не пайдакүнемдік ниетпен жасалған іс-әрекет үшін қылмыстық жауаптылық Қылмыстық кодекстің 419-баптың 3-бөлігінде көзделген. Осы баптың екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топтың мүдделеріне орай жасалған іс-әрекеттер жасалса-онда бұл көрсетілген қылмыстың аса ауырлататын түріне жатады. (419-баптың 4-бөлігі)

420-бап. Сарапшының, маманның көрінеу жалған айғақтары, қорытындылары немесе қате аударма

Құрылысы жөнінен бұл қылмыс *формалдық* құрамға жатады. Объективтік жағынан мынадай әрекеттерді істеу арқылы көрініс табады:

1) Сотта не сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында куәнің, жәбірленушінің көрінеу жалған айғақтары, сол сияқты сондай жағдайларда, сондай-ақ атқарушылық құжаттарды орындау кезінде аудармашы жасаған көрінеу қате аударма;

2) Сарапшының, маманның көрінеу жалған қорытынды беруі;

3) Дәл сондай жағдайларда аудармашы жасаған көрінеу қате аударма. Қылмыстың көрсетілген әрекеттердің істелген уақытынан бастап іске әсер еткеннен және әсер етпегеніне қарамастан аяқталған деп танылады.

Субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен жасалады. Қылмыстық ниет айыпкердің жағдайын жақсарту немесе қиындату, одан кек алады деп қорқу, пайдакүнемділік, қызғаныш т.с.с. болуы мүмкін.

Қылмыстық субъектісі арнаулы-жасы 16 толған есі дұрыс куәгер, жәбірленуші, сарапшы немесе аудармашы.

Осы баптың 2-ші бөлігі бойынша адамды сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен, айыптаудың айғағын жасанды түрде жасаумен ұштасқан, сол сияқты пайдакүнемдік мақсатта жасалған дәл сол әрекеттер -қылмыстың ауырлататын түріне жатады.

19 Тақырып. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мақсаты: білім алушыларға әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлерін түсіндіру, олардың түрлерін мәлімдеу.

Жоспар:

1. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және жалпы сипаттамасы.

2. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері.

Қылмыстық кодекстің 3-бабының 6-тармағында әскери қылмыстың заңдылық ұғымы берілген. Онда: әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар – осы Кодекстің 18-тарауында көзделген, әскери қызмет атқарудың белгіленген тәртібіне қарсы бағытталған, шақыру бойынша не келісімшарт бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер, сондай-ақ запастағы азаматтар жиындардан өтуі кезінде жасаған іс-әрекеттер, деп көрсетілген.

Осыған орай әскери қызмет атқарудың белгіленген тәртібі қоғамдық қатынастар осы қылмыстың топтық объектісі болып табылады

Әскери қызметшілердің әскери қызмет атқарудың белгіленген тәртібімен байланысы жоқ басқадай қоғамға қауіпті және құқыққа қайшы әс-әрекеттері әскери қылмыс болып табылмайды, олардың мұндай іс-әрекеттері жалпы қылмыстық құқықтық норма бойынша сараланады

Әскери қылмыстың екінші бір өзіндік белгісі-қылмыстың арнаулы субъектісі болып табылады. Олар әскерге шақыру бойынша не келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында әскери қызмет атқарушы әскери қызметшілер, сондай-ақ жиындардан өтуі кезінде әскери қызмет атқарушы запастағы азаматтар

Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне Қорғаныс министрлігі және оған бағынышты құрылық әскерлері; ракеталық әскерлер, соғыс теңіз флоты, соғыс-әуе күштері, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамалары, шекаралық әскерлер, қауіпсіздік қызметі әскерлері, үкіметтік байланыс әскерлері, азаматтық қорғаныс әскерлері, ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері, т.б. жатады.

2. Әскери қылмыстар тікелей объектілерінің ерекшеліктеріне байланысты мына төмендегідей бірнеше түрге бөлінеді:

Бағыныштылық тәртібіне және әскери қызметшілердің жарғылық ережелеріне сай қарым-қатынасына қол сұғатын қылмыстар: бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау (437-бап), бастыққа қарсылық көрсету немесе оны қызметтік міндеттерін бұзуға мәжбүр ету (438-бап), бастыққа қатысты күш қолдану іс-әрекеттері (439-бап), әскери қызметшілер арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым-қатынасының жарғылық қағидаларын бұзу (440-бап).

Әскери қызметті өтеу тәртібіне қарсы бағытталған қылмыстар: бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету (441-бап), қашқындық (442-бап), әскери қызметті атқарудан жалтару немесе бас тарту (443-бап).

Жауынгерлік кезекшілікпен және басқа да арнаулы қызмет тәртібіне қарсы қылмыстар: жауынгерлік кезекшілікті атқару қағидаларын бұзу (444-бап), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету жөніндегі қағидаларды бұзу (445-бап), қарауыл (вахта) қызметін атқарудың жарғылық қағидаларын бұзу (446-бап), Ішкі қызмет атқарудың немесе гарнизонда патруль болудың жарғылық қағидаларын бұзу (447-бап), қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет атқару қағидаларын бұзу (449-бап).

Қару-жарақ, сондай-ақ заттар мен нәрселер, әскери мүліктерді, техниканы пайдалану мен оны сақтаудың ережелеріне қарсы қылмыстар: әскери мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру (459-бап), әскери мүлікті абайсызда жою немесе бүлдіру (460-бап), әскери мүлікті жоғалту (461-бап), қару-жарақпен, сондай-ақ айналадағыларға қауіп төндіретін заттармен және нәрселермен жұмыс істеу қағидаларын бұзу (462-бап), машиналарды жүргізу немесе пайдалану қағидаларын бұзу (463-бап), ұшу немесе оған дайындалу қағидаларын бұзу (464-бап), корабль жүргізу қағидаларын бұзу (465-бап).

Белгіленген тәртіп пен әскери құпияны сақтауға қарсы қылмыстар: Әскери сипаттағы құпия мәліметтерді жария ету немесе әскери сипаттағы құпия мәліметтер жеткізгіштерді жоғалту (458-бап).

Әскери лауазымды қылмыстар: билікті теріс пайдалану, билікті теріс пайдалану (450-бап), қызметке салғырт қарау (453-бап).

Шайқас даласында және соғыс жүріп жатқан ауданда әскери қызметті атқару тәртібіне қарсы қылмыстар: батып бара жатқан әскери корабльді тастап кету (454-бап), соғыс жүргізу құралдарын қарсыласқа беру немесе қалдырып кету (455- бап), тұтқынға өз еркімен берілу (456-бап), морадерлік (457-бап).

Әскери қылмыстар объективтік жағынан алғанда әрекет немесе әрекетсіздік арқылы жүзеге асырылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж. /adilet.zan.kz/kaz/
- 2 Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ/<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
- 3 А.Н. Ағыбаев, Е. Алауханов “Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім” Алматы “Жеті жарғы”, 2004
- 4 Ағыбаев, А. Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме: жалпы және ерекше бөлімдер / А. Н. Ағыбаев. - Алматы : Жеті жарғы, 2010. - 807 б.
- 5 «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV Кодексі (2015.06.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
- 6 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексі (2016.06.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/ https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34838929
- 7 .Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-I Қазақстан Республикасының Заңы (2015.10.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
- 8 Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік 2001 жылғы 21 маусымдағы № 2 қаулысы (2008.22.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
- 9.Есірткі, психотроптық, және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1998 жылғы 14 мамырдағы № 3 нормативтік қаулысы (2011.21.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/ adilet.zan.kz/kaz/docs/
- 10 «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі № 279-1 Заңы (Жаңа редакцияда Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 227-V ҚРЗ)/ http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000279_
- 11 «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212-III Кодексі (2015.22.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
- 12 Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы
- 13 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысы/ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001196#z504>
- 14 Паракорлық үшін жауапкершілік жөніндегі заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1995 жылғы 22 желтоқсандағы № 9 Қаулысы (2008.22.12. берілген өзгерістер мен

толықтырулармен)/ http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=50004112#pos=4;-405

15 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасының 1998 ж. 2 шілдедегі № 267-1 Заңы (2014.29.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)/ online.zakon.kz/Document/

16 Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 1998 жылғы 14 мамыр N 1(Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 3 нормативтік қаулысымен өзгерістер енгізілді)/adilet.zan.kz/kaz/docs/

17 Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2000 ж. 25 желтоқсандағы № 132-II Конституциялық Заңы (2015.04.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)/online.zakon.kz/Document/

18 «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңы (2015.03.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

19 Закон РК от 19.01.1993 г. С изм.от 19.05.1995 г., 14.11.1995 г. “О всеобщей воинской обязанности и военной службе”/ online.zakon.kz/